

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

10/2012 ҚАЗАН

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында	
Токболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ.	Түркі руна жазба поэзиясы мен философиясы.....3
Көкейкесті көзқарас	
Зәрия ӘБІЛМАШҚЫЗЫ.	Нәтижеге бағытталған білім берудің негізі - жаңаша оқыту.....14
Сандуғаш ОМАРОВА.	Сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік оқытудың тиімділігі.....18
Гүлнар ТАЙШЫБАЕВА.	Тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту.....22
Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Айгүл ӘБДИЕВА.	Төл сөз бен автор сөзі.....28
Дамира БАЛТАБЕКҚЫЗЫ.	ҰБТ-ға арналған тапсырма түрлері.....33
Жанар ШІЛДЕБАЕВА.	Көнерген сөздер.....40

Дариха ХАЛБАЕВА.	Сын есімнің емлесі.....	44
Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс		
Алмагүл ТАКИШЕВА.	«Оян, қазақ!» жинағын оқытудың сұрау-тапсырмалары.....	49
Гүлмира РЫСКЕЛДИЕВА.	Модульдік оқыту технологиясының оқыта үйрету ойындары.....	58
Шолпан МОЛДАНҚЫЗЫ.	Оқушы білімін нығайту: тест (5-сынып)....	64
Айнагүл ШАТАЕВА.	Құдық қазу - Еңсептің ата кәсібі.....	71
Назым МАҚСАТҚЫЗЫ.	Дулат Бабатайұлының «Еспембет» поэмасы.....	75
Қарлығаш НҰРИАХМЕТОВА.	Мұқағали шығармашылығына арналған қорытынды сабақ.....	78
Оқулыққа қосымша		
Мендібай ӘБІЛҰЛЫ.	Ежелгі ғұн дәуіріндегі Алып Бамсы (Алпамыс).....	84
Жанар АБИТЖАНОВА.	Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі көріктеу құралдарының тілдік ерекшеліктері.....	91
Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ.	Сабыр Шариповтың «Ләйлә» повесі.....	97
Жазылар естеліктер...		
Жанар ӨМІРЖАНОВА.	Дарабоздан тараған дара тұлға.....	102
Сыныптан тыс тәлім		
Бижамал АЙТБАЕВА.	XXI ғасыр көшбасшысы.....	108
Анаргүл КӨКЕШЕВА.	«Әдебиет әлемінде» - зияткерлік ойыны.....	113
Шамшагүл ҚАЙЫҢБАЕВА.	«Жыр - менің жалғыз тарланым...».....	116
Жас маманға жәрдем		
Алуа ТІЛЕУБЕРГЕНОВА.	«Ереуіл атқа ер салмай».....	119
Рауан ӘСЕМОВА.	Сараптамалық технология сабағы.....	122
Ақтөлқын БАҚТЫҒАЛИҚЫЗЫ.	Абай өмірі мен шығармашылығы.....	127
Бәтима ЕСМАҒАНБЕТОВА.	«Ата үміті» шығармасы: «Ата мен немере».....	130
Әсем ҚҰЛЫБЕКОВА.	Тіл ұстарту (Қожаберген жырау. «Баба тілі»).....	132
Құралай КӨШЕКОВА.	«Бақытты сәт» ойыны.....	136
Райхан ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ.	Есімдіктен өткенді қайталау.....	139

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

ТҮРКІ РУНА ЖАЗБА ПОЭЗИЯСЫ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ

Барша халықтың игілігіне жараған кез келген өміршең зат және дәстүр, жаңалық ұзақ ізденіс, айтарлықтай толғаныстан туатыны белгілі. Ал тасқа түсірілу ерекшелігі, жасалу құрылысының күрделілігімен, ұсынар ой, түйінін, шешімін таптырмай жұмбақтап тереңіне жасырған философиялық маңыздылығымен әлемді таңдандырып, мәңгілік рухани мұраға айналған көне түркі руна жазба шығармалары мен таңба-бейнелерінің туып қалыптасуы, олардың өз дәуірінен озып, болашақтарға жол тартуы біздің ежелгі бабаларымыздың аса ірі даналығы мен мұқалмас рухынан жасалғандығын байқатады. Содан болар, бүкіл дүниенің белгілі ғалымдары көне түркі руна жазба мұраларының мәнін, маңызын толық аша алмай, біраз ізденіп, шаршаған сыңайлы.

Ескі дәуір шығармаларына талдау жасауда, ең бірінші, сол заманғы халықтардың жалпы тірлігін, болмысын танытатын олардың табынған нанымының сыр-сипатын білу ерекше тиімді, өйткені кез келген наным, дін сол аймақта өмір сүрген ел-жұрттың ежелгі дәстүр-салты, әдеті, табиғатқа көзқарасы, мифтік шығармалары, көне мәдениеті, тарихи ерекшелігі, өмір сүру ережелері, тағы басқа сондай қажетті жетістіктері негізінде толықтырылып жасалынады. Сөз еткелі отырған ел-жұрттың көне дәуірдегі нанымының бүкіл болмысын, қағидаларын білмейінше белгілі бір өңірді

жайлаған ру, тайпалардың тарихын, әдебиетін, мәдениетін және дәстүрінің өзіндік ерекшелігін білу мүмкін емес.

Көне түркі руна жазба шығармаларына зерттеу жасауда түркілердің Тәңірге табыну нанымының маңызы зор. Түркілер қабылдаған ең көне нанымның негізі Таяу Шығыс халықтарының бірсыпырасына тараған зороастризм дінінде жатқаны жөнінде кезінде терең талдау жасалынып, кітап етіп шығарылды. Түркі тектес халықтар арасында және Шығыстану ғылымында Тәңірлік дін “Тәңірлік наным” (Тенгризм) деген терминмен еніп қалыптасқандықтан, бізде солай алып отырмыз. Негізінде, көне түркілер жалғыз жаратушыны Тәңір деп атап, соған табынған.

Тәңірге табыну нанымы көрші, кәсіптес елдердің дәстүрлеріндегі жақсылықты уағыздайтын ереже, талаптарды игере отырып, ұзақ уақыт жинақталып, келе-келе жаңашылдық болып танылып, бекем қалыптасып, кейін дәстүрге айналған табиғатқа, сол жаратылысты жасаушы жалғыз Тәңірге табынған наным болып қалыптасты. Енді сол мойындалған қағидаларға түркілік дәстүр, рух, намыс, сана, жоғары адамгершілік, түркілік мінез, түркі даналығын қоса сіңіріп жіберді. Түркілер мойындаған ең ескі дінді көне түркілердің Тәңірлік философиясы деуге негіз бар.

Түркі дүниетанымының осындай кеңдігі мен жоғарылығы бабаларымыз жасаған руна жазба шығармаларының құндылығы мен өміршеңдігін арттырып, тозбастай етті. Соған сәйкес көне түркі руна жазба шығармалары мен таңба-бейнелерінің негізгі өзегін, өзіндік күрделі ерекшеліктерін жете танып игермей, бұл рухани мұраларға талдау жасап, бағасын шынайылықпен беру мүмкін емес. Бұған нақты дәлел келтіріп, көз жеткізу үшін, әуелі, көне түркілер биік қабырға тастарға ойып жазумен бірге, сол тастарға қашап түсірген көптеген таңба, суреттердің бірнешеуіне назар аударайық. 1-суретте жақпар тасқа ойып түсірілген таңба-

бейне кескіні салынған. Ал осы тік сызықпен жалғасып, екі доғадан құралған таңбада көне түркілердің терең философиясы, мәңгілік даналығы жатыр. Бұл таңбаның жоғары жағы – төбесі ашық доға. Мұнда көк (аспан) бейнеленген, төменгі төңкерілген доғада төсі түкті Жер-ана бедерленген. Ортадағы тік сызық – жер мен көктің ортасын. Адам ұлы жалғап тұр деген ұғым.

Осы дәу тасқа қарапайымдылықпен қашап түсірілген таңбада көне түркілер табынған наным, діннің ең негізгі түйіні мен бас елтаңбасы тұжырымдалған. Сол жай ғана таңба-бейнеге сыйғызылған көне түркі философиясының жұмбақ құпиясын түркі қолбасшысы Күлтегінге арналған үлкен жазудың бірінші шумағында:

: 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 (1)
 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤
 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤
 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤 : 𐰇𐰪𐰏𐰤

деп жазылған [Атлась древностей монголии. Санктпетербургъ, Типографія императорской академіи наукъ, 1892-1899, 19-б]. Осы келтірілген руна жазба бөліктің (цикл) негізгі мәтінінің қазақша аудармасы мынау:

*Жоғарыда көк Тәңірі,
 Төменде боз жер аралығында
 Екеуінің арасында адам ұлы жаралған.
 Адам ұлының үстіне ата-тегім
 Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
 Таққа отырып түрік халқының елін, жұртын
 Біріктірген, иелік жасаған.*

Осылай Тәңірге табыну нанымындағы маңызды бір қағиданы түркі қағандарының бірі – Иоллығ-тегін дәуір талабына орай тарихи деректермен ұштастырып дәу тасқа ойып жазды. Талдаңқырап айтсақ, осы үш сызықтан

құралған таңба-бейне үш қатпарлы дүниені танытады. Олар: Көк-аспан, қасиетті Жер-ана, екеуін жалғаған Адам ұлы. Бұл үшеуі өзара байланыста. Соның ішінде Адам ұлы екеуіне де тәуелді. Суретте Адам ұлының басы көкпен жалғасқан, аяғы жұмыр жермен ұштасқан. Шынында да, онсыз тіршілік жоқ. Адам табиғаттан тыс тұра алмайды, ол – жаратылыстың бір бөлшегі.

Бұл үш қатпарлы дүниенің, ондағы табиғат бөлшектері мен тірі заттың жаратылыс заңдылығына орай өз жолы болғанымен (мәселен, адам өмір сүру барысында өз жолын таңдап әрекет етеді), бәрі жалғыз жаратушыға тәуелді. Міне, үш сызықтан жасалған таңба-бейненің шешуінің түйіні – осы. Табиғат заңдылығынан туындатып, шынайылықпен күрделі философиялық тұжырымды білдірген мына қарапайым үш сызықтан тұратын таңба-бейне көне түркілердің бас таңбасы болып табылады.

Бұл мәселе жөнінде қырғыз ғалымы Ч.Өмүралыуулуның «Қаншалық қарапайым және даналық! Төбесі ашық көк тұр. Төсі түкті жер тұр. Ортасын адам жалғаған. Осы басты үштікті жоғалтпай қарастырғанда ғана байырғыдан қазіргіге, бай Алтайдан жан-жаққа таралған барлық сырлы белгілер, жұмбақ суреттер бір күйге келеді. Қаратеңіздегі скифтердің, сарматтардың қару-жарағына, қымбат бұйымдарына қашалған – осы белгі. Көшпенділер Румды алғанда да жеңген ерлер жеңілген жұрттың аса сүйікті бұйымдарына, мөр, тиындарына шейін салынған осы белгілер» деп жазғаны біздің пікір, байламымызды нақтылай түседі [Теңирчилик. Бішкек, «Крон», 1994, 25-б.].

Бабалар жасаған көне түркі руна жазба шығармалары да, көне түркі философиясы да, көне түркі таңба-бейнелері де Тәңірлік наным қағидаларынан туындаған бір идеяны, бір ұғымды білдіреді. Соған орай жалғыз Тәңірге табыну нанымының бір нүктеге айналып жымдасқан шынайы

сипатын білмей, сол ерекшелігін игермей көне түркі руна жазба шығармаларына зерттеу, талдау жасауға ұмтылу — бекершілік. Ондайда ғұмыры келте жазба жасалынады.

Осы көтеріп отырған мәселенің өзектілігін, деректілігін білдірер болсақ, көне түркілердің бас таңба-бейнесі, әсіресе, Енисей өзенінің жоғары жағындағы Тува алқабынан (2-сурет), Хакасия өңірінен (3-сурет), Қаратеңіз жағалауынан (4-сурет) және Лена жазығы, Байқал мен Қалмаққырған өңірінен, Моңғолия жерінен кездеседі. Бұл таңба-бейнелердің бірнешеуі И.И.Мещаниновтың (Загадочные знаки Причерноморья. М., 1993), Э.И.Соломониктің (Сарматские знаки Причерноморья. Киев, 1959), Ч.Өмүралыуулының (Теңирчилик. Бішкек, 1994) зерттеу еңбектерінен көшірме жасау арқылы алынды.

Көне түркілер жақпар тастарға қашап салған таңба-бейнелердің ішінде басы сәуле шашқан күнге айналған адам бейнелері, рәміздік суреттер молынан ұшырасады (5-сурет Енисейден табылған таңба, 6-сурет Моңғолиядан табылған таңба, 7-сурет Жетісу аймағынан табылған таңба). Сол белгілердегі көрініс жайлы Еуропаның шығыстанушы ғалымдарының арасында «Күнбасты құдай» («Солнцеголовое божество») деген термин қалыптасып кеткен. Олар бұл таңба-бейненің философиялық мәнін, білдірмек ойдың мағынасын түсінбей, суретке қарап отырып тура мағынасында айта салған бос болжам.

Оған дәлел келтірейік. Осы таңба-бейненің Тәңірге табыну дін қағидасы бойынша философиялық тұжырымы мынадай: суреттегі сәуле шашқан күнбас — адамның көкке жалғасқан басы, ол жаймашуақ жарық нұрға айналады да, оның аяғы жер асты түпсіз қараңғыға кіріп жоғалатынын танытады. Айқынырақ білдірсек, көкке жалғасқан адам басының күнге айналуы — аспандағы жалғыз жаратушының жіберген нұры. Ең ақырында адамды Жер-ана өзінің қараңғы


қойынына мәңгілікке алатыны – өзгермейтін ақиқат.

Осы таңба-бейне – үш қатпарлы дүниенің рәміздік көрінісі. Көне түркілердің табиғат заңдылығына сүйене отырып философиялық даналықпен мәлімдеп білдірген Тәңірге табыну дінінің қағидасының тұжырымы осылай танылады. Бұл түркі көне діні ережесі өзек болып тартылған таңба-бейненің зор маңызын шетел шығыстанушыларының кейбірі терең түсінбей, әйтеуір, жөн-жосықсыз сызасалған деп жеңіл топшылап, «анимизм», «тотемизм» деген кемсіту атау тағып, осылай жаңылыс сөйлеп, кекесінді ниет білдірген. Көне түркілер көкке, күнге табынуды ең көне заманда алғашқылардың бірі болып қабылдады деуге негіз бар. Адам – табиғаттың перзенті. Сондықтан оған табыну – аса маңызды қажеттілік. Табиғат заңдылығына бағынбай, содан нәр алып қоректенбей кез келген жанды зат тіршілік ете алмайды. Оның үстіне көшпенділер өз тұрмыс жағдайына орай жаратылыс құпиясына үңіліп, солардың сырын мүмкіндігінше ұғып, өздерінің өмір сүру әрекетін соған қарай бейімдеген.

Жалғыз жаратушы Тәңір жасаған көктегі күнге тағзым ету қазақ халқының дәстүріне бағзы заманнан енген. Олар көктегі күнді Тәңір жіберген нұр, шапағат деп ұққан. Мысалы, халқымыздың тұрмысына біздің дәуірімізге дейінгі заманда еніп, қазірге дейін пайдаланылатын киіз үй құрылысын бабаларымыз көктегі күн болмысына сүйеніп отырып жасағаны айқын аңғарылады. Күннің көзі – киіз үй шаңырағы, күннен шашыраған нұрлы сәуле – үй ауықтары, күннен көтерілген мол қызу – үй ортасындағы шошақта лаулаған от арқылы бейнеленеді. Қазақ халқының қазіргі мемлекеттік туы мен елтаңбасын жасауда көктегі күнмен қоса көне түркілердің Тәңірге табыну дәстүріндегі ерекше сыйынып тағзым ететін, тіршілікте ерекше қасиет тұтатын жануарлар бейнесі пайдаланылған. Атап айтқанда,

қазақтың ұлттық туының түсі Тәңір мекендеген көк аспанға ұқсайды. Халқымыздың ұлттық туы мен елтаңбасының қақ ортасына сәуле шашқан күн бейнесі орнатылған. Сондай-ақ мемлекеттік тудағы нұрлы күннің төменгі жағында көктегі Тәңір мен төсі түкті жерді қанатымен жалғастырған қыран құс суреті көрінеді. Ұлттық таңбаның екі шетінде түркілердің Тәңірге табыну қағидаларындағы көктегі бейбітшілік құдайы мініп, әлем тыныштығын бақылаған құс қанатты пырақ бейнесі салынған.

Қазақ халқының осы ұлттық туы мен елтаңбасы мәңгі жасайтыны сөзсіз. Өйткені еліміздің негізгі дәстүрі, салты, нанымы, сенімі тұтастай көне түркілердің Тәңірге табыну дәстүрі мен дінінде жатыр. Мына мемлекеттік ту мен елтаңба сол ұлттық дәстүр, нанымға сүйеніп жасалынған, бұл – қуанышты іс. Ал, реніштісі – ежелгі заманғы бабаларымыз Тәңірлік дәуірде жасап қалыптастырған ұлттық дәстүр мен салтымызды қазірге дейін танып, игермегендіктен бүгінгі ұрпақ бұрын боданында болған елдердің және қазіргі үстемдігін



1-сурет. Басы көк-те, аяғы жерде (Тастағы таңба).

2-сурет. Тувадағы таңбалар.

3-сурет. Хакасия-дағы таңбалар.


4-сурет. Қара-теңіздік сарматтар таңбасы.



5-сурет. Басы нұрға айналған, аяғы тұңғиыққа байланған.

6-сурет. Моңғолиядан табылған таңба.

7-сурет. Таңбалысай, Жетісу аймағы.



Басы көкте, аяғы жерде (Тастағы таңба).


Ленадан табылған таңба.

Басы көкте, аяғы тұңғиықта (Қырғыз оюы).

Түркі мифологиясындағы көк өгіз. Қазақстан.



8-сурет, а



8-сурет, в

8-сурет. Ұйық-Тұран жазба ескерткіші.

жүргізіп отырған империялардың әдет-ғұрпына еліктеу өмір сүруде. Ұлттық наным, дәстүр мен салтты білмеу мәңгүрттікке апарып соқтыратыны есте болғаны дұрыс.

Бұл орайда кейбіреулер көтерілген мәселенің зәрулігіне мән бермей, әдейі «Көне түркілер табынған Тәңірлік дінді уағыздап отыр» деп ұйғарып, өзінше «қырағылық» танытуы мүмкін. Бұл мақсатта біз түркі жұрты, соның ішінде қазақ халқының көне мәдениеті ежелден қалыптасқанын дәлелдеп көрсетуді көздедік. Екіншіден, қазақ халқының ұлттық нанымы, дәстүрі, салты Тәңірлік дәуірде бекем қалыптасқанын, қилы-қилы заман әсерінен сол рухани байлығымызды жоғалтып алғанымызды еске салу. Үшіншіден, көне түркі руна жазба шығармаларын зерттеп, қорытынды тұжырымдарды шынайылықпен жазу үшін сол рухани мұралар жасалған дәуірдің ең бірінші наным-сенімін, қабылдаған дінін білу керек, мәдениет діннен шығатынын есте ұстау қажет, көне дініміздің болуы – көне мәдениетіміздің болғанының айғағы.

Көне мәдениет – жаңа жетістікке көтерілудің баспалдағы. Әлемдегі, соның ішінде Шығыстағы өзімізге жақын, іргелі мемлекеттер солай жасап, алға нық басуда. Мысалы, будда дініне табынатын қытай халқы өздерінің ежелгі мәдениеті, нанымы, философиясы болып табылатын Конфуцызм даналығы мен Даозим философиясын ең қымбат рухани мұрасы санайды. Бұған Л.С.Васильевтің «Уже в IV в. Китайские буддисты, например, Сунь Чо, пытались доказать, что Будда – это воплощение Дао» деп жазғаны негіз [История религий востока. М., «Высшая школа», 1983, 299-б]. Сондай-ақ З.Наурызбаеваның «Ислам представляет возобновление изначальной традиции в новых условиях, а тенгрианство – ветвь этой изначальной традиций» деген пікірі де көңілдегі ойға үйлеседі [Изначальный ислам-тенгрианство // Таңшолпан, №4, 2003, 182-б.]. Әйтсе де, біржақты айтылған.

Қазір бізге ең қымбаттысы бабаларымыз ғасырлар бойы жасап, тозбастай етіп қалыптастырған ұлттық дәстүр, салт, сана, әдет-ғұрыпты, өзге де жетістіктерді жоғалтпай игеру болып табылады. Ал көне мәдениетті менсінбеу таяздықты білдіреді.

Көне түркілердің руна жазба шығармалары қашап түсірілген дәу тастардың көбіне осы бас таңба мен өзге де белгі, суреттер молынан салынған. Сол таңба-бейне әлгі тасқа жазылған шығармамен үндесіп, Тәңірге табыну нанымын білдіреді. Мысалға, Енисей бойынан табылған Ұйық-Тұран мәдени ескерткіш тастың алдыңғы жағы(а) бетіне көне түркі руна әліпбиімен бірнеше қатар жазу сығылыстырыла түсіріліпті. Тастың сол бетінің төменгі жағындағы арнайы қалдырылған орынға көне түркілердің бас таңбасы («Үш қатпарлы дүние» деген ұғымды білдіретін) салынған (8-сурет,а). Осы таңба-бейне тасқа жазылған үш шумақ жыр мазмұнымен бір үндестік тапқан. Бұл айтқанымызға көз жеткізу үшін Ұйық-Тұран мәдени ескерткішінің алдыңғы (а) бетіндегі 2-ретпен орналастырылған жазуды оқиық, оның негізгі мәтіні мынау:

Мұны қазақшаға аударғанда:

Алтынданған кемерімді беліме байладым,

Тәңірі, елімнің рахатын көрмедім.

Бәрінен ауыры өзім, міне, жерге ендім.

Осы жазба жолдарында сол ескерткіш арналған дүниеден өткен адамды көктегі Тәңір жарылқағаны, содан ел басқарып, шат-шадыман өмір сүргені, тіршілікті қимайтыны, ақыры

жер қойынына кіргені мәлімденген. Ұйық-Тұран мәдени ескерткішінің артқы жағы (в) бетіне де көне түркі руна жазуы бірнеше қатарға толық жазылған. Сол жазбаның жоғары жағына жыртқыш хайуанның бейнесі тасқа қашап салынған (8-сурет, в). Осы жазба тас жайлы қысқа мәлімет жазған Батыс Еуропа ғалымдарының бірі сол жыртқыш бейнесін қабанға ұқсататынын білдіреді. Оның бұлайша ой білдіруі көне түркілердің Тәңірге табыну дінінің қағидаларының кейбірін есте сақтамағанын байқатады.

Жоғарыда қысқаша түсіндіргеніміздей, Тәңірге табыну ділінің негізгі жұлыны – материализм мен идеализмді үйлестіруге әрекет ететін философиялық ағым. Тоқ етерін айтқанда, бір-біріне бағынбайтын екі тең заттың, нәрсенің бітіспейтін шайқасы, ақырында, әйтеуір, әділдік жеңеді. Осы жәйтті көне түркі шығармаларында және белгі, суреттерде, көбіне, жауыз, жыртқыш дала тағылары мен жуас, пайдалы аңдардың арпалысқан әрекеті арқылы бейнелеп көрсетеді. Қабан жыртқыш аң тобына жатады. Бұл тағы етін арам санау түркілерге ислам діні арқылы енді. Біз Тәңірлік дәуір мұраларын сөз етудеміз.

Мысалға, көне түркілердің «Оғызнама» дастанында Оғыз жігіт болғанда әуелі ел-жұрттың жылқысын жеп, адамды жаралап, халықты қатты қайғыға ұшыратқан мүйізтұмсықты өлтіріп көзін жояды. Мына Ұйық-Тұран жазба ескерткішінің (в) жоғары жағына қашап салынған хайуанаттың суреті мүйізтұмсық тәрізді жыртқыш аңның рәміздік бейнесі екені анық.

(Жалғасы бар).



Зәрия ӘБІЛМАШҚЫЗЫ,
Шоқан Уәлиханов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы,
Ақшатау ауылы.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ – ЖАҢАША ОҚЫТУ

Әрбір жеке тұлғаның болашағы мектебінде шындалады. Ертең осы елге ие болып, тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» деп ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Мектептегі білім – барша әлем тыныс-тіршілігінің алғашқы іргетасы. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» десек, біздің бүгінгі тербеткен бесігіміз – мектеп! Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі. Мектептің басты тұлғасы – мұғалім. Әсіресе, бүгінгі таңда егемен еліміздің ертеңін ойлар білімді де саналы, Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін ұлтжанды, парасатты азаматтар тәрбиелеуде мұғалім еңбегі екі еселене түскендігін де көзіміз көріп жүр. Сондықтан 37 жылдық еңбек жолымдағы өз тәжірибеме сүйене отырып бүгінгі жас мұғалімдерге «Ұстаздық қылған жалықпас Үйретуден балаға» деп Абай айтқандай, ұстаздық деген ардақты атқа ерінбей еңбек, шынайы шеберлік арқылы ғана қол жеткізуге болады дер едім.

Ұстаз – шәкірт жүрегіне жол табатын, оның жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуына жауап беретін жан. «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» деп дана халқымыз айтқандай, жас ұрпақты тәрбиелеуші ұстаздың болашақ алдындағы міндеті мен борышы өте үлкен. Әдетте, оқушының бойына шынайы білім-білік дағдыларын дарытып, зердесіне ғылым негіздерін тоқитын, алған білімді өмірде, іс жүзінде қолдана білуге жаттықтыратын – ұстаз. Ол өскелең ұрпаққа білім беріп қана қоймай, бала бойына барша адами жақсы қасиеттерді сіңіре білуі тиіс. Сондықтан да ұстаз – білім мен тәрбиенің ұйтқысы, жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Ұстаз алдындағы шәкіртінің жан-жақты тәлім-тәрбие алуына, олардың ішкі қабілетін анықтауға, дарынын шыңдауға, сол арқылы өздері көздеген тәрбие бұлағынан сусындатуға жағдай жасайды. Шәкірт даналықты, ақылдылықты, көргенділікті бойына жастайынан отбасынан, ата-анасынан, бертін келе ұстазынан дарытады. Өз білгенін, көргенін шәкіртіне жеткізе білу, оның ой-өрісінің сағат санап өсуіне ықпал жасау – ұстаздың басты мақсаты. Адамзат баласының тіршіліктегі бар мұраты – білім. Білім алу – батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер! Білім – оқушының ақыл-ойын дамытатын, парасаттылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыратын ең шешуші құрал. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Сондықтан да жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл-ойға сәтті кіруге көмектесетін жолбасшы қажет.

Жаңалыққа жаны құмар болу жақсы қасиет екенін ескерсек, бұл қасиеттен әр ұстаз құр қалмауы тиіс. Ол құрал – озық технология құралы. Жақсы табыстарға жетуде, пәнді оқытуды жеделдету мен жетілдіру үшін сабақта техникалық құралдарды пайдалану және жаңа технологияларды

қолданудың маңызы зор. Жаңа технологияларды тиімді қолданудың арқасында оқушыларға сапалы білім беріп қана қоймай, оларды жан-жақты дамыған, тәрбиелі, саналы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға да өте тиімді құрал екенін байқап отырмыз. Сондықтан бұл құралды күнделікті сабағымыздың, сабақтан тыс жұмысымыздың өзегіне айналдырдық.

«Сен маған жастарыңды көрсетші, еліңнің ертеңін айтып берейін» дегендей, қоғамды дамытушы да, ілгері апарушы да – жастар. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі жас маман. Олар – елдің болашағы, ал дүниедегі жақсылық атаулы олардың бойына күннің нұрымен, ананың сүтімен және ұстаздың шеберлігімен сіңіріледі. Сондықтан да адамзат тіршілігінің рухани ұстазы, тәлім-тәрбие діңгегі, қоғамдағы қадірлі де беделді тұлға болып саналатын мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мектебімізде жас мұғалімдерге бағыт-бағдар беру мақсатында жоспарлы жұмыс жүзеге асып отырады. Жас мұғалімнің мектеп өміріне, оқу-тәрбие ісіне араласып белсенділік танытуына, шебер мұғалім қатарынан табылуына, тез қалыптасуына пайдалы іс-шаралар ұйымдастырылады. Мұндағы негізгі мақсат: жаңа педагогикалық технологияларды жетілдіре, игере отырып білім берудегі жаңашыл қызметте оқушылардың білім сапасын арттыру, жан-жақты дамыту жолындағы жұмыстарға жұмылдыру, төселдіру. Жас маманның міндеті: жасөспірімдерді оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттері жүктелгендігін сезініп, күнделікті өз білімін көтеріп отыру. Заман талабына сай сабақтың түрлі әдістемесі мен техникасын жан-жақты меңгеру, жаңаша білім беру технологиясын өз сабағында пайдалану жолын үйреніп, іс жүзіне асыру, өз зертханасын жинақтау, озат тәжірибені анықтау, оқып үйрену, ұжым арасында тәжірибе алмасудың тиімді тәсілдерін қалыптастыру, кәсіби білімін, шеберлігін

жетілдіру (курстар, семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстел, тәжірибе алмасу). Осы мақсатта өткізілген семинарлар мектепішілік деңгейде ғана емес, таяу маңдағы мектептермен бірлесе және аудан көлемінде өткізілді. Өткен оқу жылының аяғында тәжірибе алмасу және жас мұғалімдердің өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында «Нәтижеге бағытталған білім берудің негізі – жаңаша оқыту» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің аудандық семинарын өткіздік. Мектепке ауданның барлық мектебінен мұғалімдер шақырылды. Оқу-тәрбие ісінде психология, педагогика ғылымдарының қағидаларын жүйелі, талапқа сай бейімдей алатын мұғалімдер үлгілі сабақтар өткізіп, өзара іс-тәжірибе алмасуға ұласты. Қымбат Махметова 10-сыныпта «Ақан сері шығармашылығы», Венера Смақова 7-сыныпта «Сөздердің байланысу түрлері», Гүлім Ақтаева 9-сыныпта Жүсіпбектің «Әнші» әңгімесі, Гүлдина Шабленова 4-сыныпта «Одағай», Толқын Смайылова 2- сыныпта «Бұлбұл мен тоқылдақ», менің шәкіртім, 11-сынып оқушысы Аяжан Кеңесбек өз сыныбында «Пікірталас түрлерін қайталау» тақырыбында сабақтар өткізді. Сонымен қатар сыныптан тыс іс-шаралар да жүзеге асты. Атап айтсақ, 10-11-сыныптар арасында зияткерлік олимпиаданы Әсем Кәрімова, 6-10-сыныптар арасында «Мұқағали – ғажайып тұтас бір әлем» атты тәрбие сағатын Қымбат Махметова өткізсе, Венера Смақованың басшылығымен 5-8-сынып оқушылары Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» хикаяты бойынша сахналық қойылым көрсетті. Арасында кинодан үзінді берілді. Мұғалімдеріміз өнерден де хабары барын байқатты. Шырқата ән айтып, төгілте күй шерткен, бұрала билеген мұғалімдер өнеріне көрермен тәнті болды. Семинар соңындағы пікір алысу кезінде әр сабақ пен іс-шаралар жөнінде өз ойларын ортаға салды. Барлық мұғалімдер көңілінен шыққан бұл шара «жоғары» бағаланып, Шет

ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Алғыс хаты» тапсырылды.

«Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады» дегенді ойдан шығармайық демекпін. Өз ісімізге сын көзбен қарап, ұстаздықтың ауыр жүгін адал көтере білейік.



Сандуғаш ОМАРОВА,
педагогика ғылымдарының
кандидаты.

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІН МОДУЛЬДІ-ИНТЕРАКТИВТІК ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген бағыт еліміздің мектептерінде білімді шәкірт даярлаудың негізі ретінде қарастырғандықтан оқушыларға 8-сыныпта қазақ тілі пәнінен берілетін білім сапасын жаңа заман талаптарына сай іріктеу мен меңгертуде модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту ерекше орын алады. Қазіргі кезеңде 8-сынып оқушысына сөйлем мүшелерін теориялық, практикалық жақтарынан игертуді мұғалімнің қалыптасқан әдістеме бойынша жүзеге асыруы әрдайым пәрменді бола алмайтындығын тәжірибе көрсетіп отыр. Бүгінгі мектеп оқушысы білімді даяр күйінде қабылдап, сонымен қанағаттанатын жағдайдан өтіп, білімді өз бетімен ізденіп, ой белсенділігі арқылы қорыта алатын тұлға дәрежесіне көтерілгені анық. Сондықтан 8-сыныпта сөйлем мүшелерін меңгерту модульді-интерактивтік жоспарлауды, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған сабақтарды соған лайықты етіп құруды талап етеді.

Сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту әдістемесі қазақ тілінің заңдылықтарын оқыту мен үйретудің жаңа ұтымды жолдарын қарастырады. Сөйлем мүшелерін мұндай технология арқылы оқытуда сол тілдің қарым-қатынасқа қатысты ерекшеліктері қамтылады. Қазақ мектебінің 8-сыныбында оқытылатын сөйлем мүшелері тіл білімінің салаларында қарастырыла келіп, грамматиканың дамуына қанша әсер етсе, модульді-интерактивтік технология тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгертуге де сонша ықпал етеді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің де іргетасын қалаушы болып саналатын А.Байтұрсынұлы өзінің «Баяншы», «Қай әдіс жақсы?» еңбектерінде әдістеме мәселелерін сөз етеді. Автор сөйлем мүшелерін оқытуда «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге» деген ұстанымдарды негізге алған. Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керектігіне, мұғалімнің міндеті балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру екендігіне көңіл бөледі [Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992, 126-б.]. Ахаңның тілді оқытудағы талаптары кейінгі тілші-әдіскерлер еңбектеріне негіз болған.

Ғалым Сәрсен Аманжолов арнайы сөйлем мүшелерін зерттеп, сөйлемнің қай түрі болса да синтаксиске кіретінін, сөйлемді түсіну, оның синтаксистік қызметін айырып білу, оның мүшелерін тану, ондағы түр мен мазмұнның қарым-қатынасын білу мәселелері жалпы тіл біліміндік (лингвистика) методологияға (бағыт әдісіне) байланысты екендігін айтады [Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы (оқулық). А., «Санат», 1994, 320-б.].

Қазақ тілі сабақтарында модульді-интерактивтік технология арқылы сөйлем мүшелерін меңгерту алдыңғы зерттелген еңбектердегі грамматиканың ғылыми теориялық негізіне, тіл фактілеріне сүйене отырып жүргізіледі. Сөйлем

мүшелерін оқытуда көркем әдебиеттерден үзінді ретінде алынған, тәрбиелік мәні бар мәтіндерді бірте-бірте күрделендіре, «жеңілден ауырға», «оңайдан қиынға» ұстанымымен жүйелі ұйымдастыру оқушылардың тілін ұстарта отырып қазақша ойлау қабілетін де шыңдайды. Сабақта қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері туралы қосымша мағлұмат көзі ретінде дидактикалық тапсырмалар топтамасында арнайы іріктелген танымдық мәтіндермен қатар тілші-ғалымдардың өмір жолынан, шығармашылығынан хабардар ететін мәтіндер де ұсынылады.

Қоғамның әр кезеңінде өмір сүретін ұрпақ өзінің алдындағы ұрпақтан білім көлемі, білім мазмұны, білім алу әдістері жағынан бір саты болса да жоғары тұратынын белгілі. Бұл – адамзат қоғамының даму заңдылығы. Бірақ бір заманда өмір сүрген ұрпақтың барлығының сол кең байлық болып табылатын білім қазынасын игере алмай жүргені де белгілі. Бұл жерде мектептің білім беру сапасы көрініс береді. Мектеп оқушыға берілетін білімнің нық әрі бай болуына жауап береді, өйткені білім – ойлау дамуының басты әрі маңызды қайнар көзі. Білім ойлау арқылы өзгертіледі, дамытылады, келесі ұрпаққа жеткізіледі. Сөйтіп білім ойлау дамуының құралына айналады. Ал мектепте оқыту үрдісі оқушының ойлау қабілетін дамытуға барынша күш салуы, қолда бар мүмкіндікті барынша қолдана алуы, оқушыны ойлаудың теориялық әдістерін қолдануға дағдыландыруы, өз бетімен білімін толықтыруы мен ізденуі, сол білімін теориялық және практикалық міндеттерді шешуде саналылықпен қолдануға машықтануы білім берудегі маңызды міндеті болып табылады. И.М.Сеченовтің айтуынша, меңгеру дегеніміз – «Басқаның тәжірибесін өзінің көрсеткіштері арқылы тану» [Избр. произведения. М., 1952, 1-т., 365-б.], яғни, оқушының ойлау мүшесінің дамуы білімді меңгеру үрдісі арқылы жүзеге асады. Бірақ

«Білімді қалай болса солай беру арқылы оқушының ойлауы дамиды» деген түсінік тұмауы керек. Егер мақсатымыз сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту, оқушылардың теориялық ойлауы мен тілін дамыту болса, онда оқыту жүйесі де осы мақсатқа сай, өз ерекшеліктеріне сәйкес құрылып, өз заңдылықтарымен жүргізіледі. Ол үшін сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту технологиясының психологиялық тұғырын анықтау аса қажет болады. Сөйлем мүшелерін 8-сыныпта модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту негізінен лингвистикалық, педагогикалық еңбектермен қатар оқушылардың психикалық дамуын зерттеген психологиялық еңбектерге де сүйенеді. Оның дидактикалық негізін зерделегенде көрсетілген ұстанымдар оқушының психикалық даму үрдісін тану мен басқаруда да үлкен орын алады.

Сөйлем мүшелері бойынша модульді-интерактивтік технологияны қалыптастыруға негіз болатын субъективтік, объективтік факторларды саралай отырып, осы мәселені арнайы зерттеген ғылыми еңбектердегі қағидаларға сүйеніп төмендегідей басты бағыттар белгіленді:

1. Білім мазмұнында теориялық мәліметтерді модульді-интерактивтік технология арқылы оқушының практикалық іс-әрекетінің негізі ретінде қолдануға, тіл құралдарының қарым-қатынастық біліктілікке негіз болатынын ұғындыруға, тілдің танымдық қызметін түсіндіруге, оқушының ана тіліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға негіздеп оқыту;

2. 8-сынып оқушысына оқу әрекетінің негізгісін меңгерту, модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту негізінде оқушылардың өздігінен ізденуіне, шығармашылықпен әрекеттенуіне жол ашу. Модульді-интерактивтік технология арқылы сөйлем мүшелерінің өмірлік қажеттігін танытатын жаттығулар арқылы пәнге қызығушылығын қалыптастыру;

3. Қазақ тілі пәнінен сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту үрдісіндегі психологиялық ахуалды тұрақтандыру бойынша оқушылардың өзара қарым-қатынасын қалыптастыру, оқушы мен мұғалімнің түсіністігіне қол жеткізу, әр оқушыға өзінің қоғамдық рөлі мен жауапкершілігін сезіндіру, т.б.

Әрине, бұл факторлар шартты түрде бөлініп берілді. Себебі олар жеке-дара күйінде жемісті нәтиже бере алмайды. Оқушының ойлауын, сөйлеу тілін дамыту үрдісінде оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыруға бұл бағыттардың әрқайсысы өзінше үлес қосады. Сондықтан 8-сыныпта сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқытуда бұл аталған мәселелер бір-бірімен өзара тығыз бірлікте, терең байланыста жүзеге асырылғанда ғана оң нәтижелерге қол жеткізетіні дәйектелді.



Гүлнар ТАЙШЫБАЕВА,
директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары, қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Қарасай ауданы
Алғабас ауылы.

ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

Егеменді еліміздің ертеңі – білімді жастардың қолында. Жан-жақты қабілетті, білімді, тәрбиелі

ұрпақ – еліміздің баға жетпес қазынасы. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық, яғни, адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани адамгершілікті тәрбие – екі жақты үдеріс. Ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалынан және тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып педагогтардың жүргізген жұмыстарының нәтижелерін, оқушылардың жетістіктерін зер салып талдаудамыз.

Қазақстан Республикасының патриот азаматтарын тәрбиелеу мақсатында аудандық білім беру бөлімінің жылдық жоспарына сай мектебімізде тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылды. Оқушылардың мектеп қабырғасында тиянақты білім алып, ой-өрісі кемелденіп, болашағын болжау қабілетіне ие болу үшін тәрбие жұмысының ұтымды жүйесін ойластырған жөн. Жалпы тәрбие жұмысын жоспарлаған кезде оқушыларға қоғам тарапынан қойылатын талаптарды қарастыра отырып, бойларына қандай қасиеттерді сіңіріп меңгерту қажеттігін, оқушылардың ой-өрістерін, өзіндік ерекшеліктерін ескерген жөн. Мектебімізде оқушыларды тәрбиелеудің негізгі мақсаты – денсаулығы мықты, сезімтал, рухани адамгершілікті, жаңашылдыққа өзін-өзі бейімдеп дамыта алатын және өз бетімен адамгершілікті-жауапты дұрыс шешім қабылдайтын жан-жақты дамыған жеке тұлғаны

тәрбиелеу және оқушылардың бойында азаматтықпен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу, өз халқының салт-дәстүрін үйреніп отырып жаман әдеттерден аулақ болу, адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата білу, әдептілікке, сыпайылыққа баули отырып жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан, адамзаттық құндылықтарды меңгерген, жан-жақты дамыған, экономикалық ойлау қабілеті қалыптасқан, қиын өмір мәселелерін шешуде дайын тұлға тәрбиелеу. Мектептегі педагогикалық үдеріс оқу жылына арналған жоспар бойынша жүргізіледі.

Жалпы мектептің тәрбие жұмыстарында Мағжан Жұмабаевтың «Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетіспейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен үнемі танысып отыру қажет» деген сөзін басты назарда ұстап, тәрбие жұмысының тиімді әдістерін пайдаланып, тәжірибемде жаңа өмір ағымына сай жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудамын. Тәрбие жұмысының бағыттарында көрсетілген азаматтық-патриоттық, құқықтық және мәдениеттік, рухани-адамгершілік тәрбие, отбасы тәрбиесі өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру, әлеуметтік мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру, коммуникативті мәдениетті қалыптастыру, экологиялық тәрбие, эстетикалық тәрбие, дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру, еңбек және экономикалық тәрбие, кәсіби шығармашылық тәрбие, зияткерлік мәдениетті дамыту секілді басым бағыттарды қамтып мектебімізде ең алдымен тәрбие жұмысында, сонымен

қатар үйірме жұмыстарында да көрсетілген. Тәрбие саласында оқушылардың ой-өрісі жоғары, жан дүниесі таза, шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында дөңгелек үстелдер, пікірсайыстар, тренингтер, кездесулер, лекциялар мен семинарлар жоспар бойынша өткізіліп тұрады. Тәрбие жұмысының нәтижесін көріп отыру үшін оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау мақсатында барлық сыныптарда сауалнама жүргізіледі. Сауалнамада тұлғаның сапасын көрсететін бағыттар бойынша (эрудиция, оқу ынтасы, еңбексүйгіштік және табиғат, эстетикалық талғам, өзіне деген қарым-қатынас) сұрақтар қойылады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің ертеңі — бүгінгі жастардың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры — ұстаздың қолында» деп ұстазға үлкен міндет қойып отыр. Осы жауапкершілікті жан-тәнімен сезініп, жаңа заманның ауыр жүгін қайыспай, жұмыла бірлесе көтерген жүктің жеңіл болатынын мұғалім мен оқушының бірлескен жұмысының нәтижесі көрсетеді. Біз әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, пәк жүрегінен орын таба білейік. Олай болса төмендегі қағиданы жадымызда ұстайық.

Баланы үнемі сынай берсе, ол жеккөргенді үйренеді. Егер бала өшпенділікпен өссе, ол қатыгездікті үйренеді. Бала үнемі сөгіс естісе, онда кінәлі сезіммен өседі. Егер бала шыдамдылықпен өссе, онда ол басқаларды қабылдауды үйренеді. Егер баланы қолдап тұрса, онда ол өзіне сенуді үйренеді. Егер баланы орынды мақтаса, онда ол игілікті болып өседі. Егер бала шындықта өссе, онда ол әділетті болып өседі. Егер бала қауіпсіздікте өссе, онда ол адамдарға сенеді. Егер баланы орынсыз әлпештей берсе, ол өзімшіл болып өседі.

Ата-бабамыздың «Баланы жетіге келгенше тыйма,

ал он төртке келгенше құлыңша қина, он төрттен кейін құрдасындай сыйла» деген философиялық тәрбие жүйесін әр уақытта назарда ұстаған жөн.

Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді көтерген кезеңде қолға алар ісіміздің өзі – ұрпақ тәрбиесі.

Ұлы кемеңгер Абайдың «Адамның адамшылығы жақсы ата-ана мен жақсы ұстаздан болады» дегеніндей, тәрбиенің таразы секілді екенін ескерсек, екі басының тең түсуіне көп көңіл бөліп, мән берген абзал.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын Мұхтар Шахановтың «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек» дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ, өйткені ұлттық тәрбиенің ошағы отбасында, екінші мектепте болғандықтан ата-ана мен мектеп, яғни, мұғалімдер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы керек. Мектебімізде ата-аналармен бірлесіп көптеген іс-шаралар, мәселен, салт-дәстүрді дәріптеуде Наурыз мейрамы, ораза, айт күндеріне байланысты имандылық тәрбиесі сынып сағаттарында өткізіліп тұрады. Елімізде тәрбие беру ісінде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы ерекше. Жаңа қазақстандық қоғамда теледидар мен радионы еркін пайдалануға мүмкіндік мол. Радио мен телеарналарда біраз ұлттық болмысымызға сай бағдарламалардың жүргізілуін үлкен игілікті істің бастауы деп санауға болады.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп

алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ұжданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Ұлттық өнерімізді, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілімен мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сондықтан ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелеуге күш салуымыз керек.

Өскелең ұрпақ білім мен ұлттық тәрбие негіздерін өзінің ұлттық мектебінен алатыны сөзсіз. Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, ата дәстүріміздің қалыптаса беруіне отбасы тәрбиесінің ықпалы зор.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Жастарымыздың бойында елжандылық, жоғары ізгілік пен адамгершілік сезімдерін жан-жақты жетілдіргенде ғана қазақстандық патриотизм рухы асқақтай түседі.

Айгүл ӘБДИЕВА,
Қызылорда облысының
Қармақшы ауданының
Төретап кентіндегі
№85 орта мектептің
мұғалімі.

ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – төл сөз бен автор сөзі туралы білімдерін кеңейту, орын тәртібі мен тыныс белгілерін меңгерту, төл сөз бен автор сөзін ажырата білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетін, зейінін, пәнге деген қызығушылығын, сөйлем құрауын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды еңбекке, өз білімдерін бағалай білуге, нақтылыққа тәрбиелеу;

Түрі: дәстүрлі. **Типі:** жаңа тақырыпты игеру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, деңгейлік тапсырмалар, «Ойлан, тап», «Анаграмма А», «Біліміңді сынап көр», «Кейіпкерлер сөйлейді». **Пәнаралық байланыс:** әдебиет. **Көрнекілігі:** тірек-сызбалар, интерактивті тақта, слайдтар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Төл сөз бен төлеу сөз жайында жалпы түсінік.

156-жаттығу (2).

III. Үй тапсырмасын қорытындылау.

Анаграмма «А»

А	в	т	о	р															
	б	а	й																
	д	а	м	г	е	р	ш	і	л	і	к								
	д	а	м	ғ	а														
	л	ы	п		е	р		т	ұ	ң	ғ	а							
	ң	ы	з																
	қ	қ	у																

1. Түсінік беретін сөйлеушінің сөзі.
2. «Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол» деген кім?
3. Адамның абзал қасиеті.
4. Абай жоғарыда келтірген сөзін кімге айтады?
5. Көне заманда өмір сүрген түркілердің көсемі.
6. Тарихта болған әйгілі адамдар жайында әңгіме.
7. Жетімкөлден шошынған құс.

«Ойлан, тап»

Қазақ әдебиетінде оқыған әңгіме, хикаяттардағы кейіпкерлер сөзін, өлеңдерден үзінділерді еске түсіру.

1. Алып Ер Тұңғаны жоқтаған түркілердің сөзі («Ажал оғы жақсыларды құлатты, жамандар қалды» дейді).
2. Түркілер туралы Махмұт Қашқари не дейді? (Ұлы тәңір айтады: «Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды «Түрк» деп атап Күншығысқа қоныстандырдым).
3. Қорқыт ата нақыл сөздерінде не дейді? (Қорқыт ата сөйлейді: - Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас. Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес»).
4. Шортанбай «Зар заман» өлеңінде не дейді?

(Мынау ақыр заманда

Алуан-алуан заң шықты,

Арам, араз хан шықты,

Қайыры жоқ бай шықты).

5. Мұхтар Әуезов Абай туралы не дейді?

(«Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да - Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрған маған «Абай» деген сөз «қазақ» деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар секілді» деп тебірене айтқан).

IV. Жаңа сабақ

Төл сөз	Автор сөзі	Төл сөз болатын сөздер
Сөйлеуші өз сөзінің арасына басқа адамның айтқан сөзін өзгертпей келтіріп айтса, ол сөздер төл сөз деп аталынады.	Сөйлеушінің өзінің сөздерін автор сөзі дейміз.	1. Біреудің айтқан сөзі. 2. Іштей айтылған ой. 3. Мақал-мәтелдер. 4. Даналық сөз, қанатты сөз. 5. Шығармадан алынған үзінділер, диалогты сөзден басқа төл сөз тырнақшамен жазылады.

Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері туралы мағлұмат.

Төл сөз бен автор сөзі де көмекші етістігі арқылы байланысады, ол үнемі автор сөзінің құрамында болады және *деді, дейді, деп, деген, деген екен, дей жаздады, дегендей,* т.б. тұлғада тұрып қолданылады.

р/с	Мысалдар	Сызбасы
1	«Қашан жүретін болдың?»- деп сұрады анам.	«__?»
3	Белгілі көркем сөз шебері Ғабиден Мұстафин былай деді: «Жазушы болу үшін негізгі үш шарт: ой, алғыр тіл және талант керек».	~~~~: «__».
4	-Әй, Сыреке-ай, - деді Естай риза болған дауыпен, - жақсы адамсың-ау, Сіз? Не деген жүрегіңіз жұмсақ адамсыз!	- ____, ~~~ - __!

V. Сабақты бекіту.

Оқушыларға төмендегідей деңгейлік тапсырмалар беру:

I деңгей. Оқулықпен жұмыс. 158-жаттығуды орындау;

II деңгей. Төл сөз бен автор сөзінің ара жігін ажыратып, тиісті тыныс белгісін қойындар.

1) Амандық, сен далаға шығып ойнап кел деді анасы. 2) Ол ертең Алма, сабақтан қалмасын деп тапсырма берді. 3) Сенің есімің кім деп сұрады ол оң жағында тұрған қызыл көйлекті, қалың ерінді сары баладан. 4) Сойдақ тіс, жалаң ерін жас жігіт үйге кіріп Осында Бәкен ұста бар ма деді. 5) Әдейі амандасқалы келдім деді Сәбит;

III деңгей. Төлеу сөзді төл сөзге айналдырындар.

1) Балалар қуанып, өздерінің әлі де көп жаңалықтар табатындығын айтты. 2) Балтабек үйге кірген Асқарға жоғары шығуын өтінді де, Ботагөзге анасының қолына су құюын ескертті. 3) Оның әуелі өзінің қонағы болатындығын айтып Ғалымжан иығын қомпайтты. 4) Ол дауысын соза сөйлеп, өзінің Тайжан екендігін айтты;

IV деңгей. Төл сөз бен автор сөзін тауып, орын тәртібінің сызбасын көрсетіндер.

Көкем өзінің барометріне қарап:

1) - Ертең күн ашық болады,- деді. 2) - Ақ тұйғын, ақ тұйғын, әлі сондай тәттісің!- деген дауыстар көтерілді. 3) Шәкәрім Құдайбердіұлы былай деді: «Білгеніңді біле бер». 4) - Қандай іс? Сөйлеші!- деп Абай да жігітке қадала қарап тұр.

Сабақты қорытындылау.

«Білімнің сынап көр».

Қазақ әдебиетінде өтілген шығармалар бойынша шығарма атын, авторын табу:

1. Кенет әжептәуір қатал дауыспен:

- Әй, шақшам қайда? - деді ұйқылы ояу жатқан кемпіріне.

(Төлен Әбдіков. «Қонақтар»)

2. Ертеңінде тұрғаннан кейін де түнде ештеңе болмағандай-ақ қарыны тоқ, көйлегі көк адамша:

- Көзінің қаспағынан айналайын, бір жапырағым менің, түрегелші. Жақсылап бөкпен басып қойдым,- деп сатпақ-сатпақ бетімнен сүйді.

(Қарауылбек Қазиев. «Менің шешем»)

3. «Айналайын, туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау!»- деп тұншыға күбірлейді.

4. - Апырым-ай, мынауың, шынында да, елде жоқ қолқа екен,- деді ол сәлден кейін.

(Тахауи Ахтанов. «Күй аңызы»)

5. Далада жалғыз жорытқан көк бөріше бар сырын өз ішіне түйіп, тығып келген тіршілік енді мұны талдырған:

«Бағымды осымен де бір сынап көрейінші. Қозыбақ аулының атаған абақтысынан құтқарса, осы құтқарар болар», - деп бір байлау жасаған.

(Мұхтар Әуезов. «Қараш-Қараш оқиғасы»)

«Кейіпкерлер сөйлейді...»

1. Ғылыми тұрғыдан қарағанда әрбір адам өз қоғамына қай жағынан болса да пайдалы болуға тиіс. Өйткені қоғам — адам ойының жемісі. Қол еңбегі мен ой еңбегінің арасында айырмашылық жойылып, еңбекті творчество деп қарауға қалыптасып келе жатқан жаңа психологияның тұсында...

(Д.Исабеков. «Әпке» драмасы. Омардың сөзі)

2. «Арқама мініп тұрып, бір кісі отыратындай жерді пышақпен ой» дейді.

(Рабғузи. Лұқман хакім сөзі)

3. «О, туған жер! О, қасиетті ата мекен! Торқадай топырағынды қия гөр адасқан ұлыңа... Ел шетіне бір жеткізсең, екі дүниеде арманым жоқ деген сертім бар еді. О, Алла, аманат жанымды бүгінде алсаң разымын» деді тәңірге жалбарынып.

(«Қаздар қайтып барады». Қарт сөзі)

4. «Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,

Құлынымның қасынан неге кеткем?!»

(«Аққулар ұйықтағанда». Ана сөзі)

5. «Апыр-ау, бұл неге саумай тұр?»

(Т.Ахтанов. «Күй аңызы». Естеместің сөзі)

VII. Бағалау. Ұпайлық жүйе бойынша оқушыларды бағалау.

21-25 ұпай: «5», 14-20 ұпай: «4», 4-13 ұпай: «3».

VIII. Үйге тапсырма: төл сөз бен автор сөзі, «Біз бейбітшілікті қолдаймыз!» (ойтолғау жазу).



Дамира БАЛТАБЕКҚЫЗЫ,
Ақтөбе облысының
Алға ауданындағы
«Сарықобда» орта мектебінің
мұғалімі.

ҰБТ-ҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІ

Ұлттық бірыңғай тестінің сапалы өтуі, алдымен, мұғалім мен оқушының уақытты тиімді пайдалануында және мұғалімнің тапсырмаларды түрлендіріп қолдануында. Ұлттық бірыңғай тестідегі негізгі пәндердің бірі – қазақ тілі. Ұлы педагог К.Д.Ушинский: «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын өз бетімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты өзекті пән екені түсінікті емес пе?!»- деген екен. Ана тілінен оқушыларды дайындау үшін қажетті тапсырма түрлерін ала білу өте маңызды.

Тапсырма түрлері мынадай: тренингтер, сызбамен жұмыс, глоссарий, тест түрлері (толықтыру тесті, баламалы тест).

Тапсырмаларды түрлендіріп қолданудағы мақсат – оқушылардың пәнге деген құштарлығын арттырып, жоғары деңгейде білім алуына көмектесу. Сондықтан оқушылар теориялық білімдерін үнемі практикалық тұрғыда пайдаланып отырады.

Тапсырмалар 5-сыныптан басталған теориялық материалдарды қамтиды. Теориялық сұрақтар түрлі мысалдар арқылы талқыланып бекітіледі, түрлі талдаулар арқылы түсіндіріледі.

Тренинг №1

Етістіктің шақтарын жасалу жолымен сәйкестендір.

Жасалу жолдары:	Шақтардың түрлері:
1. Ауыспалы осы шақ;	А) етістік +(-мақ, -мек, -бақ,-бек) + (шы, -ші) жіктік жалғауы;
2. Мақсатты келер шақ;	Б) етістік+(-а,-е,-й)+ жіктік жалғ.;
3. Бұрынғы өткен шақ;	В) ет+(-атын, -етін, -йтін,-йтын)+жіктеледі;
4. Жедел өткен шақ;	С) ет. +(-ар,-ер,-р) +жіктік жалғауы;
5. Ауыспалы өткен шақ;	Д) ет. +(-ды,-ді, -ты, -ті)+ жіктік жалғауы;
6. Болжалды келер шақ;	Е) отыр, тұр, жатыр, жүр+ жіктік жалғауы;
7. Ауыспалы келер шақ;	Ж) ет. +(-ған,- ген,- қан,- кен,- ып, -іп, -п)+жік. жалғ.;
8. Нақ осы шақ.	З) ет. +(-а, -е,- й)+ жік.жалғ. Күнде сабаққа барамын; И) ет +(- ғалы, -гелі,- қалы,- келі) + жікт.

1	2	3	4	5	6	7	8
З	А	Ж	Д	Б	С	В	Е

Тренинг №2

Сөздердің байланысу түрлерін ережесімен сәйкестендір.

Түрлері:	Ережелері:
1. Қиысу; 2. Матасу; 3. Менгеру; 4. Қабысу; 5. Жанасу.	a) сөздердің жіктік жалғауы арқылы байланысуы немесе бастауыш пен баяндауыштың байланысуы; b) сөздердің бірде іргелес, бірде алшақ тұрып байланысуы (негізінен үстеу мен етістік байланысады); c) сөздердің ілік септігінен басқа септіктердің жалғаулары арқылы байланысуы; d) ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғауындағы сөздің байланысуы; e) ешбір жалғаусыз тек орын тәртібі арқылы қатар тұрып байланысуы; f) ешбір жалғаусыз алшақ тұрып байланысуы.

1	2	3	4	5
a	d	c	t	f

Тренинг №3

Сөйлем түрлерін ережесімен сәйкестендір.

Түрлері:	Ережелері:
1. Жақты; 2. Жақсыз; 3. Жалаң; 4. Жайылма; 5. Толымды; 6. Толымсыз; 7. Атаулы.	a) тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем; b) іс-оқиғаның құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем; c) хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында құрылатын сөйлем; d) бастауышы бар сөйлем; e) айтылуға тиісті тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем; f) бастауышы мүлдем жоқ сөйлем; g) ойға қажетті мүшелердің бәрі қатысқан сөйлем; h) тек тұрлаулы мүшеден тұратын сөйлем.

1	2	3	4	5	6	7
d	f	h	a	g	e	b

Тренинг №4


Салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын сәйкестендір.

Түрлері:	Жалғаулықтары:
1. Ыңғайластық;	a) е, немесе, я, яки, не болмаса, әлде, әйтпесе;
2. Қарсылықты;	b) өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, сол
3. Себеп-салдар;	себепті, неге десеңіз;
4. Кезектес;	c) жалғаулығы жоқ;
5. Талғаулы;	d) және, дегенмен, әйтпесе;
6. Түсіндірмелі.	e) бірақ, дегенмен, сонда да, әйтсе де, алайда;
	f) және, әрі, да, де, та, те;
	g) бірде, біресе, кейде.

1	2	3	4	5	6
f	e	b	g	a	c


Қазақ тілінде теориялық материалды, соның ішінде түсінуге қиындық келтіретін тақырыптарды сызба түрінде сұрау баланың ойын жинақы жеткізуге көмектеседі.

Сызбамен жұмыс №1



Сызбамен жұмыс №2





Сызбамен жұмыс №3

Септеулік шылау			
Атау	Барыс	Шығыс	Көмектес

Демеулік шылау					
Сұрау-лық	Күшейткіш	Белгісіздік	Болымсыздық	Шектік	Нақтылау

Жалғаулық шылау					
Ыңғайластық	Қарсылықты	Себепсалдар	Талғаулықты	Кезектес	Шартты

Толықтыру тестісі:

1. Қазақ дәстүрі бойынша тура айтуға тыйым салынғандықтан бұрмалап айтылатын сөздерді . . . сөз дейміз.

Мысалы: ұлыма - . . .

2. Эвфемизм сөздер деп . . .

Мысалы: ақсаусақ – . . .

3. *Аузы жеңіл* сөзін дөрекі түрде . . . дейді.

4. *Ит өлген жер* тұрақты тіркесінің мағынасы . . .

5. Тұрақты тіркестер сөйлемде . . . сұраққа жауап береді.

6. *Өгіз аяң* тұрақты тіркесінің мағынасы . . .

7. «Көппен көрген – ұлы той» мақал ма әлде мәтел ме?

8. Нақыл сөз деп . . .

9. Еменнің иілгені – сынғаны, . . .

10. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға».

Нақыл сөз бе әлде мақал ма?

Баламалы тест:

1. *Қоза, шиіт, терімші, балдаң* сөздері ауыл шаруашылығы кәсібіне байланысты сөздер.

2. *Синоним, антоним, диалект* – математикалық терминдер.

3. *Жұмыртқа* сөзін Оңтүстік Қазақстанда *тұқым* деп атайды.

4. *Бөтелке, сөмке, бәтеңке* араб, парсы тілінен енген.

5. Жаңа сөздер *неологизмдер* деп аталады.

6. *Хан, патша, би, сұлтан* – көнерген сөздер.

7. *Сыныққа сылтау* – мәтел.

8. *Тайга таңба басқандай* – әдемі.

9. Екі я одан да көп мағынаға ие болатын сөздер көп мағыналы сөздер деп аталады.

10. “Өлең – сөздің патшасы” – тура мағыналы сөз.

Оқушы қазақ тілін сапалы меңгеру үшін тілдік терминдерге көбірек мән беру керек. Тілдік теориялық

материалдарды сапалы игеру оның атауын дұрыс түсінуден басталмақ. Сол себепті мұғалім талапкердің терминнің мағынасын түсінуге дағдыландыру керек.

Глоссарий

Термин сөздерді білесің бе?

№	Терминдер:	Мағынасы:
1	Антоним;	Мағыналары бір-біріне қарама қарсы сөздер;
2	Архаизм;	Ертеректе жиі қолданылғанымен, қазіргі кезде басқа сөзбен алмастырылған сөздер;
3	Ассимиляция;	Дауыссыз дыбыстардың бірі екіншісіне ықпал етіп өзара үндесуі;
4	Диалог;	Екі немесе бірнеше адамның сөйлесуі;
5	Диалект;	Белгілі бір аймақта қолданылатын тіл ерекшеліктері;
6	Идиома;	Бір ұғым ретінде қалыптасқан сөз тіркестері;
7	Интонация;	Сөйлегенде дауыстың құбылуы жоғарылап, төмендеп өзгеріп отыруы;
8	Историзм;	Күнделікті өмірде қолдаыстан шығып қалған сөздер;
9	Лексика;	«Сөздік қор» - тіл білімінің сөз және оның мағынасын зерттейтін саласы;
10	Мақал;	Түйінді ойды білдіреді;
11	Монолог;	Кейіпкердің ішкі көңіл күйін білдіретін толғау сөзі;
12	Неологизм;	Тілдегі жаңа ұғымды білдіріп, жаңадан пайда болған сөз;
13	Омоним;	Бірдей дыбысталғанымен мағыналары әр түрлі болып келетін сөздер;
14	Орфография.	Сөздің дұрыс жазылуы.

Бұл тапсырма түрлері оқушылардың білімін толықтырып, ҰБТ-да жақсы көрсеткіш көрсетуіне көп септігін тигізеді деп ойлаймын.



Жанар ШІЛДЕБАЕВА,
А.Бисенов атындағы
№ 38 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы,
Аққұм ауылы.

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – көнерген сөздердің түрлерін өз бетімен анықтауына, ерекшеліктерін өзіндік жұмыстар арқылы меңгеруіне, жаттығу жұмыстарын орындағанда алған білімін өз бетімен қолдана алуына жағдай туғызу; **тәрбиелік** – өз бетінше дербес жеке жұмысқа, жауапкершілікті сезіне білуге, нәтижеге жетуге ұмтылу үшін білім бәсекесіне түсуіне, өзіндік шығармашылық ізденімпаздыққа, ерінбей еңбек етуге және ана тілінің құндылығын ескеретін, оларды күнделікті өмірде қолдануға бағытталған тапсырмалар беру арқылы тәрбиелеу; **дамытушылық** – әрбір оқушының үш деңгейлік тапсырмаларды біртіндеп орындауына жағдай жасау арқылы оның қабілетіне сәйкес жеке құзырлығын дамыту.

Түрі: аралас (I кезең – 5 минут; II кезең – 25 минут; III кезең – 15 минут). **Мазмұны:** I-III кезеңдік тапсырмалар. **Әдіс-тәсілі:** I кезеңде сұрақ-жауап; II кезеңде а) оқулықпен өз бетімен іздену әдісі, ә) дискуссия, б) практикада бекіту әдісі; III кезеңде үш деңгейлік тапсырмаларды өз бетімен біртіндеп орындату арқылы бағалау әдістері. **Формасы:** I кезеңде фронтальды, жеке; II кезеңде а) топтық, ә) фронтальды, б) ұжымдық; III кезеңде жеке. **Көрнекілік:** I кезеңде жұмыс дәптері; II кезеңде тақтадағы «ашық

журнал», мұғалім мен оқушылардың жеке журналдары; **III кезеңде** жұмыс дәптері, тақтадағы «ашық журнал», мұғалім мен оқушылардың жеке журналдары.

Көпір тапсырмасы.	Төмендегі сөздердің ерекшелігі неде?	
	Ел билеуге қатысты.	Салт-дәстүрге қатысты.
	Старшын.	Бесіккұда.
	Атшабар.	Ұрын бару.
	Би.	Қынаменде.
	II кезең (топтық жұмыс) Жаңа сабақты меңгерту	
Теориясы. «Білу» (Кім? Не? Қашан? Қайда? Не істеді?).	1. Көнерген сөздер нешеге бөлінеді? 2. Тарихи сөздер дегеніміз не? 3. Архаизмдер дегеніміз не? Мысалдар келтір.	
Теориясы. «Түсіну» (Неге? Неліктен? Не үшін?).	4. Не үшін тілімізде кейбір сөздер қолданыстан шығып қалады? (Қолданылған дәуірі өтіп кетіп, тарихи өзгерістерге сай немесе тұрмыс-тіршіліктің, әдет-ғұрыптың өзгеруіне қарай шығып қалады).	
Теориясы. «Галдау» (Салыстыр, айырмашылығы неде? т.б.).	5. Төмендегі берілген сөздердің қайсысы архаизмге, қайсысы тарихи сөздерге жатады? Уәзір, би, саба, хан, қылыш, шоқпар, дүрия, тархан, торқа, барымта, күпі, кебеже, аға сұлтан, найза, жебе, патсайы	
	Тарихи сөздер:	Архаизмдер:
	уәзір, би, хан, қылыш, шоқпар, тархан, аға сұлтан, найза, жебе.	саба, дүрия, торқа, күпі, кебеже, барымта, патсайы.

<p>Теориясы. «Жинақтау»</p>	<p>6. Семантикалық картаны толтыр.</p>						
	Мысал	Аушади-яр	Шұға	Болыс	Қаған	Сауыт	Биқасап
	Тарихи сөздер			+	+	+	
	Архаизмдер	+	+				+
<p>Практикасы. «Қолдану»</p>	<p>7. Оқулықпен жұмыс. 151-жаттығу <i>Қара етмек</i> – көнерген сөз. <i>Жөргемеш</i> – әсіп, бұжы. <i>Қағұт</i> – жент. <i>Сым сымрақ</i> – көнерген сөз</p>						
<p>Практикасы. «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің?).</p>	<p>8. Сен қалай ойлайсың? Көнерген сөздердің жаңарып қолданылатын кездері бола ма? (Кейбір көне атаулар тілімізге қайтадан енді. Мысалы: қаңтар, ақпан, наурыз, т.б. ай атаулары).</p>						
<p>III. Бағалау кезеңі (жеке жұмыс) Деңгейлік тапсырмалар</p>							
<p>Теориясы. «Білу» (Кім? Не? Қашан? Қайда? Не істеді?)</p>	<p>I деңгей (5 ұпай) Тест: 1. Тілімізге қайтадан қолданысқа енген көнерген сөзді тап. а) молда; ә) қылыш; б) жамағат. 2. Көнерген сөзді көрсет. а) итқұс; ә) қаған; б) байрақ. 3. Тарихи сөзді ажырат. а) мешіт; ә) имам; б) садақ. 4. Архаизмге жататын сөзді анықта. а) дүрия; ә) старшын; б) қылыш. 5. Көнерген сөздің қатарын тап. а) хан, бизнес, кеден; ә) акция, би, егемен; б) дуанбасы, патша, қаған.</p>						
<p>Практикасы. «Қолдану».</p>	<p>6. 152-жаттығу. Мәтіннен көнерген сөздерді тап.</p>						
<p>II деңгей (5 ұпай+4 ұпай=9 ұпай)</p>							
<p>Теориясы. «Түсіну» (Неге? Неліктен? Не үшін?).</p>	<p>1. Не үшін діни сөздерді қайтадан қолданып жатырмыз? (Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тіліміз, салт-дәстүрімізбен бірге дініміз де қайта оралды).</p>						

СЫН ЕСІМНІҢ ЕМЛЕСІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – сын есімнің түрлерін, ерекшеліктерін және емлесін меңгерту; **тәрбиелік** – оқушыларды үлкенді сыйлауға, кішіні құрметтеу, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – жаттығу жұмысын орындап, талдау жасату, сын есімнің емлесін және ережелерін қайталау арқылы оқушының ой-қиялын, сөйлеу, жазу қабілеттерін дамыту.

Түрі: ашық сабақ. **Әдісі:** “Оқытудың интербелсенді әдістемесі”. **Тәсілі:** мұғалім рөліне ену, сұрақ-жауап, ойын түрлері. **Көрнекілігі:** слайдтар, кеспе қағаздар, тірек-сызбалар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Сынып оқушыларымен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. Әнұран орындалады.

II. Үй тапсырмасын сұрау. 73-жаттығу.

“Өте зейінді оқушы” тақырыбында шағын шығарма.

- Ал, балалар, өткен сабақтарды қайталау үшін бірнеше ойын ойнайық.

«Зымыран сұрақ» ойыны.

1. Сын есім дегеніміз не? 2. Сын есім қандай жалғауларды қабылдамайды? 3. Тұлғасына қарай сын есімдер қаншаға бөлінеді? 4. Құрамына қарай сын есімдер қаншаға бөлінеді? 5. Мағынасына қарай сын есімдер қаншаға бөлінеді? 6. Сын

есімнің түрленуі дегеніміз не? 7. Салыстырмалы шырай дегеніміз не? 8. Күшейтпелі шырай дегеніміз не?

«Сөз» ойыны. 1-оқушы жай шырайға мысал айтса, 2-оқушы салыстырмалы шырай, 3-оқушы күшейтпелі шырай жасап тез айтулары керек.

Жаңа сабақ. Сын есімнің емлесі.

“Мұғалім рөліне ену”, оқушылар жұптық жұмыс атқарады және мұғалім сайлап алады. Мұғалім оқушыларға ережені түсіндіріп, сұрақтарына жауап береді.

Оқулықпен жұмыс. 74-жаттығу.

75-жаттығу.

Сергіту сәті. “Ойнайық та ойлайық”

(ой дамыту тапсырмалары).

1-тапсырма. Араласқан есім сөздерден сын есім және етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтарды бөлек-бөлек бағанға орналастырыңдар.

Аралас жұрнақтар:	Есім сөздерден сын есім жасайтын жұрнақтар	Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар
-қы, -кі, -ғы, -гі;		
-ық, -ік, -к, -қ, -ақ, -ек;		
-лы, -лі, -ды, -ді;		
-қыш, -кіш, -ғыш;		
-сыз, -сыз;		
-шақ, -шек;		
-шыл, -шіл;		

-аған, -еген;		
-дай, -дей, -тай.		

2-тапсырама. Кестеде берілген мысалдарға есімдерден сын есім жасайтын жұрнақтарды жалғап сын есім жасаңыздар.

Есімдерден сын есім тудыратын жұрнақтар:	Білдіретін ұғымы	Мысалдар
-қы, -кі, -ғы, -гі;	Мекендік, мезгілдік.	Ауыз..., төр..., цехта..., көктем....
-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті;	Болымдылық.	Бала..., ар..., ұғым..., гүл..., атақ..., сәулет....
-сыз, -сіз;	Болымсыздық.	Ақыл..., сөз... .
-шыл, -шіл;	Кішірейту, салыстыру.	Ұйқы..., күлкі...,
-шаң, -шең;	Киім-кешек атауы, адам қасиеті.	Көйлек..., сөз..., ашу..., бой....
-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік;		Қала..., аудан..., көлем..., көйлек....
-дай, -дей, -тай, -тей.		Тау..., көл..., ат....

3-тапсырама. Кестеде берілген мысалдарға етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтарды жалғап сын есім жасаңыздар.

Етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар:	Мысалдар:
-ық, -ік, -қ, -к, -ақ,-ек;	Аш ..., сын ..., шира ..., дөңгеле
-малы, -мелі, -палы, -пелі;	Жина ..., төгіл ..., ауыс ..., көш
-аған, -еген;	Қаш ..., сүз
-қыш, -кіш, -ғыш, -гіш;	Байқа ..., біл ..., айт ..., көр
-улы, -улі;	Жаб..., бүрке ..., ертте ..., жина... .
-шақ, -шек;	Аян ..., мақтан ..., ұрын ..., ерін
-ыңқы, -іңкі;	Жат ..., көт ...,
-ңқы, -ңкі.	Желбіре ..., салбыра

Тест

1. Күшейткіш буындардың алғашқы буыны қандай дыбысқа бітеді?

- А) ы дыбысына;
- Ә) н дыбысына;
- Б) п дыбысына.

2. Күшейткіш буын арқылы жасалған күрделі сын есімдер қалай жазылады?

- А) дефис арқылы;
- Ә) қос нүкте арқылы;
- Б) леп белгісі арқылы.

3. Бірнеше сөздің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер қалай жазылады?

- А) дефис арқылы;
- Ә) бірге жазу арқылы;
- Б) бөлек жазу арқылы.

4. Күшейткіш үстеу арқылы жасалған күшейтпелі

шырай тұлғалы сын есімдер қалай жазылады?

- А) бөлек-бөлек жазылады;
- Ә) бірге жазылады;
- Б) дефис арқылы жазылады.

5. Көне түркі ескерткіштеріндегі сапалық сын есімдер қайсысы?

- А) таулы, үйсіз, көшпелі;
- Ә) көк, қызыл, арық, атлығ, тонсыз, біліксіз;
- Б) сарырақ, сарылау, сарғыш, сары.

6. Көне түркі ескерткіштерінде сын есім жасаған жұрнақтар қайсысы?

- А) -рақ, -рек, -тег;
- Ә) -лау, -леу, -дау, -деу;
- Б) -мақ, -мек, -пақ, -пек.

7. Жазба ескерткіштерінде күшейтпелі шырай қандай үстеу арқылы жасалған?

- А) тым; Ә) ең; Б) өте.

8. Қосарлану, қайталану арқылы жасалған күрделі сын есімдер қалай жазылады?

- А) дефис арқылы;
- Ә) қос нүкте арқылы;
- Б) леп белгісі арқылы.

Жауабы: 1 Б; 2 А; 3 Б; 4 А; 5 Ә; 6 А; 7 Ә; 8 Ә.

Үйге тапсырма беру.

76-жаттығу. Сын есімнің емлесі (ереже жаттау).

Сабакты бекіту.

Дала қандай тамаша!

(Сын есімдерді қатыстырып сөйлем құрау)

Оқушылардың білімін бағалау.

Алмагүл ТАКИШЕВА,
Алматы қаласындағы
№81 мектеп-гимназияның
мұғалімі,
Абай атындағы
ҚазҰПУ-дың ізденушісі.

«ОЯН, ҚАЗАҚ!» ЖИНАҒЫН ОҚЫТУДЫҢ СҰРАУ- ТАПСЫРМАЛАРЫ

Сұрау-тапсырмалар – оқулықта әдеби мәтінді талдау үшін берілетін сұрақ түріндегі тапсырмалар жиынтығы. Әдеби тапсырмалардың қай-қайсысы болмасын оқушыларды өздігінен ізденіске жетелейді. Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында өзіндік ой түйеді, қорытынды жасайды. Ең бастысы – шығарма әлеміне еніп, мәтінді түсінуге алғы шарт жасалады.

«Сұрау-тапсырмаларға мәтінді шығармашылықпен оқып шыққан шәкірт қана жауап бере алады» дейді ғалым Т.Ақшолақов. (Әдебиет оқулығына әдістемелік нұсқау. А., «Рауан», 1996, 92-б.).

«Сұрау-тапсырмаларды көркем шығарманың табиғатына, талдау жұмыстарының түрлері мен мақсат-міндеттеріне, оқушылардың игеруге тиіс басты білім-білік, дағдыларына қарай түрлендіріп беру керектігін» айтады ғалым Ә.Дайырова [Қазақ әдебиетінен білім мазмұны мен әдістерін жетілдіру мәселелері. А., «Кітап», 1990, 18-б.).

Міржақып Дулатовтың шығармаларын жоғарғы сыныпта оту барысында оқушы назарын қандай мәселеге аудару керек?

«Оян, қазақ!» мазмұнына келгенде, бұл – қазақ ұлтшылдарының сол кездегі бағдарламасы деуге болады... «Маса» ызындап оятса, «Оян, қазақ!» айғайға басқан ащы ұран болды» деп жазды Сәбит Мұқанов 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім: ұлтшылдық, байшылдық дәуірі» кітабында [Қызылорда. «Қазақстан», 25-б.]

Ал ғалым Серік Қирабаев «Оян қазақ!» – XX ғасыр басында қазақ арасына ең көп тараған және Міржақыптың ақындық даңқын көтерген кітап... Жинаққа кірген әрбір өлең жолының ар жағында ел тағдыры үшін жанын шүберекке түйіп шырылдап, бебеу қаққан патриот, ұлтжанды, еркін ойлы азаматтың тұлғасы елестейді...» деп жазады. [Әдебиетіміздегі ақтаңдақ беттер. А., 1995, 56-б.]

«Оян, қазақ!» халықты оята алды ма?

Бұл жинаққа қандай өлеңдер енді?

Өлеңдерінің мазмұны, идеясы не туралы болды?

Ақынның өзін тыңдайық.

Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып,

Халық тентек, жалғыз өзім мақұл болып.

Қайғы мен хал мүшкілін білдіргенім –

Ұйқыда жұрт жатқан соң гафыл болып.

[Келтірілген өлеңдер мына кітаптан алынды: Міржақып Дулатов. Шығармалары. А., «Жазушы», 1991]

Оқушылармен бірлесе отырып қазақтың көзі ашық, ұлтжанды азаматының қолына қалам алу себебін ашуға тырысамыз.

– *XXI ғасыр басындағы ең өзекті мәселелер қандай мәселелер еді?*

Оқушы жауабы: Жер мәселесі, дін мәселесі, жесір дауы, оқу-білім, саяси мәселелер: сайлау, ел басқару. Ақын осы өзекті мәселелер төңірегінде толғанды.

1-тапсырма. Ақын өлеңдерінің тақырыптарына көңіл

аударыңыздар.

«Сайлаулар хақында», «Қазақ жерлері», «Мешіт-медресе хақында», «Қазақ халқына діни бір уағыз», «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға», «Жастарға», «Қазақтың ру басшыларына», «Пасық байларға», «Атқамінер сұмдарға», «Терме», «Таршылық халіміз хақында аз мінәжат», «Жесір даулары хақында», «Жігіттер», «Насихат ғумумия», т.б.

2-тапсырма. Ақын өлеңдеріне талдау жасаңыздар. Оқушыларға ақын өлеңдерін таратып беріп талдау жасату.

Кесте. Міржақып өлеңдеріне талдау жасату тапсырмасы.

Өлеңдері	«Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі»	«Таршылық халіміз хақында аз мінәжат»
Мазмұны	<p>...Күштісі нашарларын шауып алып, Бұрынғыдай болмаған, бәле болған. ...Екі сұңқар таласса, құзғынға жем, Берекесін бұл қазақ сүйтіп құртқан.</p> <p>...Өзді-өзі тату болып тұрған күнде, Қалар ма еді һәр нәрседен мұндай босқа? (Идеясы: бірлік) Дұшпанға таба болып, күлкі – досқа.</p>	<p>II</p> <p>...Қазағымыз қырық ауызды бола қалар, Шықса егер пайдалы іске біреу бастай.</p> <p>V</p> <p>Молда болсаң, өсек көп ерген артқа, Хакім болсаң, күңкіл көп және халықта. Өнерлінің дұшпаны көп болады, Сол себепті шықпайды ісі жарыққа.</p> <p>VI</p> <p>Шортандай шабақ жұтқан жалмауыздар, Тексеріп өз ғайыбын сынамаған.</p> <p>VII</p> <p>Малға кедей болғаның жетілерсің,</p>
Идеясы	Бас қосып киргизский интеллигент, Біздерге қазақ қамын ойлау керек.	Ғылымға кедей болғаның өкінерсің.

Әдісі	Өңгімені әріден қозғап шолу жасау, сыншылдық.	
Тілі	Өсиет, насихат, өнеге сөздер көп кездеседі. Кірме сөздерді көп қолданады.	

3-тапсырма. Ақын өлеңдерінен нақыл сөздерді жинаңыздар.

1. Жатқанға жан жоламас. 2. «Аяғы қылдан таю» қандай мағына береді? 3. «Тамшыдан тама берсе дария болар» – білім алуға талпыну. 4. «Ағайын бар болсаң көре алмайды, Жоқ болсаң бере алмайды». 5. Екі көзің – бір-біріне жау. 6. Итжығыспен өткен өмір. 7. Ықылассыз егінін тасқа егер. 8. Көңіл – батыр, көз – қорқақ. 9. Қыздырмалық қызыл тіл Түбіңе жетер, соны біл.

4-тапсырма. Үзінділерді жаттап алыңдар.

Жабыдан туған болса мәстек болып,
Жерінде бас көтермей қалар оттап.

... *Жатқанға жан жоламас* дегендейін,
Көрдің ғой замананың, міне, түрін.

Насихат ғумумия
III

Тұрғанда бойда қуат жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып.
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырма бір орнында құр мұнайып.

Жүргеннен тіпті қарап пайдалырақ
Күніне үйренсең де жалғыз қаріп.
Тамшыдан тама берсе болар дария...

V

Шәкірттерді өтейінші бір жанап,
Шетке ұстамай, сіздерді де бір санап.

Неше түрлі бұл заманда ғылым бар,
Үйренуге пайдалысын қыл талап.

VII

Мәз болмай мыңдап жиған малыңызға,
Ұмтылып ғылымға да көзінді ашшы.
Көре алмай біреуіңнен бірің ассаң,
Өз-өзің күншілдікпен болма ащы.

Бірінен бірі тағылым алмақ үшін
Бұл күнде жердің жүзі араласты.
Білуге білмегенін құмар болып,
Әрқайсы өрге ұмтылып жағаласты.

IX

*Ағайын барды күндеп көре алмайды,
Жоқ болса, жомарттық қып бере алмайды.*

Кеткені берекенің сол болмаса,
Білмеген білген тілін неге алмайды?

*Екі көз бір-біріне дұшпан болып,
Болса да қандай жақын сене алмайды.*

Ғұмыры итжығыспен бара жатыр,
Белгілеп бірін-бірі жеңе алмайды.

Бастаса пайдалы іске біреу шығып,
Соңынан көмек беріп ере алмайды.

Ықылассыз кейбір надандар
Тасқа егін себеді.

Ақымаққа айтқан насихат
Дәл осымен тең еді.

Жүгенсіз кеткен бас асау
Айтқанға қайтіп көнеді?
Көңіл – батыр, көз – қорқақ,
Айтатын сөзім көп еді.

*Қыздырмалық қызыл тіл
Түбіңе жетер, соны біл.
Пайдасы жоқ тигендей
Сөз байлығы – дария Ніл.*

*Күле кіріп күңірене
Үйіңнен шығар ол құрғыр.
Көз алдыңда бір түрлі,
Шыға бере шашар сыр.*

*Жақсымен өткен мәжіліс
Бір сағаты – бейне жыл.*

*Жаманның сенбе сөзіне,
Тайдырып кетер жіңішке қыл.*

4-тапсырма. ХХ ғасырдың басы. Қазақ елі тығырықта.

Ақын тығырықтан шығу үшін қандай жол ұсынады?

5. Ақынның ағартушы-демократтар пікірімен үндестігі және айырмасы. Ақын өзіне нені мақсат тұтады?

6. Қазақтың бұрынғы өмірін қалай суреттейді? Қазақтың ел болуына нелер кедергі болды деп есептейді?

Оқушының өз пікірі тыңдалады.

- Ал енді Міржақып Дулатов пікірін тыңдайық. Өлеңдерін СД дискіден тыңдату.

Оқушы жауабы: Ақын өлеңдеріне сүйенсек, ел болуға негізгі кедергілер алауыздық, халық пайдасын ойламау, ақылмен шешпеу, жауға қарсы қорған құрмау, ғылымға ұмтылмау, жол көрсетер адамның аздығы. Ақын шешімі: халықты ояту керек.

5-тапсырма. Интерактивті тақта арқылы Міржақып Дулатовтың «Өнермен асыл болған нәрселер» өлеңін Ыбырай Алтынсариннің «Өнер білім бар жұрттар» өлеңімен салыстыру.

*Россияның заводы мен көп фабрикасы,
Табылған соныменен халық пайдасы.*

Қымбатты арзан қылған сол екеуі,

Нашарға жеңіл келіп пұл бағасы, –

деген түйінімен келісесіздер ме? «Байлықтың бәрі тек ғылыммен келеді» деген тұжырымының өзектілігін дәлелдендер.

6-тапсырма. «Сайлаулар хақында» өлеңіндегі айтылатын сынның бүгінгі өмірмен байланысы бар ма?

Болыс болар мал шашып шығынданып,

Сайлау өтер осылай тынымданып.

Әбден болып алған соң расходын

Бітіреді халықтан жылында алып.

Өзіне-өзі, халыққа жаны ашымай,

Мал шашар боламын деп волостной.

Жұмсаса қандай жақсы болар еді,

На пользу образования народной, –

деген өлең жолдарынан қай ақынмен үндестікті байқауға болады? Қазіргі заманмен үндестік бар ма?

7-тапсырма. «Қазақ жерлері» өлеңінде Ресейдің отарлаушы саясатын қалай әшкерелейді?

«Келді де егін салып байып кетті,

Жалқау ма бұлар, тәңірі-ай, біздің жұрттай»

деген өлең жолдарын оқи отырып заман аңғарын түсінген саясаткер ақынның келбетін танимыз.

8-тапсырма. Сол кездегі білім беру жүйесін, мешіт-медреселерді қалай сынайды?

9-тапсырма. «Қазақ халқына діни бір уағыз» өлеңінің қазақ зиялыларының үкіметке жолдаған арызындағы (петиция) дінге қатысты сұрақпен үндестігі туралы не айтар едіңдер?

10-тапсырма. «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға...» өлеңіндегі оқыған азаматтарға сүйсіну, мақтаныш сезімі.

II-тапсырма.

Өлеңдерін талдап, өзіндік пікір жазу.

«Жастарға» Бүгін: қалың ұйқы, көз іскенше ұйқы.

Ертең: Жастар – жаңа гүл ашқан бақша, жар салып жұртқа
қақсамай іс бітпес.

Халыққа, жастар, басшы бол,

Қараңғыда жетектеп.

Терең судан өтер ме

Мың қойды серке бастамай?

«Қазақтың ру басшыларына» қандай мінездеме береді?

«Надан, шабан, есекше қарның тоқ, ел кезіп ет аңдыған,
өнермен жұмысы жоқ, саспайсың, арамнан қашпайсың».

«Пасық байларға» қандай мінездеме береді?

«Басқаны жау көру, арамнан мал жию, қайыр, зекет
бермеу, ғарып, міскіндерді көрмеу, рақымсыз, жетім-жесірді
кеудеден қағу, пақырларды құдайдың сүймес құлы деп
есептеу, ұрлық, қулық, барымта, момынды сору, бір сөзінде
түйін жоқ, қара қарға секілді қолы бостық».

«Атқамінер сұмдарға» берген мінездемесі:

Сұмдығын сатқан атқамінер, сырын жасырған, берген
пара есебін елден жиып алады.

Болыс болып алған соң

Берген пара есебін

Елден жиып алады.

Бай патшаға тақалмай,

Момындарды сорады,

Кедейге салық салады.

Идеясы: (жемқорлық)

Терме

Қиянаттан бой тартып,

Шық әділет жолына.

Мұны істесең шығарсың

Абыройдың тағына.

«Таршылық халіміз хақында аз мінажат»

Өз-өзіміз дұшпан болып жүргенде,

Жарар еді басқаға жем болмасақ.

Идеясы: Алауыздық, надандықты сынау.

Ғылым үйрен, ашылсын көзің, жастар,

Тәрбиеле өзінді өзің, жастар.

Көп қуып, қорқақ едік, батыр қылды,

Біздерге енді не бар аянатын?!

Идеясы: күреске шақыру.

Ғалым-зерттеушілердің пікірлері мен өз пікіріңді салыстыр.

Өз пікірлеріңді ақын өлеңдерінен үзінділер келтіру арқылы дәлелдендер.

Сұрау-тапсырмаларды әзірлеумен қатар оқушыларға оларды орындатудың педагогикалық-психологиялық негіздерін білу де маңызды.

Жоғары сынып оқушылары орта буын оқушыларына қарағанда тапсырма орындауға құлықсыз келеді, сондықтан оларды сұрау-тапсырмалармен жұмыс істеуге жұмылдыру, ынталандыру керек. Ал оларды жұмылдыру үшін оқыту үдерісін ұйымдастырудың психологиясын білу керек, яғни, оқушылар жауапкершілікті өз қолына алып, тапсырманы орындауға бар ынтасымен кірісуі керек. Ол үшін олар «Бұл тапсырманы орындай алмаймын» деген қорқынышты жеңуі және «Бұл тапсырманы орындау маған не үшін қажет?» деген жалқаулықты, ішкі қарсылықтарды жеңуі қажет. Ал тапсырманы орындау арқылы оқушы жаңа дағдылар, тіл байлығын, көпшілік алдында сөйлей білу іскерлігін игеріп, осы сияқты көптеген қабілеттерге ие болады. Осыны оларға үнемі ескертіп, есіне салып отыру керек. Егер немқұрайлық танытсақ, нәтижеге жете алмаймыз.

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОҚЫТА ҮЙРЕТУ ОЙЫНДАРЫ

Қазіргі кезде Қазақстанда көптеген ғалымдардың технологиялары оқыту үдерісіне енгізіліп өз нәтижесін беруде. Соның бірі Марал Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы еліміздің мектептерінде қолданылуда. Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі тұлғаның танымдық қабілеттерін және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы болып табылады.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінде қолданылатын оқытудың белсенді формаларына оқыта үйрету ойындары жатады. Мысалы: «Қарлы кесек», «Брейн-ринг», «Бақытты сәт», «Саяхат», «Білім биржасы», «Өз жартыңды тап», «Киностудия» және т.б.

Осы ойындарды әдебиет сабағында қалай жүргізуге болады? Ол ойындарды төмендегіше өз пәніміздің ерекшелігіне қарай икемдесек, сабақ тиімділігі артатыны сөзсіз. Осы бағытта 8-сынып әдебиет оқулығы бойынша өткізілген оқыта үйрету ойындарын назарларыңызға ұсынып отырмын.

«Брейн-ринг» ойыны. Сыныптың оқушыларын 7 адамнан топқа бөлеміз. Әр топтың үстеліне 6-ға дейінгі нөмір үлестіріледі де, 7-оқушы жүргізуші болады. Әр топтың үстеліне 6-ға бөлінген дөңгелек сектор, әр секторда 3 сұрақ

және кубик беріледі. Жүргізуші кубикті тастағанда қай нөмір шықса, соған сәйкес нөмірдің оқушысы сол нөмірдегі сектордың сұрағына жауап береді. Жүргізуші бағалайды.

Ойын сұрақтары

I деңгей. 1. Абайдың өлеңге қояр талабы қандай? 2. Жамбылды неге «Жыр алыбы» дейміз? 3. «Қалқаман-Мамыр» поэмасында қандай салт-дәстүрлер жырланады?

II деңгей. 1. Прозалық, поэзиялық шығармаларға сатылай кешенді талдаудың жүйесі қандай? 2. Көркем шығарманың тақырыбы, идеясы, композициясы деген не? 3. «Батыр Баян» поэмасындағы Баян қандай бейне?

III деңгей. 1. Табиғатты адам жанымен егіздеп, анасына мәңгілік ескерткіш орнатқан Шерхан Мұртаза шығармасы сананда қандай із қалдырды? 2. Бүгінгі заман адамын шынайы суреттеудегі Дулат Исабеков шеберлігі туралы не айтар едің? 3. Шыңғыс Айтматовты неліктен «Адамзаттың Айтматовы» дейді?

«Пікірталас» ойыны. Сынып оқушыларын 3 топқа бөлеміз. 1 оқушыны ойын жүргізушісі етіп аламыз. Әр топ өзіне ат қойып алады. 3 топқа бірдей 3 сұрақ қойылады. Оқушыларға дайындалуға 15 минут уақыт беріледі. Ортадағы үстелге жүргізуші 3 топтан 3 оқушы шақырады. Ортаға шыққан оқушылар әуелі 1-сұраққа алма-кезек жауап береді. Егер жауап бере алмаса немесе толық жауап бере алмаса, өзінің тобына барып ақылдасып қайтып келуіне болады. Жүргізуші әр сұраққа жауап бергеннен кейін қорытындылап, келесі сұрақты қойып, бағалап отырады. Ойын соңында әр ойыншыға әр топқа жиналған ұпайы бойынша баға қойылады.

1. Ежелгі дәуір әдебиеті мұраларынан нені оқып білдік? 2. XIX ғасыр әдебиетінің ерекшелігі неде? Бұл дәуірдің негізгі мұраларынан не білдік? 3. Бүгінгі дәуір ақын-жазушылары қандай мәселелер көтерді?

«Бетпе-бет» ойыны. Сынып оқушыларын 3 топқа бөлеміз. 1 оқушыны жүргізуші етіп сайлаймыз. 3 топтан 3 оқушыны «Бетпе-бет» студиясына шақырамыз. Топтың оқушылары өзге топтан келген қонаққа алма-кезек сұрақ қояды. Ал жауаптарын жүргізуші бағалап отырады. Ойын соңында жинаған ұпайы бойынша ойын жеңімпазы және ең жақсы сұрақ қойған оқушылар анықталып бағаланады. Сұрақты оқушылар өткен материалдар бойынша үйден дайындап келеді.

«Сот» ойыны. Сынып оқушыларын бес-бестен топтарға бөлеміз. Әр бес оқушы өздері төмендегі рөлдерді бөліп алып, берілген тапсырма бойынша 10 минут дайындалып, өз рөлдерінде жауап береді. 2 тапсырма беріліп, әр тапсырмаға 15 минут жауап береді. Сабақтың соңында әр топ мүшелері өз ішінде бір-біріне баға береді.

Рөлдері. **Прокурор** (айыптаушы) берілген тапсырма бойынша айыпты кейіпкердің, яғни, айыпталушының ісін сотқа мәлімдейді. Өз ойын дәлелдеп айтуы керек. **Сот** айыпталушыға сөз беріп, сабақ соңында өз үкімін айтады. **Адвокат** (қорғаушы) өз айыпталушысының ісін ақтап, қорғап шығады. **Куәгер** осы іс бойынша немесе тапсырма бойынша көрген-білгенін айтады.

Айыпталушы өзінің қателіктері жөнінде айтып, өз пікірін білдіреді. **Судья** соңғы қорытынды ойды айтады.

«Конференция» ойыны. Сынып оқушыларынан өз қалаулары бойынша 5 оқушыны (Мұхтар Әуезов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Олжас Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев) конференцияға қонаққа шақырамыз. Оқушылардың дайындалуына 15 минут уақыт береміз. Осы уақыт ішінде 5 жазушы өздерінің өмірі мен шығармашылығы және оқулықта берілген шығармасы бойынша дайындалса, қалған оқушылар осы жазушыларға сұрақ дайындайды.

1-кезең (15 минут). Жазушы ойын тыңдау

2-кезең (15 минут). Оқушылар сұрақтарына жазушылар жауап береді.

«Ханталапай» ойыны. Сынып оқушыларын 3 топқа бөлеміз. Ойын 3 кезеңнен тұрады. Әр кезеңде сұрақ дайындауға 3 минут, жауап беруге 10 минут беріледі. Қорытындыға – 5 минут. Ойынға 15 сұрақ дайындалып, әр топқа 5 сұрақ конвертке салынып, нөмірленіп беріледі. Әр топқа 1-ден 5-ке дейін нөмірленген асық беріледі. Асықты жүргізуші ортаға тастайды, ойыншылар қай нөмірлі асықты алса, сол конверттегі сұраққа жауап береді.

Ойын сұрақтары

1. Қорқыт туралы қандай аңыздар бар? 2. Қорқыт нақыл сөздерінің ерекшелігі неде? 3. «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің тақырыбы не? 4. Неліктен Бақтығұл Сәлменді емес, Жарасбай болысты өлтірді? 5. «Нар идірген» күйі қалай дүниеге келіпті? 6. Психологиялық параллелизм деген не? 7. Олжас Сүлейменовтың зерттеу еңбегі қалай аталады? 8. Омар Хайям қандай ғылымдармен айналысқан? 9. Ата-ана, туған жер алдындағы азаматтық парыз деген не? 10. «Әпке» драмасындағы кейіпкерлер туралы не айтасың? 11. Әбілхасан Рудаки өлеңдерінде адам мен өмір туралы не айтты? 13. Толғау деген не? Қандай толғауларды білесің? 14. Мұқағалиды неліктен «Ғасырдың ғажап ақыны» деп атаймыз? 15. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы қандай шығармаға жатады

«Жайдарман» ойыны. 1-кезең. Сынып оқушыларын 3 топқа бөлу. 3 топ бір-біріне сұрақ қояды. 10 минут уақыт беріледі.

2-кезең. 3 топқа роман, повесть, әңгіме туралы айтқызу (10 минут).

3-кезең. «Менің Қазақстаным» тақырыбына өлең шығару, дайындалуға – 5 минут, жауаптарына 3 топқа – 10 минут.

4-кезең. 5 минутта сұрақ оқылады.

Найман-Ананың баласы... Найман-Ана сүйегі қойылған жер... Расул Ғамзатовтың ана тілі... Жауыздықтың шектен шыққан түрі... «Қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі қарттың арманы...

«Жатқа айту». Сынып оқушыларын 3 топқа бөліп, өлеңдерден жаттаған үзінділер айтудан жарыс. 1-кезең – 20 минут. 2-кезең – 20 минут. 1-топ бір өлеңнен екі жол айтса, 2-топ жалғастырып екі жолын айтады, басқа өлеңнен 2 жол айтады, оны 3-топ жалғастырып 1-топқа айтады. Ойын соңында қай топ көп ұпай жинаса және қай оқушы көп ұпай жинаса, сол жеңеді.

«Бірін-бірі үйрету» ойыны. Ойын жұптық жұмыс түрінде өтеді. Әр жұпқа 2 тапсырма беріледі. Тапсырмаларға дайындалуға 20 минут уақыт беріледі. 1-тапсырма бойынша біреуі мұғалім болып сол тапсырманы түсіндіреді. Екіншісі оқушы болып жауап береді. 2-тапсырмада орындарын алмастырады. Жауап беруде 2 тапсырмаға 10 минуттан 20 минут беріледі. Әр жұптағы оқушылар ойын соңында бірін-бірі бағалап, кемшіліктері мен жетістіктерін айтады.

«Не? Қайда? Қашан?» ойыны. Сәйф Сараидың төл шығармасы не деп аталады? Ахмет Иассауи өмірі туралы не білесіңдер? Шортанбай Қанайұлын не үшін «Зар заман ақыны» деп атайды? Байтас қарт не мақсатпен тау асып жаяу қашып келеді? Абайдың «Он жетінші қара сөзінде» ақыл, қайрат, жүрек үшеуі не жөнінде таласты? Орхон ескерткіштеріндегі жазулар қайда жазылып сақталған? Қорқыт ата кітабының 12 жырдан тұратын нұсқасы қайда сақталған? Ахмет Иассауи өмірінің соңғы сәттерін қайда өткізді? Әбу Насыр әл-Фараби оқу іздеп қайда барды? Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» поэмасында тірі қалған Қалқаман қайда кетті? Алтын Орда мемлекеті қашан құрылды? Ішкі Бөкей ордасында Исатай мен Махамбет

бастаған шаруалар көтерілісі қашан болды? Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде қашан аталып өтті? Шыңғыс Айтматов қашан дүниеден озды? Төлеген Айбергенов қашан қай жерде қайтыс болды?

«Пресс-клуб» ойыны. Сыныптағы оқушылар – тарихшы, әдебиетші, заңгер Олар әдеби кездесу кешіне шақырылады. Олар тақта алдына дайындалған партаға отырғызылады. Жүргізуші оқушы болады. Ал қалған оқушыларға газет-журнал аттары жазылған омырауша беріледі. Олар сол газеттің журналистері болады. Келген қонақтар – Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматов.

«Ғажайып алаң» ойыны. Ойын 3 бөлімнен және қорытынды бөлімнен тұрады. Бұл ойынға барлығы 15 оқушы қатыса алады. Алдымен 1-кезеңге қалаған 3 оқушы шығады. Сұраққа байланысты тақтада жасырынған сөзді шешеді. Жеңген оқушы қорытынды бөлімге қатысады. Сөйтіп 3-кезеңге дейін ойнатылады. Қорытынды шешуші ойынның алдында көрермен оқушылармен ойын ойналады. Шешкен адам сыйлық алады. 3 кезеңде жеңген оқушылар қорытынды ойынға қатысады. Ойын кезегін алған әр ойыншы шеңберді айналдыру арқылы өзіне ұпай жинайды. Егер скрипка кілтінің белгісі шықса, оқушы өлеңнен не шығармадан үзінді айтады.

«Эстафета» ойыны. Сынып үш топқа бөлінеді. Мәтін мазмұны бойынша бөліктерге бөлінеді. Белгі бойынша оқи бастаймыз (5-7 минут). Жүргізуші нөмірленген үш парақ дайындап, оларды әр топқа береді. Белгі бойынша оқиғаларды, фактілерді жазып, үндеместен бір-біріне жылжытып отырады (бір-бірін қайталамауы тиіс). Қай топ неғұрлым дұрыс, оқиғаларды қалдырмай ретімен, дәлелді жазса, сол топ жеңіске жетеді. Іске сәт!

1-топ: Сәйф Сараи өмірі, 2-топ: «Түркі тіліндегі Гүлстан» шығармасының ерекшелігі, 3-топ: «Түркі тіліндегі Гүлстан»

шығармасының мазмұны.

«Оптимистер», «Пессимистер», «Реалистер» ойыны («Айтыс» тақырыбы бойынша).

Топтарға бөлініп *«Оптимистер», «Пессимистер», «Реалистер»* рөлдік ойынын өткізіндер. «Оптимистер» айтыстың болашағы, бүгінгі күндегі айтыстың құлаштап өркендеуі туралы құнды пікірлер айтады. «Пессимистер» айтыстың бүгінгі күнде дамуына кедергі болып жатқан факторлар туралы ой қозғайды. «Реалистер» айтыста бейнеленетін өмір шындығы туралы нақты мысалдармен ой өрбітеді.

«Ең бастысы» ойыны. «Ең бастысы» ойынын жүргізіндер. Айтысты жылдам әрі мұқият, зейін қоя оқып шығамыз. Тағы бір қарап өтіп жарысты бастаймыз. Осы айтысты сипаттайтын бір ғана сөз ойлаймыз. Сосын бір сөйлеммен сипаттаймыз, артынан оның «құпиясын», «басты белгісін» ашатын жолдарын тауып жазамыз. Өз сөздеріміз бен сөйлемдерімізді кезекпен оқып шығамыз. Жүргізуші ең жақсы нұсқа ұсынған ойыншыларды атап көрсетеді.



Шолпан МОЛДАНҚЫЗЫ,
Ғұбайдолла Ақтаев атындағы
№6 орта мектептің мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

ОҚУШЫ БІЛІМІН НЫҒАЙТУ: ТЕСТ (5-СЫНЫП)

Әдебиет пәні жас қауымға жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы туралы, дүниедегі жақсылық пен ізгілік туралы білім береді.

Әдебиет пәнінен берілген тест сұрақтарын орындау барысында оқушының ой еркіндігін дамытуына, өз бетімен жұмыстануына, білім, білік дағдыларын қалыптастыруына, тест жауаптарын нақты белгілеулеріне мүмкіндік туады. Оқушының тоқсан сайын алған білімдерін нығайтуға әдебиет пәні бойынша құрастырылған тест сұрақтарының пайдасы мол.

І тоқсан

1. Барлық елдердің әдебиеті сияқты қазақ әдебиеті неше түрге бөлінеді?

А) 3; Ә) 2; Б) 4; В) 5.

2. Ауызша таралған сөз өнерін не дейміз?

А) жазба әдебиеті; Ә) ел әдебиеті;

Б) ауыз әдебиеті; В) халық әдебиеті.

3. Халық ауыз әдебиетінің неше түрі бар ?

А) 6; Ә) 7; Б) 8; В) 9.

4. Тұрмыс-салт жырларының ең көп түрінің бірі:

А) бесік жыры; Ә) жар-жар;

Б) наурыз жырлары; В) тұсаукесер жыры.

5. Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп.

Өлең жолын одан әрі жалғастыр.

А) Жаудыраған көзіңнен «тоташым» деп;

Ә) Тұлпар болар жүгірген «жұрыным» деп;

Б) Қараңғыда баспаған «қорқағым» деп;

В) Ештеңені білмеген «момыным» деп.

6. «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деп айтқан мақалдың авторы кім?

А) Ыбырай; Ә) Абай; Б) Шәкәрім; В) Мағжан.

7. «Жақсы жүрген жерін мақтап жүреді,

Жаман жүрген жерін даттап жүреді». Мақалдың тақырыбын анықта.

А) білім; Ә) ерлік; Б) достық; В) адамгершілік.

8. Ауыз әдебиетінің ең көне жанрын табыңыз.

А) мақал-мәтелдер; Ә) тұрмыс-салт жырлары;

Б) ертегілер; В) жұмбақтар.

9. *«Бес ін, бес іннің аузы бір ін».* Жұмбақты шешіңіз.

А) бұлақ; Ә) қолғап; Б) сәбіз; В) құлып.

10. «Ер Төстік» ертегісі ертегінің қай түріне жатады?

А) қиял-ғажайып ертегі;

Ә) хайуанаттар жайлы ертегі;

Б) шыншыл ертегі;

В) мінез-құлық туралы ертегі.

11. – *Қақпас кемпір өтірік айтады. Сенің азғаларың болған жоқ, оның сөзіне нанба! Кімнің сөзі?*

А) шешесі; Ә) әкесі; Б) ағасы; В) апасы.

12. Төстік нені қуырып отырады?

А) арпаны; Ә) бидайды; Б) сұлыны; В) жүгеріні.

13. «Аяз би» ертегісіндегі ханды табыңыз.

А) Манат; Ә) Мадан; Б) Мағаш; В) Мағзым.

14. – *Хан алдында айтам,-* деп сөйлемей қойған кім еді?

А) уәзір; Ә) хан; Б) жаман; В) құл.

15. Құстың жаманын табыңыз.

А) қырғауыл; Ә) сауысқан; Б) қарға; В) бүркіт.

16. Зәрлі ханның неше әйелі болған?

А) 17; Ә) 18; Б) 19; В) 20.

17.- *Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың? Кімнің сөзі?*

А) бала; Ә) Кендебай; Б) хан; В) ата-ана.

18. Құлын неше айда алты кез ат болып шығады?

А) 3 айда; Ә) 4 айда; Б) 5 айда; В) 6 айда.

19. *«Бар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен...»* деп басталатын ертегіні табыңыз.

А) «Сыртандар»; Ә) «Ер Төстік»;

Б) «Қырық өтірік»; В) «Аяз би».

20. «Мұртына шегірткенің ат арқандап,
Дегенде өлдім-талдым әрең шештім» деп өтірік
өлең айтқан кім еді?

- А) мақтаншақ бала; Ә) Тазша бала;
Б) жылқышы бала; В) қойшы бала.

21. «Қасқыр баланың аяғынан тістей бергенде, бала
шошып ояна беретін болады». Қай ертегіге сәйкес
келетінін табыңыз?

- А) «Сырттандар»; Ә) «Қырық өтірік»;
Б) «Аяз би»; В) «Керкұла атты Кендебай».

22. «Егер қара қасқыр сені жеген күнде, қасқыр атаулы
адамға қожя болатын еді. Оны енді мен өлтірдім, енді
адам қасқырға қожя болады» Кімнің сөзі?

- А) бала; Ә) жігіт;
Б) сырттан жігіт; В) айлакер жігіт.

23. Белгілі бір адамның атына, іс-әрекетіне
байланысты туған ауыз әдебиетінің бір алуан саласы:

- А) ертегі; Ә) аңыз; Б) әңгіме; В) жұмбақ.

24. «Ақсақ құлан, Жошы хан!..

Илан, ханым, осыған!» деген естірту қандай аспаппен
орындалады?

- А) қобызбен; Ә) сырнаймен;
Б) домбырамен; В) жетігенмен.

25. «Баламды тауып бер». Кімнің сөзі?

- А) Асан қайғы; Ә) Ханның сөзі;
Б) Қорқыт; В) Жиренше.

II тоқсан

1. Жиренше кім дүниеден өткеннен кейін үйленбей
көп жүреді?

- А) Қарашаш; Ә) Қармақпал;
Б) Қаракөз; В) Қарайым.

2. – Сыртыңнан естіп қанық ем,
Шешен деген атыңды. Кімнің сөзі?

- А) жігіттің; Ә) бидің;
Б) қыздың; В) жолаушының.

3. – Өзің білмес ісіңді

Білгендерден сұрап біл. Кімнің айтқаны?

- А) Жиренше; Ә) Қожанасыр;
Б) Алдаркөсе; В) Асан қайғы.

4. «Осыны сұрата жіберген хан ақымақ па, сұрай келген сен ақымақ па?» деді де ұша жөнелді, тақсыр, - дейді Жиренше. Ұша жөнелген не еді?

- А) жел; Ә) қоға; Б) қаңбақ; В) шеңгел.

5. Елге белгілі адамдардың қайсыбір оқиғаға байланысты айтқан тапқыр сөздері:

- А) ғашықтық жырлар; Ә) ақындар айтысы;
Б) шешендік сөздер; В) батырлар жыры.

6. Төле би кімнің болашағын болжайды?

- А) Байдалының; Ә) Қазыбектің;
Б) Бұқардың; В) Тайкелтірдің.

7. Дүниеден өткен Уәлихан кімнің атасы?

- А) Шоқанның; Ә) Шыңғыстың;
Б) Абайдың; В) Құнанбайдың.

8. – Айғаным, сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын. Жоқтауды қоя тұрып, тоқтауды тыңдасаң қалай болады? - деген кім еді?

- А) Тайкелтір; Ә) Байдалы;
Б) Қоңтажы; В) Айдабол.

9. Бұқар жыраудың қартайған шағында көңілін сұрамақ болып кім келеді ?

- А) Әйтеке би; Ә) Төле би;
Б) Қазыбек би; В) Жиренше шешен.

10. Ақтайлақ би Қанай шешеннен:

- Ер басында бақыт нешеу? – деп сұрайды.

А) екеу; Ә) үшеу; Б) төртеу; В) бесеу.

11. Атақты Малайсары биден бата алуға келген кім еді?

А) Ақтайлақ би; Ә) Сырым;
Б) Қанай; В) Байдалы би.

12. «Бақыт та тілден, пәле де тілден, тіліңе сақ бол». Кімнің сөзі?

А) Малайсары; Ә) Сырым;
Б) Ақсуат би; В) Ақтайлақ би.

13. Құранда қанша сүре бар?

А) 111; Ә) 112; Б) 113; В) 114.

14. Алла тағала Жәбірейіл періште арқылы пайғамбарымыз Мұхаммед Ғалайһсаламға қанша жыл ішінде әр түрлі тарихи оқиғаларға байланысты уаһи (хабар) түсірген?

А) 23; Ә) 24; Б) 25; В) 26.

15. Алла тағала күллі ғаламды (әлемді) неше күнде жаратты?

А) 4; Ә) 5; Б) 6; В) 7.

16. Құранды жаттап, оны жеті түрлі қырағатқа (әуенге) салып оқушы адам:

А) Сапиолла; Ә) қари;
Б) хафиз; В) сахаба.

17. Бір Аллаға сеніп үйіне қайтып кеткен кім еді?

А) Ибраһим; Ә) Ажар;
Б) Сара; В) Сапиолла.

18. Кімнің өкшесі тиген жерден бұлақ пайда болды?

А) Сараның; Ә) Сапиолланың;
Б) Сымайылдың; В) Ажардың.

19. Жазған авторы белгілі болатын ертегінің бір саласы:

А) шыншыл ертегі; Ә) хайуанаттар жайлы ертегі;

Б) қиял-ғажайып ертегі; В) әдеби ертегі.

20. *Тау да басып, шөге берді,*

Апасы жас төге берді,

Отан үшін өлді бала, - деген жолдар әдеби

ертегілердің қайсысына жатады?

А) «Жүсіп хан»; Ә) «Толағай»;

Б) «Саяхатшы бақа»; В) «Тазша бала».

21. Шағын көлемді, оқиғалы, адамға сабақ болатын

тағылымдық шығарма:

А) аңыз; Ә) әңгіме;

Б) мысал; В) ертегі.

22. Ахмет Байтұрсынұлының қай мысалынан

алынған?

Нақыл сөз «Әлін білмес әлек» деген

Осындай әуре болған жаннан қапты.

А) «Егіннің бастары»; Ә) «Өгіз бен бақа»;

Б) «Маса»; В) «Қырық мысал».

23. Махамбеттің қай өлеңінен алынған?

Құсалықпен өтті зой

Махамбеттің көп күні.

А) «Соғыс»; Ә) «Тарланым»;

Б) «Қызғыш құс»; В) «Мұнар күн».

24. Ыбырай Алтынсариннің табиғат лирикасын

қамтыған өлеңі:

А) «Өзен»; Ә) «Жел»; Б) «Күн»; В) «Жұлдыз».

25. *«Ісіме нық, малыма күтімді болдым».* Кімнің

сөзі?

А) Антошканың; Ә) саудагердің;

Б) Антонның; В) Олегтің.

(Жалғасы бар).

ҚҰДЫҚ ҚАЗУ – ЕҢСЕПТІҢ АТА КӘСІБІ

(6-сынып, «Шыңырау» повесінің 3-сағаты)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесін оқушылар қорытындылайды, оқушылар құдық қазу кәсібі туралы тың мағлұматтар алады, «Шыңырау» хикаятынан берілген үзіндінің идеясы мен мазмұнын ашады; **дамытушылық** – оқушылардың қызығушылығы оянады, танымдық белсенділіктері артады, мәтін бөліктерінің негізгісін таба білуді үйренеді; **тәрбиелік** – ұжымшылдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, оқушылар өз салт-дәстүрлерін құрметтей білуге дағдыланады.

Түрі: қорытынды сабақ. **Әдістері:** семантикалық карта, әңгіме кестесі, ойтолғау, т.б. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, кестелер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

Күтілетін нәтиже: оқушылар повесть мазмұнын, жазушының айтар ойын түйін сұрақтарға жауап беру арқылы анықтай алады, құдық қазу кәсібіне қатысты салт-дәстүрлер мен кәсіби сөздер туралы мағлұмат ала отырып, құдық қазу ата-бабамыздан келе жатқан кәсіп екеніне көздерін жеткізе алады.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру, көңілдерін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасы.

Повесть дегеніміз не?

(Балалар пікірі тыңдалады. Мұғалім толықтырады).

Баяндау түрінде қара сөзбен жазылған оқиғалы көркем шығарманың түрін повесть не хикаят деп атайды. Повестегі оқиғалар жинақы, сюжеттік желі негізінен бір арнада өрбиді. Кейіпкерлер саны әңгімеден көбірек. Мұнда бірнеше оқиға, адам өмірінің кезеңдері кеңірек дамытыла суреттеледі.

Өлең деген не? (Өлең – буын өлшемі бар, ырғаққа, ұйқасқа құрылған көркем сөз, поэзия).

Баллада деген не? (Баллада – лириканың ерекше бір түрі. Әдеби жанр ретінде баллада орта ғасырда роман елдерінің (француз, испан, т.б.) поэзиясында туып қалыптасқан. Баллада – лиро-эпостық сипаттағы шағын сюжетті өлең. Мұнда ақын өзінің көңіл күйін, толғанысын жырлап қана қоймайды, сонымен қатар сондай сезімді, көңіл күйін туғызған себептерді оқиғаға айналдырып суреттейді).

Әңгіме деген не? (Әңгіме – қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма).

1. *Семантикалық картамен жұмыс.* Оқушылар берілген әдеби шығармаларды түрлеріне қарай бөліп көрсетуі керек (интерактивті тақтадан)

Әдеби шығармалар	Өлең	Әңгіме	По- весть	Баллада
Қылау;				
Менің атым – Қожа;				
Туған жер;				
Шыңырау;				
Арқаның әңгімесі;				
Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры.				

2. *Әңгіме кестесін толтыру.*

Әңгіме- нің авторы	Әңгіме- нің атауы	Кейіпкер- лері	Қандай оқиғалар баяндалады?
--------------------------	----------------------	-------------------	-----------------------------

Әбіш Кекілбаев	«Шыңырау»	Құдықшы Еңсеп, Байсал бай. Ауыл ақсақалдары.	1. Байсал байдың өтініші. 2. Ақсақалдардың тастак жыраның құбыла бет құйрығын қолайлы көруі. 3. Еңсептің құдық қазуға кірісуі. 4. «Қараш әулетінің» баяндалуы. 5. Еңсептің еңбекке жарамды нарларды таңдап алуы. 6. Шыңырау түбіндегі аянышты өлім.
-------------------	-----------	---	--

1. Байсал бай Еңсепке қай жерден құдық қазуды өтінді?
2. Ақсақалдар құдық қазуға қай жерді жөн көрді?
3. “Қараш әулеті” қалай баяндалады?
4. Еңсептің еңбегі елге қандай жақсылық әкелді?

III. Жаңа сабақ. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

I. Қызығушылықты ояту.

- Оқушылар, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:

«Құдық қазу – Еңсептің ата кәсібі».

Ал осы құдық қазу кәсібі туралы не білесіңдер?

Құдық қазу кәсібі қазір әлі де бар ма?

Оқушылардан өз ойлары ауызша сұралады.

I. Құдық қазу кәсібі туралы түсінік беру.

Су – тіршілік көзі. Сусыз өмір жоқ. «Шыңырау» хикаяты

– Маңғыстау даласындағы құдықшылық кәсіптің қыр-сырын сипаттаған шығарма.

Жазушы құдықшылық кәсіп өнер екенін айтады. Сол өлкеде өзінің өшпес қолтаңбасын қалдырған әйгілі құдықшы Қараш Бейнеубай Құлшарыұлы деген кісі болыпты.

II. Мағынаны тану.

1. Енді хикаятқа негіз болған «Ақ отты нар» аңызына тоқталу.

«Ойлы болсаң, ойлап көр».

- Оқушылар бүгінгі сабағымызда құдық қазу ата-бабаларымыздан келе жатқан кәсіп екенін айтып өттік. Ал

енді осы құдық қазу кәсібіне қатысты қандай салт-дәстүрлер, кәсіби сөздерді білесіңдер?

(Оқушылар пікірі сұралады).

Құдық қазу кәсібіне қатысты салт-дәстүрлер мен кәсіби сөздерге тоқталу.

2. *Сөздікпен жұмыс.* *Ернек* – бір заттың ернеуі, жиегі, өзен-көлдің жағасы, жағалауы. *Құлама* – таудың, жардың тік беті, судың құлап аққан тұсы. *Шығыр* – құдықтан су тартып шығару үшін жасалған қолмен бұралатын қарапайым құрал. *Сүймен* – қатқан жерде мұзды оятын үшкір сом темір.

Құдық қазу кәсібінде кездесетін салт-дәстүрлер:

- *Құдық ақы* – құдықшыға құдық қазған еңбегі үшін төленетін ақы.
- *Құдық байғазы* – құдық қазылып біткен соң ағайын, ауыл-аймақтың малдай беретін көрімдігі. Құдыққа байғазы ретінде астау, арқан, шығыр да әкелетін болған.

III. Ойтолғаныс. “Құдық қазу – ежелден келе жатқан ата кәсібіміз” тақырыбында ойтолғау жазу.

Білім бекіту тесті:

1. “Шыңырау” хикаятының авторы кім?

- а) Талап Сұлтанбеков; б) Дулат Исабеков;
ә) Сайын Мұратбеков; в) Әбіш Кекілбаев.

2. “Шыңырау” хикаятындағы басты кейіпкер кім?

- а) Еламан; ә) Еңсеп; б) Байсал бай; в) Тұрар.

3. «Шыңырау» хикаятында қандай кәсіп туралы айтылады?

- А) Аңшылық; Б) Ұсталық; Ә) Егіншілік; В) Құдық қазу.

4. Шығыр деген не?

- А) Құдық қазатын құрал; Б) Теңізден су тартатын құрал;
Ә) Су тартатын құрал; В) Су қондырғысы.

5. Хикаяттағы құдықты халық қалай атайды?

- А) Еңсеп қазған; Б) Әулие құдық;
Ә) Еңсеп өлген; В) Киелі құдық.

Үйге тапсырма: тақырыпқа байланысты сұрақтар дайындап, осы кәсіпке байланысты мақал-мәтелдер тауып келу.

Бағалау.



Назым МАҚСАТҚЫЗЫ,
Семей қаласындағы
№ 42 жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫНЫҢ «ЕСПЕМБЕТ» ПОЭМАСЫ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) «Еспембет» поэмасының мазмұнын, тақырыбын, идеясын ұғындыру, батырлар жырымен үндестігін таныту, әдеби-теориялық талдау; ә) шығарманы талдай отырып өз ойларын еркін айтуға жағдай жасау, шығармашылыққа, ізденімпаздыққа баулу; б) еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту, ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге тәрбиелеу.

Түрі: дамыта оқыту. **Әдісі:** баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап, т.б. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта жұмыс, оқулық, Дулат Бабатайұлы шығармалары.

Сабақтың барысы.

Психологиялық даярлықты қамтамасыз ету.

Үй тапсырмасын пысықтау:

1. Дулат Бабатайұлының өміржолына қысқаша шолу. 2. Мұхтар Әуезовтің Дулат, Шортанбай сынды ақындарды «Зар заман ақындары» деп бағалағаны белгілі. Неге? 3. Дулат

Әндерін қандай тақырыптарға топтастыруға болады? 4. Дулат ақынның «Кеудеме қайғы толған соң Тұнық жырмен жуынам» деп жырлау себебі неде?

Жаңа сабақ.

1. Поэманың басталуы қандай оқиғаға құрылған? 2. Еспембеттің «Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне» деген қағиданы ұстану себебі неде? 3. Нағашы атасы жиенінің тілегіне қалай қарады? 4. Ел-жұрты қалай қарсы алды? Себебі неде деп ойлайсындар? 5. Еспембет кімнің асына барды? 6. Қазақ батырлары қайда не үшін аттанды? 7. Ұрыста Еспембет қалай танылды?

Бөлімдік жоспар

I бөлім «Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан ...»

II бөлім «Ер туған жеріне...»

III бөлім «Елге қорған ер туса...» немесе «Ер ел үшін туады».

Композициялық жоспар

Композициялық жоспар	Суреттеу тәсілдері	Поэманың тілі	Поэмадағы салт-дәстүрлер
1. Пролог.	Деталь	<i>Жетімдіктің арқаны</i>	Нағашы мен жиен
2. Еспембеттің нағашы жұртында тәрбиеленуі.	Баяндау	(метафора) <i>Өрттен шыққан ұшқындай</i>	(туыстық ұғым жайлы) Ас беру
3. Туған елге оралсам деген арманы.	Монолог	(теңеу) <i>Толқынды топ</i>	Сауын айту
4. Атасынан бата алып, Ақбөртемен еліне оралуы.	Диалог	(метафора) <i>Қанқұмар қылыш</i>	Енші бөліп беру
5. Қалмаққа қарсы соғысқа аттануы.	Баяндау	(эпитет) <i>Бұйдалы тайлақ</i>	
6. Қалмақ батырымен жекпе-жекке шығуы.	Баяндау Суреттеу Суреттеу	<i>секілді</i> (күрделі теңеу) (Қаны толды ұртына)	Үйлендіру, қалыңдық әперу
7. Елінің олжаға кенеліп, Еспембеттің елге танылуы.	Баяндау	<i>әсірелеу</i> <i>Қанға сусан</i> (әсірелеу)	Бата беру

Кейіпкер бейнесін ашу

Парасатты, алдына мақсат қоя білушілік, тектілік, ақылды, алып күш иесі, ержүрек, басқаларға үлгі, ұлтының патриоты, адал, ел қамқоры, ақжүрек, дүниеге қызықпайды, жомарт, кең пейіл, адал, сезімтал, т.б.

Сабақты қорыту.

«Еспембет» поэмасы

Өзара үндестік

Батырлар жсыры

1. Жазба әдебиет.	Ұлттық психология.	1. Ауыз әдебиеті үлгісі.
2. Әке-шешесіз жетім өсуі.	Батырлықты дәріптеу.	2. Әке-шешесінің ерке балалары.
3. Сүйген жары айтылмайды.	Қазақ-қалмақ соғысы.	3. Батырдың қасынан табылатын сүйген жарының болуы.
4. Туған елінен, жерінен жырақта өсіп ер жеткен.	Ат – ер қанаты.	4. Туған елінің топырағында аунап-кунап өскен.
5. Жыраулар поэзиясы.	Елін, жерін жаудан қорғауды мақсат ету, т.б.	5. Түркі тектес халықтарға ортақ туынды.

Поэманың идеясын таныту

Ақын Дулат Бабатайұлы *Еспембеттей ер қайда?* *Еспембеттей ер туса, Ер күтетін ел қайда?* дей отырып, елін, жерін қорғайтын Еспембеттей ер туса деген өз идеясын жұртқа жеткізуді мақсат тұтқан.

Үйге тапсырма: I. Ойтолғау жазу (1-қатар: «Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан...» 2-қатар: «Ер туған жеріне...» 3-қатар: «Елге қорған ер туса...» немесе «Ер ел үшін туады»). II. Поэмадағы тұрақты сөз тіркестеріне – *картотека*.

Оқушы білімін бағалау.

МҰҚАҒАЛИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ

(8-сынып)

Модуль №10

Модуль бөліктері	Сабақтың тақырыбы	Уақыты
Кіріспе.	1. Модульге кіру. 2. Тірек-сызба,таблица. 3. Лекция. 4. Дәптермен жұмыс. 5. Үйге тапсырма.	12 минут 10 минут 10 минут 10 минут 3 минут
Сөйлесу бөлімі.	1. “Қарлы кесек” ойыны. 2. “Бейнелі жады” ойыны. 3. “Киностудия ” ойыны.	45 минут 45 минут 45 минут
Қорытынды.	1. Ұйымдастыру. 2. Ойтолғау. 3. Мәтінді есте сақтау. 4. Драмалық көрініс. 5. Композициялық талдау. 6. Тест (деңгейлік). 7. Блиц-турнир. 8. Мұқағали өлеңдерінен сынақ. 9. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы. 10. Қорытынды, үйге тапсырма беру.	2 минут 5 минут 5 минут 10 минут 4 минут 3 минут 2 минут 10 минут 2 минут 2 минут

Сабақтың мақсаты: 1) сезіммен өлең өрген жыр пырағы Мұқағали туралы дерек, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының тақырыбы мен идеясы, композициясы, көркем бейне, поэтикалық тіл туралы білім беру; 2) ақын тілімен салынған табиғат суреті арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын шыңдау, жасөспірімдердің табиғатқа деген адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастыру; 3) эстетикалық бағалау

кабілетін дамыту. **Түрі:** пәнаралық байланыс деңгейіндегі интеграцияланған сабақ (әдебиет сабағы, музыка, театр, көркем сурет түрлерімен интеграциялау).

Нені біліп шығу керек?

“Ғасыр ақыны” атанған Мұқағали шығармашылығы туралы біліп шығуы керек.

Мұқағалидың шығармалар жинақтары, істеген елеулі істері мен еңбектері туралы толық мағлұмат алулары тиіс. Ақын еңбектерімен таныса отырып, шығармаларының идеясын, мазмұнын, тәрбиелік мақсатын айыра білулері керек.

“Аққулар ұйықтағанда” поэмасын толықтай жатқа мәнерлеп айтуға, рөлдік кейіпке ену.

I. Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Жыр дүлдүлі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев тірі болса 82 жасқа толар еді. “Қазақ поэзиясының Хантәңірі” атанған Мұқағали қазақтың қарапайым қара өлеңінің құпиясын өзінің табиғи талантының күдіретінен ашса керек.

Батар күн, келер түн,

Атар таң, шығар күн,

Бәріңе , бәріңе, бәріңе құмармын,

Осы мен осылай мәңгілік тұрармын,

Осы мен сірә да өлмейтін шығармын.

Өмірім сірә да әріден басталған,

Әріден басталып мәңгіге тасталған.

Осы мен өлмейтін, өшпейтін шығармын,

Сәл гана мызғып ап қайтадан тұрармын.

Ақын қалай дәл болжап кеткен десеңізші! 1976 жылы 27 наурызда “қалғып кеткен” сәтінен бастап сәл мызғыды да, поэзия әлеміндегі мәңгілік жаңа өмірі басталды. Ол мәңгілік өмір Мұқағали шығармаларынан көрінеді.

II. Үй тапсырмасы бойынша оқушылардың үйден дайындап келген ойтолғауы.

Менің Мұқағалиым – жаны таза, ақ көңіл, сезімі терең ақын. Ең кереметі – жасандылығы жоқ, табиғаттың өзіндей табиғи қалпын сақтаған.

Мұңайған кезде, ойланған кезде Мұқағалидың кітабы мені өзіне шақырып тұрады. Сондықтан ол – менің Мұқағалиым.

Алакөлдің аққулары

Менің туған ауылым Алакөлдің жағасында. Алакөлдің өзінің құс базарынсыз көз алдыға елестету мүмкін емес. Аққу айдын. Сол айдында жүзген ерке аққулар. Сендердің осы алаңсыз өмірлеріңді кімге аманат етерін біле алмай ақын жаны шарқ ұрған болар.

Сұлулыққа, пәктікке қарсы қол көтеру мүмкін бе?.. Қандай адам баласы осындай қиянатқа барады екен? Аққулар, сендер жаны нәзік, талай ақындардың жырына алтын қазық болғандарыңды өздерің білесіңдер ме?!

Аққулар, ерке аққулар

Аққулар дегенде көз алдыма аппақ, ұзын мойынын иіп, қауырсынын тараған, жан-жағына мойынын созып қараған ақ мүсін елестейді. Аққу – сұлулықтың рәмізі. Аққулар жайлы аңыздар өте көп дейді. Мәңгілікке жұптасқан аққулар өз сыңарын жоғалтпауға тырысады екен. Ал егер алда-жалда ондай оқиға бола қалса, сыңарының қазасын көтере алмайды деседі.

III. Мәтінді есте жаңғырту. “Аққулар ұйықтағанда” поэмасын жатқа оқу (“Орамал тастамақ” ойыны арқылы есте жаңғырту).

IV. Поэма бойынша сахналандырылған көрініс.

V. Викториналық сұрақтарға жауап беру:

1) Мұқағали Мақатаев “Тұлпар” сыйлығының лауреаты атағын қандай шығармасы үшін алды? (1989 жылы “Жырлайды жүрек” жинағы). 2) Ақынның туған жері – Қарасазда ашылған мұражайдың архитекторы кім?

(С.Фазылов). 3) Ақын өлеңіне жазылған қандай әндерді білесіңдер? (“Сарыжайлау”, “Есіңе мені алғайсың”, “Сәби болғым келеді”, т.б.). 4) Алматы қаласындағы қай көше ақын есімімен аталады? (Бұрынғы Пастер көшесі). 5) Мұқағалидың өмірге келген уақыты (1931 жыл, 9 ақпан) 6) Мұқағали өлең жазуды қай жасында бастаған? (11 жасында) 7) Мұқағали қай жылы, қай айда қайтыс болды? (1976 жыл, 27 наурызда) 8) “Жырлайды жүрек” кітабы қай жылы шыққан? (1989 жылы) 9) Мұқағалидың композитор досы кім? (Нұрғиса Тілендиев) 10) Мұқағалидың ақын досы кім? (Шәміл)

VI. Тест (жоғары деңгей)

1. Мұқағалидың шыққан тегі:

- а) Интеллигент; ә) Жұмысшы;
б) Үстем тап өкілі; в) Әскери.

2. Мұқағалидың білімі:

- а) Жоғары; ә) Орта арнаулы; б) Орта; в) Бастауыш.

3. Мұқағалидың ақын құрдасы:

- а) Шәміл; ә) Фариза; б) Еркін; в) Мұхтар.

4. *«Мұқағали мөлдірліктен, тазалықтан, биік адамгершіліктен тұратын еді»* деген кім еді?

5. Мұқағали өлең жазуды неше жасында бастаған?

- а) 10; ә) 11; б) 12; в) 13.

6. Мұқағалидың шын есімі кім?

- а) Мұқаметқали; ә) Мұқағали; б) Мұқан; в) Мұқаш.

7. Мұқағалидың қай өлеңіне ән жазылған?

- а) “Бақыт деген...”, “Отыздан асып барамын”;
ә) “Көшеде”, “Үш бақытым”;
б) “Нұр жауып тұрған көктемде”, “Әже”;
в) “Сарыжайлау”, “Сәби болғым келеді”.

8. “Дариға домбырамды берші маған” әні кімдерге арналып жазылған?

- а) Фаризаға; ә) Мұхтар мен жұбайына;

б) Шәміл мен жұбайына; в) Нұрғиса мен жұбайына.

9. – Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,

Неткен жансың санасыз жаратылған!? – деген өлең

жолдары кімнің сөзі?

а) Ананың; ә) Әкенің; б) Тәуіп шалдың; в) Ақынның.

10. Мұқағали “Тұлпар” сыйлығының лауреаты

атағын қай жылы алды?

а) 1989 ж.; ә) 1982 ж.; б) 1983 ж.; в) 1985 ж.

Тест (орта деңгей)

1. Поэмада қай таудың аты айтылған?

а) Алатау; ә) Қаратау; б) Тянь-Шань; в) Ұлытау.

2. Тәуіп шалдың (балаға) емі:

а) Көлдің суымен емдеу; ә) Аққудың қанатымен емдеу;

б) Ішірткі беру; в) Аққумен аластау.

3. Аққуды атуға кім барады?

а) Анасы; ә) Әкесі; б) Тәуіп шал; в) Көршісі.

4. Поэмада жырланған көлдің аты:

а) Жетімкөл; ә) Марқакөл; б) Алакөл; в) Балқаш.

5. Халқымыз қандай аң-құстарды киелі деп есептеген?

а) Сұңқар; ә) Бүркіт; б) Аққу; в) Шағала.

6. Анасын оқ атуға итермелеген қандай күш?

а) Балаға деген сүйіспеншілік;

ә) Аққуды атып пайда көру;

б) Аққумен баланы аластау үшін;

в) Аққу құсты жеккөрушіліктен.

7. Аққудың өз мекеніне оралмау себебі неден деп

ойлайсың?

а) Жетімкөлдің суының ащы болуынан;

ә) Басқа құстардың мекен етуінен;

б) Мылтық тарсылынан шошығаннан;

в) Аққудың сыңарынан айырылуынан.

8. – Білмеймін сор аттың ба, бақ аттың ба?

Аққуға кезенерде ырым жасап,

Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба?- деген өлең жолы кімнің сөзі.

- а) Көршінің сөзі; ә) Тәуіп шалдікі;
б) Жылықышынікі; в) Ананың сөзі.

9. Поэмада кездесетін құстардың аты:

- а) Көкқұтан, шүрегей; ә) Бозторғай, қараторғай;
б) Аққу, шағала; в) Сұңқар, бүркіт.

10. - Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,

Неткен жансың санасыз жаратылған!? – деген өлең

жолдары кімнің сөзі?

- а) Ананың сөзі; ә) Әкенің;
б) Тәуіп шалдікі; в) Ақынның.

VII. Блиц-турнир

Кім айтқан?

- 1) “Ғажайып даналықтың бір көзі – Мұқағали поэзиясы, бізде енді поэзия дәуірі басталды” (Әбділда Тәжібаев). 2) “Жұмыр жердің қай жеріне барсақ та Мұқағали алдымыздан шығады” (Оразақын Асқар). 3) “Мұқағали мөлдірліктен, тазалықтан, биік адамгершіліктен тұратын еді” (Лашын Әзімжанова). 4) Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім (Мұқағали). 5) Сенің жырың жаралған Гималайдың, Төбесінде ойнаған найзағайдан (Тұманбай Молдағалиев). 6) “Қазақтың тілін білген Мұқағали поэзиясын сүйген адам халқына адал, жеріне ие, табиғатқа жанашыр бола алады” (Күләш Ахметова).

VIII. Мұқағали өлеңдерін жатқа оқу.

IX. Оқушылардың білімдерін бағалау (өзін-өзі бағалау).

X. Мұғалімнің қорытынды сөзі.

- Балалар, біз “Ғасыр ақыны” атанған Мұқағали Мақатаев туралы, оның шығармашылығы туралы мағлұмат алдық. Мұқағали шығармалары мәңгілік жасай береді.

ЕЖЕЛГІ ҒҰН ДӘУІРІНДЕГІ АЛЫП БАМСЫ (АЛПАМЫС)

Профессор Немат Келімбетов «Қорқыт Ата» кітабындағы «Қам-Бураұлы Бамсы-Бейрек туралы жыр» деп аталатын жырдың қадым замандарда айтылғанын атап көрсетеді. Жыр Ислам дәуірінде емес, исламға дейінгі дәуірде жырланғанын жеткізеді: «Бұл жырдың өте қадым замандарда, Ислам діні қыпшақ даласына келгенге дейінгі дәуірлерде, яғни, ежелгі түркілердің **Көк Тәңірісіне** табынатын кезінде айтыла бастағанын аңғару қиын емес...» (Қазақ әдебиеті бастаулары. А., «Ана тілі», 1998, 102-б.).

Профессор Немат Келімбетовтің осы пікіріне сүйене отырып «Қам-Бураұлы Бамсы-Бейрек туралы жырдың» («Алпамыс батыр туралы жыр») көне түркілердің бұрынғы дәуірінде жырланғанын сезуге болады. Олай дейтініміз — ғұн дәуірінде ғұндар Көк Тәңіріге сыйынған. Ал Қ.Әбдезұлы, Г.Рыскелдиева, С.Тұрсынғалиевалар жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында Алпамыс батырдың ғұн дәуірінде өмір сүргенін атап көрсетеді: «...Тарих беттеріне үңілетін болсақ Алпамыс деген батыр тарихта болған адам екендігін байқаймыз. Ол шамамен б.з.б. 110 -50 жылдары өмір сүрген қолбасшы, батыр болған. Алпамыс батыр – шүршіттермен соғыста ерекше ерлік көрсеткен қолбасы. Тайчу (Тайшықхан) Ғұн мемлекетін біржола жою мақсатында көшпелілер еліне бірнеше дүркін әскер аттандырады. Осы әскерге қарсы бағытталып, бірнеше аптаға созылған жойқын шайқаста Алпамыс шүршіт әскерлерін ойсырата жеңеді. Кейіннен

тағы бір жойқын соғыстардың бірінде Алпамыс батырдың жау қолына түсуі жыр-дастанға айналып біздің дәуірімізге жеткен.» (Астана, «Арман-ПВ», 2010, 26-б.).

Бұл тұжырымға сүйенсек Алпамыс шүршіттердің (қытайлардың) ханы Тай-чумен соғысады. Тай-чу да, Алып Бамсы да (Алпамыс) – тарихи тұлғалар. Алып Бамсы, жоғарыда ғалымдардың жазуынша, б.з.б. 110-50 жылдары өмір сүрген.

Ал «Көк түркінің көк семсері» атанған Күлтегін (684 – 731) Алып Бамсыдан кейін өмір сүрген. Осы дәлелдерге табан тірер болсақ, Алып Бамсы ежелгі ғұн дәуірінің батыры болып шығады.

1939 жылы академик-жазушы Сәбит Мұқанов құрастырған «Батырлар жыры» кітабында жарияланған нұсқада:

*«Бұрынғы өткен заманда,
Дін – мұсылман аманда...»*

Немесе:

*«Байбөрі хаққа налыды...
Алмадың Алла жанымды...
...Қадыр Алла жаратқан...»* деп жырланады

(Батырлар жыры. А., «Жазушы», 1986, 7-б.).

«Алпамыс жырында»

*«Жаратқан Алла, Құдайым...
Бір Аллаға ашық боп...
Құдайдан күндіз-түні бала сұрап...»* деп

жырланады (Сонда, 8-бет).

Жырда Алпамыс Шекті деген елде (рудың) Байсары деген байдың жалғыз қызы – Гүлбаршынға үйленбекші болады. Алпамыс он жасында Қоңырат деген елге әкім болады (Қоңырат – ру аты). Алпамыстың әкесі Байбөрі мен Байсары көкпар тартысып жүріп жанжалдасып қалады да, Байсары Қытайға көшіп кетеді. Жырдағы Тайша (Тайшық) ханның

қытайлардың Тай-чу деген ханы екені тарихтан белгілі екенін жоғарыда айттық.

Жырда Тайша (Тай-чу хан, «Алпамыс батыр» жырының кей нұсқасында Тайшық хан) қалмақтың немесе жоңғардың ханы деп сипатталады.

Алып Бамсының аты жыраулар мен ақындар поэзиясында Қобыланды сияқты көп кездесе бермейді. Қобыландының ноғайлы дәуірінде өмір сүргені белгілі. Оның қалмақтармен соғысқаны жырда баяндалған. ХІХ ғасырда өмір сүрген Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) «Үш қиян» деп аталатын толғауында:

«...Қарақытшақ Қобыланды,

Тұлпар мініп желген жер.

Ауызы түкті кәуірді,

Басы шоқты қалмақты

Ерлерім айдап келген жер,

Қысырақтай бөлген жер...» деп жырлайды

(Жеті ғасыр жырлайды. А., «Жазушы», 2008, 359-б.).

Ежелгі ғұндар қалмақтармен емес, қытайлармен соғысып келген. Ғұн батыры Мөде туралы «Қазақстан тарихы» деп аталатын кітапта: «Мөде билік еткен алғашқы жылдардың өзінде-ақ Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап, оған күйрете соққы берді...» деп жазды (А., «Атамұра», 2010, 245-бет).

Қытайлар бейбіт өмір сүріп жатқан көшпелі ғұндарға басқыншылық соғыстар жасап тұрғаны тарихтан белгілі.

«Алпамыс батырдың қиссасы» деп аталатын Майкөт Сұлтанкүл нұсқасында Сәбит Мұқанов жариялаған нұсқасында жырланған «Дін мұсылман аманда...» деген жол кездеспейді.

«...Жиделі Байсын жерінде,

Қоңырат деген елінде

Байбөрі деген бай шықты.

*Тоқсан мың екен қарасы,
Мұрындық, ноқта тимеген,
Түйешілер мінбеген
Сексен мың екен маясы.*

*Шұрқырап жатқан бір жылқы,
Тоғай сайын мың жылқы,
Есебі жоқ көп жылқы*

Жиделі Байсын даласы...» (Батырлар жыры.

А., «Жазушы», 1986, 88-б.).

Әбдірайым Байтұрсыновтың «Қисса Алпамыс» деп аталатын жырында да Алпамыс Тайшық ханға (қалмаққа) аттанады:

*«...Ардақты туған Алпамыс,
Бұл сөзге құлақ салыңыз.
Аттануға қалмаққа
Есіттік бар деп қамыңыз...»* (205-бет).

Немесе:

*«...Қауіп қыларлық қалмақтың
Қырды тегіс сарасын...»* (243-бет).

«Қам-Бураұлы Бамсы-Бейрек туралы жырдағы» Байбөрінің Тәңіріге жалбарынып ұл сұрайтыны жөнінде профессор Немат Келімбетов былай деп пікір өрбітеді: «Мәселен, жырда Байбөрі перзентсіз екенін айтып зар жылаған сәтте көпшілік қолдарын көкке жайып: «Тәңірі саған ұл берсін! –деп бата жасады». Сол жиында Байбіжан деген бек: «О, бектер, егер Көк Тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің баласына бесікте жатқанда қоссам деймін, осыған сіздер куәлік етіңіздер,- деді» (Бұл сілтемені Н.Келімбетов Алматыда 1986 жылы жарық көрген «Қорқыт Ата кітабының» 34-бетінен алған).

Сондай-ақ жырда Қорқыт Ата айтқанына көнбеген тентек Қаршардың қолын сиқырмен қарыстырып қояды. Сол сәтте Қаршар жалбарынып: «О, Қорқыт Ата! Тәңірге сенемін.

Қолымды орнына келтір, **Көктің** бұйрығы, **Тәңірінің** жолы болса, қарындасымды Бамсы-Бейрекке берейін,- дейді» (Бұл сілтемені Немат Келімбетов «Қорқыт Ата кітабының» 40-бетінен енгізген).

Міне, жыраулар мен жыршылар, айтушылар, қиссашылар Бамсы-Бейректі немесе Алып Бамсыны Алпамысқа, Бану-Шешекті Гүлбаршынға осылай айналдырған. Ғұн дәуірінің атақты батыры Алып Бамсы туралы ел аузындағы батырлық жырлар «Алпамыс батыр» қиссасына осылай айналған.

Профессор Немат Келімбетов «Алып» деген сөздің әскери титул екенін дәлелдейді. «Алып» деген сөз – қазақтың сөзі, «Алып» – үлкен, тау тұлғалы батыр, дәу (үлкен), ержүрек, жүрекжұтқан, балуан деген мағынаны беретінін ескерсек, Қамбар батырды «Алып Қамбар», Ер Тарғынды «Алып Ер Тарғын» (Алып Ер Тұңғаны еске түсіріңіз), Бауыржан Момышұлын «Алып Бауыржан», Қабанбай батырды «Алып Қабанбай», Наурызбай батырды «Алып Наурызбай», т.б. деп атауға болады.

Немат Келімбетов «Қорқыт Ата кітабындағы» «Қам-Бураұлы Бамсы-Бейрек туралы жыр» туралы былай деп жазады: «Көк түріктер заманынан көрініс беретін мұндай эпизодтарды «Қорқыт Ата кітабынан» жиі ұшыратуға болады.

«Қам-Бураұлы Бамсы-Бейрек туралы жыр» бертін келе түркі халықтарының қоғамдық өміріндегі сан қилы тарихи құбылыстарға сәйкес бірқатар өзгерістерге ұшыраған сияқты. Соның нәтижесінде Бамсы-Бейрек туралы жыр «Алпамыс» жырына айналған секілді. Бірқатар ғалымдар Бамсы-Бейректің ғұндар дәуіріндегі толық аты Алып Бамсы деп санайды. Ғұндар «Алып» деген әскери титулды шайқастарлық көрсеткен батырлардың атына қосып айтатын болған. «Алып Бамсы» сөзі бірте-бірте «Алпамса», «Алпамша», «Алпамыс» атанып кеткен.

«Бамсы-Бейрек» жыры өзінің композициялық құрылымы жағынан «Алпамыс батыр» жырына өте жақын. Ал сюжеттік тұрғыдан бұл екі жырдың бірінші және екінші бөлімдері бірін-бірі қайталайды. Басқаша айтсақ, Бамсы-Бейрек пен Алпамыстың дүниеге келуі, сүйген қызына үйленуі, батырлардың жау қолына қапылыста тұтқынға түсіп ұзақ жылдар бойы зынданда жатуы, сүйген жарының басқа біреумен үйлену тойының үстінен шығуы, жыр қаһармандарының мұрат-мақсатына жетуі, т.б. екі жырда да бір-біріне ұқсас болып келеді.

«Қорқыт Ата кітабындағы» Бамсы- Бейректің әкесі Қам-Бура мен «Алпамыс» жырындағы Алпамыстың әкесі Байбөрі бейнелері арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болады. Екеуінің де іс-әрекеті, ой-пікірі, тіпті, сөйлейтін сөздері де мазмұны жағынан бір-біріне өте жақын келеді.

Ал бұл жырдағы оғыз тайпасының батыры Бамсы-Бейректің әйелі Бану-Шешек пен қазақ жырындағы Алпамыс батырдың сүйген жары Гүлбаршын сұлуды бір-бірінен айыру қиын. Бұлардың бір-бірінен айырмашылықтары екі жыр сюжетінің кейбір ерекшеліктеріне ғана байланысты болып келеді.

«Алпамыс» жырындағы сақау әйел Бадамшаның мінез-кұлқы, жүріс-тұрысы «Қам-Бураұлы Бамсы-Бейрек туралы жырдағы» кекеш қатын Қысыршаның қайта жасалған бейнесі сияқты...» (Н.Келімбетов. Қазақ әдебиеті бастаулары. А., «Ана тілі», 1998, 103, 104-б.).

Тарих қатпарларына үніле қарайтын болсақ, ежелгі сақ, ғұн дәуіріндегі домбырашы-жыршылардың, жыраулардың, биші қыздардың болғанына көзіміз жетеді. Олай болатын болса түркі дәуіріне дейін, яғни, ғұн-түркі дәуіріндегі оқиғалар сипатталатын «Қам-Бураұлы Бамсы Бейрек туралы жырдағы» жоқтау қазақ халқының ежелгі дәстүрі екенінен дерек беретініне назар аударуға тиіспіз.

Немат Келімбетов қазақ ауыз әдебиетіндегі жоқтау жырларының бастау көзін осы ғұн-түркі дәуірлерінен тамыр тартатынын дәлелдейді: «...Бамсы-Бейрек жайындағы жырды оқи отырып, қазақ ауыз әдебиетіндегі жоқтау жырларының қайнар-бастауларын Көк түріктер дәуірінен көргендей боламыз. Мәселен, бұл жырда ағасы Бамсы-Бейректі соғыста өлді деп ойлап отырған батырдың қарындасы мынадай монолог айтады. «Қыз алдында тұрған бақсыға қарап, оның сауалдарына төмендегідей жауап береді: «Қобызыңды сарнатпа, бақсым. Құлағым бұл кезде қобыз үнін естіп, жыр тыңдаудан қалған. Мен бір бақытсыз өткен қызбын, бақсым. Қарсы алдында тұрған таудың жайлауы кімдікі деп сұрадың сен, ол бір кезде менің ағам Бейректің жайлауы еді. Ағам кеткелі мен ол жайлауға шыққан емеспін. Таудың салқын суы кімдікі дейсің, о да бір кезде менің ағам – Бейректің ішкен суы еді. Ағам кеткелі ол судан біз татып көрген емеспіз. Үйір-үйір жүйрік жылқылар кімдікі деп сұрадың, о да ағам Бейректің жылқысы еді. Ағам кеткелі біз ол жылқыға мініп-түскен емеспіз... Менің көз алдымда тұрған Қаратауым құлағалы қашан, бақсым?! Ол сенің құлағыңа қалай жетпеген? Есік алдындағы бәйтерегім кесілгелі не заман? Ол сенің құлағыңа қалай тимеген? Дүниедегі тірегім, жалғыз ағамнан айрылдым. Ол сенің құлағыңа қалай жетпеген, бақсым? Мендей бақытсыз қызға дүние деген әлдеқашан адыра қалды емес пе, бақсым?..» (Немат Келімбетов бұл сілтемені Алматыдан 1986 жылы жарық көрген «Қорқыт Ата» кітабынан алған, 47-бет). «Түпнұсқада поэзия түрінде берілген бұл ұзақ монолог қазақтың жоқтау жырларының еріксіз еске салады...» деп қазақтың жоқтау жырларының арғы тегі осы көне ғұн-түркі дәуірінен келе жатқанын атап көрсетеді (Қазақ әдебиеті бастаулары. А., «Ана тілі», 1998, 104-б.).

Түрік (түркі) мемлекетінің негізін салған батыр хәм

көсем Алып Ер Тұңға қайтыс болғанда айтылатын жоқтау жыр жоғарыда айтқан пікірімізді дәлелдейді.

Профессор Алма Қыраубайқызы «Алып Ер Тұңғаға арналған жоқтау ежелгі түрік (түркі) әдебиетінің алғашқы нұсқаларының бірі болып есептелген...» деп жазды (Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығ.жинағы, 2-том, А., «Өнер», 2008, 9-б.).



Жанар АБИТЖАНОВА,
Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық
университетінің доцент
міндетін атқарушысы,
филология ғылымдарының кандидаты.

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ КӨРІКТЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тіл білімінде эпитет, теңеу, метонимия, метафора сияқты троп түрлерінің лингвистикалық ерекшеліктері, теориялық жақтары біршама еңбектердің зерттеу нысаны болған. Мысалға Т. Қоңыровтың «Қазақ теңеулері» (1978), Л.Нұржекееваның «Қазақ метонимияларының лингвистикалық табиғаты» (1991), Г. Мұхаметқалиеваның «Тұрақты эпитеттің тілдік табиғаты» (1995), А. Сыбанбаеваның «Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар» (2002) деген еңбектерін атауға болады.

Көне түркі тіліндегі қолданылатын айшықтау, алмастыру сияқты троп түрлері мәтіннің ажарын ашып, бояуын қанықтыра түседі. Тілдегі көріктеу құралдары арқылы сөздің

мағынасы, қолданыс мәні, мазмұн ерекшеліктері ашыла түседі.

Түркі халықтарының тарихи жазба ескерткіштері тарих, мәдениет және тіл тұрғысынан алғанда баға жетпес қазына болып табылады. Көне түркі ескерткіштерінің бірі – Орхон-Енисей ескерткіштерінің көркемдік ерекшелігін тану арқылы көне түркілердің көркем ойлау жүйесі, сөйлеу ерекшелігі анықталады. Түркілер – сөз құдіретін қадір тұтып, оны рухани күш ретінде таныған, бағалаған халық. Сөйлегенде бейнелі, астарлы түрде ойын анық жеткізе отырып, қасиетті тілдің тұғырын биік ұстаған. Көне түркілердің тілі бүгінгі түркі тектес халықтардың ойлау жүйесімен астасып, әрі қарай айшықталып даму үстінде.

Керағар ұғымдарды қатар алып немесе қарсы қойып суреттеу әдебиеттануда контраст деп аталатыны белгілі. Контрастың ең қарапайым түрі антонимдер арқылы көрінетіні де мәлім. Контраст тек жеке сөз, тіркес, шағын мәнмәтінді ғана емес, көркем шығарманың біраз деңгейін де қамти алатын көркем тілдік әдіс-тәсіл екені сөзсіз. Орхон-Енисей ескерткіштерінің бірі – Енисей жазбасында *jas* сөзінің *qart* сөзімен тіркес құрап, контраст мәнде метафоралы эпитет құруы бар: *ar atim jas qart ban* (Е 25). Антонимге құрылған контрастың мәні әдемі экспрессия, келісті динамизм, айырықша айшықты үстеп тұр. Ескерткіштер тілінде *көк түрк* эпитеті де жиі қолданылған: *Ј ді аксыз кок түрк* (Іті) анча олуруп арміс. Екі аралықта жүрген йесіз көк түрктерді осылай қоныстандырған екен (КТүж 3). Сондай-ақ *кок танрі* «көк аспан» мағынасында жұмсалған эпитет те бар: *уза кок танрі* (КТүж 3). Мұндай эпитеттер экспрессивті образ жасауда үлкен маңызға ие.

Теңеу – тіл мен ойлау мәселесінің ауқымындағы өте күрделі құбылыс. Бұны логика пәні таным құралы ретінде зерттесе, философия ғылымында оны эстетикалық категория ретінде қарастырады, ал әдебиеттану ғылымы теңеуді

көркемдеу, бейнелеу тәсілдерінің қатарында зерттесе, тіл білімінің стилистика саласында оның лингвистикалық ерекшелігін басты нысанаға алады. Теңеу – көнеден келе жатқан көріктеуіш тәсілдердің бірі. Теңеулердің жасалу жолын зерттеген ғалым Т. Қоңыров «Бүкіл қазақ теңеулерінің 70%-дан астамы -дай/-дей, -тай/-тей, -дайын/-дейін, -тайын/-тейін тәсілі арқылы дүниеге келетін» [Қазақ теңеулері. А., 1978, 20-б.] деп тұжырымдады.

Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі теңеудің жасалу жолдары қилы тәсілдерден тұрады.

Тағ/тег (дай//-дей, -тай//-тей) шылауы арқылы жасалған теңеулер жиі ұшырасады.

Ча (ша//-ше) жұрнағының көмегімен жасалған теңеулер де кездеседі:

Қаның *субча* йугурті, Соңүкүң *тағча* йатды.

Қаның судай құйылды, Сүйегің таудай үйілді.

Екінті күн келті, *өртче* қызып келті (Екінші күні келді, өрттей қызып келді) (БК).

Таңри тағ, таңрида болмыш турк білга (БК Ха 13); Қаңым баға *теңрікен дейін* анта йорымыс ісіг күчін берміс... Атамды тәңри санап, сонда жүріп күш-жігерін сарп етті (O5).

Бұл жолдарда Білге қаған әке тәңірге теңелген. Қағанды, әкені тәңірге теңеу, ал ұлды әкесіне балау түркі танымында түзілген метафоралы теңеу деп айтуға болады.

Баланы әкеге теңеу Күлтегін ескерткіші тілінде байқалады: *oglu qa(n teg qulinmaduq* сыновья не поступали, как их отцы (КТ үж 5).

Қазіргі -дай, -дей, -тай,-тей қосымшасы көне түркілік -тағ,-тег шылауының нәтижесі екенін М. Томанов «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» еңбегінде атап көрсеткен болатын: «Көне түркілік *тег* шылауы бір жағынан қосымшаға айналды, екінші жағынан г>й үдерісінің нәтижесінде -дай//-тей түріне келді» [Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. А., 1988, 62-б.].

Темірдей ұстам (тәртіп) теңеуі Тариат ескерткішінде орын алған: теңрім қаным *темір тег еліг* тутук біртi. Тәңірім әкем темірдей ұстам берді (Тариат 10).

Қара шашымдай/ qara sacim teg теңеуі Енисей ескерткішінің 267 жолында берілген: *baqiri bunsiz erti qara sacin teg*.

Көзге қатысты теңеу мына жолда көрініс тапқан: *koqur közüm körmäs teg ... bolti*. Көреп көзім көрместей болды (КТҮж 50).

Сондай-ақ жауды жыртқыш құсқа теңеген: Будуның боғзы тоқ ертi, йағымыз тегіре *учуқ тег ерті*. Халықтың тамағы тоқ еді, жауымыз айнала жыртқыш құстай еді.

Бұл күнде көне түркілік ескерткіштер тілінен бері келе жатқан теңеу мәнін тудыратын -тағ, -тег (-дай/-дей, -тай/-тей), -ча, -че (-ша/-ше) қосымшасы тарихилығымен маңызды болып табылады.

Көне түркі дәуірінде қалыптасқан теңеулер сол тіл иесінің дүниетанымын, әдет-ғұрпын, шаруашылығын танытып қоймай, тіл көркемдігінің дәрежесін, халықтың бейнелі ойлау жүйесін көрсетеді.

Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде дене метафоралары (телесная метафора) немесе соматикалық атаулардың негізінде жасалған бейнелі оралымдар баршылық. Адам, ең алдымен, өз дене мүшелерін танып, оның қызмет және қасиет-белгілерін бағамдай алған соң өзге зат пен құбылыстар арасындағы ұқсастықты айқындауға тырысады. Нәтижесінде номинативті метафоралар пайда болады. Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде кездесетін метафоралық атаулардың бірсыпырасы соматикалық атауларға қатысты сөздерден жасалған. Мәселен: *аяқ, бас, көз, жүрек, тамақ, жота, қол*, т.б.

Тоныкөк ескерткішінде *қол/әскер* метафорасы жұмсалған: *Kälir ärsar, kü äg ukülur* қол қосылса күш өсер (Тон 32) [1. 114, 194-б.].

Тамақ соматикалық атауының негізінде географиялық метафоралы атау жасалған: *Тамақ ыдук башда сүнүшдіміз*. Қасиетті Тамақ басында соғыстық (КТ 41) [1, 184 б.].

Етістіктерге құрылған метафоралар да кездеседі: *турк елін анта булдадым* түркі елін сонда бүлдірдім (МЧ); *Менің сабымын сымады* Менің сөзімді бұзбады (КТ кж 11); *qara тарим jügürti* қара терім жүгірді (Тон 52), т.б. Мұндағы елді былғау «елді бүлдіру», сөзді сындырмау «сөзді бұзбау», тер жүгірді «тер ақты» деген ауыспалы метафоралы мағынада тұр.

Орхон-Енисей ескерткіштерінде адам өзін қара құсқа, бураға, жыланға ұқсатады. Бұл көне түркі мәдениетіндегі тотемдік құбылысты танытады. Мысалы: Алтун қанатлығ талым *қара қуш мен*. Алтын қара құспын /бүркітпін/ (Ырқ бітіг 3); Тітір *бузра мен* өрүң көрүкімін сачармен үзе теңріне тегір асра йірке кірүр, - тір, удығмағ одғұру йатығлығ тұрғұру йорыйды мен антағ күчлүг мен. Мен жараған бурамын, ақ көбікті шашам, жоғарыда көкке жеткен, төменде жерге сіңген дер, ұйықтағандарын оятып, жатқандарын тұрғызып жүрермін. Мен сондай күштімін (Ырық бітіг 20); алтун башлығ *йыланмын* (Ырық бітіг) т.б.

Орхон-Енисей ескерткіштерінде метонимиялар кездеседі: Кергүн Сақышын Шып башын йүре келті... Кергүн Сақышын *Шып басымен* жүре келді (МЧ); өтүкен кузы кідін учы *Тез башы* Өтүкен маңы. Тез басы маңы (Тариат 5); Өтүкен ортусынта сүнүз будуны *ыдық баш* қанынта йайладым. Өтікен ортасында сүнүз Башқан биіктігінде өткіздім (Тариат 2) т.б.

Кейіптеу – көне троптың бірі. Ол көне анималды көрініс және діни сеніммен байланысты. Кейіптеу мифологиядан үлкен орын алады. Оны Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Көк тәңірі монокультімен қатар құтты мекен, жер-суға бас иетін метафоралы кейіптеулерден көруге болады. Мысалы мына жолға назар аударайық: *уза кок таңрісі турк ыдук*

жірі субы анча тіміс: турк будун жок болмазун, тіјін. Көкте түрк тәңірісі, Түрктің қасиетті жері, суы былай депті: «Түркі халқы жойылмасын» (КТҮЖ 19); *Тәңрі жір булқакын үчүн* жақы болты Жер-көктің бұлқан-талқандығынан жау болды. (КТҮЖ 4) [1. 78, 185-б.] Тәңір, Жер-суға жан бітіре суреттеу – көне түркілердің үлкен наным-сенімінің белгісі. Кейіптеу арқылы берілген тілдік құралдардың көркемдігі арта түскен.

Көріктеу құралдары айналасында бүкіл бір халықтың мәдени өмір сүру салт-дәстүрінен мол мағлұмат береді. Астарлы көркем сөйлеу арқасында біз заттар мен құбылыстарға өз қатынасымызды, бағалауымызды, өлшемімізді, сезімдеріміз бен әуесқойлығымызды білдіре аламыз. Көріктеу құралдары – абстрактілі ойлау жемісі, бейнелі тартымды образдар. Көріктеу құралдары адам танымымен тікелей қарым-қатынаста, әлемдік бейненің көрінісін таңбалаушы үрдіс ретінде бағаланады. Метафора, метонимия, теңеу, эпитет, кейіптеу когнитивтік құрылымның – адамның санасы, ойлауы мен танымының бейнесі болып табылады. Көріктеу құралдарының бай болуы түркі халқының рухани өмірінің бай екенін көрсетеді. Оларды тану арқылы адамды және оның өмір сүріп отырған ортасын тануға үлкен ықпал етеді. Көне түркі ескерткіштері көне тарихи-мәдени мәнмәтін болғандықтан, онда жанама-туынды мағыналар көп кездеседі, олар әлемнің концептуалды бейнесін таныта алады. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі көріктеу құралдары – ежелгі сөйлеу мәдениетіміздің көрінісі, образды ойымыздың қалыптасуы мен дамуының көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орхонские надписи Кюль-Тегин Бильге-Каган Тоньюкук. Семей: Международный клуб Абая, 2001.
2. Древнетюркский словарь / Под ред. В.М. Наделяев и др. Ленинград, «Наука», 1969.

САБЫР ШАРИПОВТЫҢ «ЛӘЙЛӘ» ПОВЕСІ

Қазақ әдебиетінде повесть жанрын дамытуда айтулы еңбек сіңірген өнерпаздардың бірі Сабыр Шарипов болып табылады. Оның «Заң зәбірі» (1929), «Алтыбасар» (1942), «Рузи Иран» (1935), «Ләйлә» (1936), «Бекболат» (1937) деп аталатын баяндары қазақ прозасының тарихында елеулі із қалдырды десек қателесе қоймаймыз. 1882 жылы туып, 1942 жылы қайтыс болған С.Шарипов жазушы ғана емес, Қазақстанда Совет үкіметінің орнауына белсенді үлес қосқан мемлекет қайраткері де. Сабырдың өмірі мен шығармашылық жолын жан-жақты зерттеген ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев ол туралы «Сабырдың өнерпаздық жолға түсу соқпақтарына көз жібергенде оның жеке қара басына тән бір ерекшелікті тағы да қайталап айту қажет. Сабырдың шыққан тегі – татар ұлты, өскен ортасы – қазақ елі. ХІХ ғасырдың аяқ шенінде қазақ даласына жоқшылық айдап келген Сабыр мүлде өзгеше тұрмысқа, әдет-ғұрыпқа, жаңа ортаға тап болды. Ақылы алғыр, көңілі жүйрік, көзі көреген, жүрегі сезімтал Сабырға қазақ өмірінің өзіне тән өзгешеліктері ерекше әсер берді. Көрген-білгенді, ақындық сезімге әсер еткен құбылыстарды сыртқа шығарудың, өз білгенін өзгеге таныстырудың, ортақ етудің қажеттілігі туған шақта Сабыр қаламды қазақша тартты» (С.Шарипов. Екі томдық шығармалар жинағы, 1-т. А., «Жазушы», 1982,13-б.).

Сабыр өмірдің ащы дәмін өте жастай татады. Сондықтан да «Кедейлерге теңдік, жұмысшыларға завод пен фабрикалар, шаруаларға жер әпереміз» деген Совет үкіметін қуанышпен қарсы алып, оның билігінің нығаюы үшін аянбай еңбек

етеді, күреседі. Сабырдың бұл қимылы ескерусіз қалмайды, кейінірек ол кеңсесі Мәскеуде орналасқан «Эмбанефть» тресі басқарушысының орынбасары, «Вебер-Хуриан Лимитед» атты совет-иран акционерлік қоғамының басқарушы директоры секілді үлкен қызметтерге тағайындалады. Сөйтіп 1932-1934 жылдары Иранда жұмыс істейді.

Иранда өткізген екі-үш жыл С.Шариповтың шығармашылық өмірінде үлкен із қалдырады. Осы елде көріп-білгендерінің негізінде ол «Рузи Иран» деп аталатын құжатты баянын және «Ләйлә» повесін жазады. Біздің білуімізше, аталмыш әдеби туындылар – қазақ прозасындағы шетел тақырыбына арналып жазған ең алғашқы шығармалар. Сондықтан бұл повестер біздің ұлттық әдебиетіміздің тарихы үшін, ең алдымен, осынысымен де қымбат.

«Рузи Иранды» автор повесть деп атағанмен, ол повестен гөрі шағын новеллалар циклынан тұратын сапарнамаға көбірек келеді. Шығарма повесть деп аталу үшін оның басты кейіпкерлерін бір, бірнеше сюжеттік желінің бойында ұстап тұратын тұтас көркемдік жүйе болуы керек қой, жоғарыда аты аталған туындыда бұндай әдеби жүйе, құрылым жоқ. Екіншіден, «Рузи Иранда» автор негізінен көзімен кергендерін ғана жазады, сондықтан ол көркем әдеби туындыдан гөрі нақты деректерге құрылған очеркке көбірек келеді. Міне, осы сипаттарына қарап оны повесть деп шартты түрде ғана атауға болады. Ал «Ләйлә» болса – повесть жанрының барлық канондарына сай келетін шығарма. Ондағы адам характерлерінің даралануы, қиыннан қиысқан сюжеттік желілер мен толыққанды композиция бұл туындыны нағыз көркем повесть ретінде атауға толық негіз бола алады және тек С.Шариповтың ғана емес, 1930 жылдары жазылған күллі қазақ повестерінің ең бір тартымдысы деуге де әбден лайық. Сонымен бірге С.Шариповтың бұл повесі қазақтың жазба прозасындағы детективті сипатта жазылған

тұңғыш шығарма болуымен де ерекшеленеді.

Повестің оқиғаларының басым көпшілігі Иран жерінде өтеді, сондықтан кейіпкерлерінің барлығы дерлік — парсылар. Басты герой — Ләйлә атты хас сұлу бойжеткен, оның сүйген жігітінің аты — Ғабдолла. Міне, шығарманың негізгі сюжеттік желісі осы екі жастың бастарынан өткен шым-шытырық сүйіспеншілік, махаббат шырғаландарына құрылған.

Сабыр Шарипов қарапайым парсылардың ауыр тұрмысын үлкен адамгершілік жүрекпен, жаны аши отырып суреттейді. Бір тілім нанға зар болған кедей-кепшіктердің жан түршігерлік жағдайларын толқымай отырып оқу мүмкін емес. Осыған қарап жазушының бұл елдің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, бүткіл өмірін жан-жақты зерттегенін, білгенін аңғаруға болады.

«Ләйлә» повесіндегі тартыстардың, коллизиялардың ең басты катализаторы — Кәбири деген жергілікті бір пысық. Бар пәлені ұйымдастыратын — осы. Оның күні-түні ойлайтыны — Хорасанның губернаторы Хасанға қалайда жағып, прокурорлық қызметке қол жеткізу. Бұл мақсатына жету үшін Кәбири Ғабдолланың үстінен өтірік арыз ұйымдастырып, жазықсыз жігітті түрмеге отырғызады.

Белгілі қазақстандық философ Т.Ғабитов өзінің бір сөзінде «... бұрынғы қоғамнан қалған адамгершілікке жатпайтын әлеуметтік типтерге «пысықтар» мен «шолақ белсенділер» жатады» (Мәдениеттану. А., «Раритет», 2002, 337-б.) дейді. С.Шариповтың «Ләйлә» повесіндегі Кәбири образы — дәл осындай пысықтың нағыз өзі. Ләйлә мен Ғабдолла, т.б. бастарына түскен барлық ауыртпалықтарға, трагедияларға кінәлі — осы адам. Тіпті, оны адам деп атаудың өзі қиын, өйткені ол өз басының қамы үшін дүниедегі ең қасиеттісі — Отанын да сатып жіберуге дайын, сондықтан ол сырттан келген жаудан да қауіпті. Өйткені өзінді, Отаныңды жермен-

жөксен еткелі келе жатқан жауынды жат түрінен, шошайған мылтығынан танысың, сондықтан бірден қарсы әрекетке дайындаласың. Ал іштен шыққан «пысықтар» мен «шолақ белсенділер» болса, өзіңнің кешегі туысың немесе жолдасың, көршің, сондықтан үйіңе күліп кіріп, күңіреніп шығатын ондайлардың ішінде не жатқанын әуелде тап басу өте қиын, сондықтан да олар бәрінен қауіпті. «Ләйлә» повесіндегі Кәбири де – осындай өте қатерлі жау. Жазушы оның бүткіл аярылығын, залымдығын жеріне жеткізе суреттеген, сол арқылы пысықтардың тағы бір типін әдебиетімізге жетектеп алып келген.

Енді Ғабдолланың жайына тоқталсақ, ол түрмеден қашып шығып Тегеранға келеді. Ләйлә мен оның інісі Паражды іздеп таба алмайды. Параж бұл кезде Ресейдің Астрахань аймағына жұмыс іздеп кетсе, Ләйлә жауларынан қашып-пысып жан бағып жүрген болатын. Ол кездегі кедей парсылардың негізгі көлігі есек-тін. Ғабдолла кейде есекке мініп, кейде жаяу-жалпылап, бүткіл Иранды шарлап, Ләйләні іздеуін жалғастырады. Кәбиридің жақтастары жігітті адастыру үшін оған «Ләйлә алыстағы Бендербошер шаһарында жасырынып жүрген көрінеді» деп өтірік ақпарат береді.

Ғабдолла бір байға жалданып, Иранның қиян шетіндегі Бендербошер қаласына да келіп жетеді, бірақ Ләйлә бұл жерден де табылмайды. Ғашығын іздеген жігіт байдан алған қарызын өтеу үшін енді өте қауіпті жұмысқа – теңізге сүңгіп, оның тереңінен меруерт теру кәсібіне жалданады. Сөйтіп арып-ашып жүргенінде Алланың бір сәті түскен күні теңіз астында мол меруертке кезігіп, оны жағаға аман-есен алып шығады да, соны сатып қарызынан құтылады. Сөйтіп «Ләйләнің қайда жүргенін бір білсе, сол білер» деп кемемен Паражды іздеп Ресейге сапар шегеді. Бакуге келіп, тағы да сол жердегі байларға жалданып, енді мұнайшылық кәсіпті

игеруге кіріседі.

Ғабдолланың алдынан тағы да жоқшылық шығады: мұнда да жергілікті алпауыттар кедей-кепшік бейшаралардың ащы терін сығып алып жатыр, жұмысшылардың күнұзақ тірсегі майысып, белі бүгіліп жүріп тапқан табысы, басқаны былай қойғанда, ішіп-жеміне де жетпейді. Айнала – зорлық-зомбылық, күштілердің әлсіздерге көрсетіп жатқан шексіз зәбірі.

Ғабдолла Бакуде жүріп орыс тілін үйренеді. Жергілікті жұмысшылардың революциялық астыртын ұйымына кіреді. Сөйтіп жүргенде Ресейге жұмыс іздеп келген отандастарынан Ләйләнің тірі екенін, оның бір кездегі өзінің досы Наурызбен бірге Бакудегі өздері секілді Ирандағы бұқара халықты зорлықшыл билеушілерге қарсы революциялық күреске шақырып жүргенін естіп қуанады. Сөйтіп үміт оты қайта тұтанғандай болады. Міне, повесть ақырында осындай оптимистік тұрғыда аяқталады.

Сабыр Шариповтың «Ләйлә» повесі 1930 жылдардағы қазақ прозасының санаулы сүбелі туындыларының біріне жатады. Бұл повесть «дүниенің тірегі – Адам және махаббат, сондықтан оның алмайтын қамалы жоқ» деген идеяны меңзейді. Ғабдолла мен Ләйләнің өз бақыттары мен идеялары үшін күресі шығыс халықтарының да ұзақ ұйқыдан оянып, өмірді жақсылыққа, адамгершілікке қарай өзгерту үшін белсенді харакетке көше бастағанын аңғартады. Шығарманың соңында Ләйлә мен Ғабдолла бар үмітін келер күнге жалғаған күйлерінде оқырманға қош айтысады. Жазушының бұл көркемдік шешімімен толық келісуге болады, өйткені прозаның орта көлемді жанры болып есептелетін повестің көлемі шығарманы бұдан әрі соза беруді көтермес те еді.

Жанар ӨМІРЖАНОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық
университетінің доцент міндетін атқарушы,
филология ғылымдарының кандидаты.

ДАРАБОЗДАН ТАРАҒАН ДАРА ТҰЛҒА

Көзден кетсе де көңілден өшпейтін қазақтың аяулы тұлғаларының бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Абылқасымов Болатжан Шайзадаұлы (8.04.1950-15.03.2009) еді. Адамдығына ғалымдығы, ғалымдығына адалдығы сай келген еңселі азамат Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде еңбек еткен жемісті жылдарында қаншама қазақтың қаракөз қыздарының көкірегіне білім нәрін құйып, бабалар мұрасымен таныстырушы, көне мен қазіргі кездің жалғастырушы сиқырлы өзегі бола білді. Белгісіз бір тылсым күш пе, жоқ ғалымдық пен шеберліктің шебер үйлесімі ме, әйтеуір, ең сабақтан қашқыш алпыс екі айлалы түлкі студент те ағайдың сабағын қалт жібермей, алдыңғы қатардан табылуға тырысушы еді. Қазіргі кездегі инновация деген атаумен тоқсан тоғыз түрленіп жатқан әдіс-тәсілдердің көпшілігі ұстаздың әр дәрісінде көрініс тауып, шәкірттерін келесі дәрісті тыңдауға құлшынтушы еді: ойын да, ән де, бақсы жыры да, батырлар жырынан үзінділер де, түрлі аңыз-әңгімелер де әр дәріске мән мен сән енгізіп, ағзаға күш беретін дәрумендей санаға тез сіңетін. «Бір сарындылық баланы тез жалықтырады, дәріс арасында аз-кем сергітіп алу керек» деп жаңадан келген жас оқытушыларға ұстаздықтың қыр-сырын таныстыруымен қатар ғылыми жұмыстармен айналысу үшін

түрліше тақырыптар ұсынып отыратын: әр жаңадан келген жас оқытушыға тек кафедра меңгерушісі ретінде ғана емес, қамқор әкедей жөн көрсетіп, кем-кетігімізді шұқымай, титтей бір жақсылығымызды үлкейтіп көрсетуші еді, «Сенің мына бір істерге ыңғайың бар, осыған ыңғайлап қолыңа ал» деп кафедраға қатысты жұмыстарды шама-шарқымызға қарай жүктейтін. Аппақ шашы ақ күмісше жарқырап, ахахалаған күлкісімен арқамыздан қағып демеуші еді. Бұл да бір өткен дәурен екен, ағайдың сөзін, күлкісін естімегенімізге де бірнеше жылдар жүзі болып қалды.

Ағайды кафедрада өзі ерекше қадір тұтатын жан, ф.ғ.д. Р.Зәйкенова үнемі «Қабанбай батырдың жетінші ұрпағы, асыл тұқымнан» деп көтере сөйлеп, ««Телқоңыр» - ерекше ғылыми еңбек» деп мақтай бастаса, ыңғайсызданып, көтерме сөз, мақтаудан бойын ала қашатын. Ол кезде кафедраға ән мен сән беріп тұратын Бисара, Жәния сынды білікті ұстаздарымыз әзіл сөздің тиегін ағытса, жастардан ыңғайсызданып, өзге кабинетке кіріп, қалжыңдасып, жұмыс қарекетінен бір сергіп қалушы еді, жарықтық. Айтарын айғайсыз ұқтырып, қалжыңмен ықтыратын. Ұжымға қатал емес, жұмсақ қарап, жағдайымен санасып отыратын кафедра меңгерушісіне өзгелер қызыға қараушы еді «Сендердің ағайларың тамаша ғой» деп. «Өткеннің бәрі ғажайып» демекші, 2003 жылы 6 жас оқытушы қазақ әдебиеті кафедрасына қатар қабылдандық, ағай «Арқасы бар ақын» деп, әсіресе, Серік Қалиевті ерекше жақын тартушы еді, бітпейтін ұсақ-түйек жұмыстардан оны арашалап, ақынға еркіндік керек екендігін үнемі құлаққағыс ететін. Аз сөзге салмақ салып, көпсөзділікті қаламайтын. Жоғары оқу орны болғандықтан университетте мәдени іс-шаралар жиі өткізілетін. Кезекті баяндама, құттықтау сөзді «жүректен жүрекке жеткізуден» шаршаған ағай «сенің ғылымға да, көркем сөзге де қабілетің бар» деп маған осы жұмысты тапсырып, оң қолы етті, ал өзі

Ұлттық Ғылым Академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы Ғылыми Кеңеске не «Қайнар» университетіне бірер сағатқа кіріп шығуға кеткен уақытта жоғарғы жақтан іздеп қалған кезде «Таусылмайтын қағаз жұмыстары-ай, ғылым адамына еркіндік те керек екенін ескермейді» деп налу орнына кейістігін күлкімен шаятын.

Институттағы «Денсаулық» спартакиадасы кезінде ағай шахматтан үнемі бірінші орын алатын, өзгесіне «Менен гөрі жассыңдар ғой» деп кафедраның сол кездегі оқытушылары Т.Дәуітұлын, Ю. Фархатты, Б.Сарбасовты жіберетін, еш нәрседен сырттамай, бәрінің ортасында жүретін.

Профессор Б.Абылқасымұлы саусақпен санарлық үздік фольклористердің бірі болғандықтан алдына үнемі ақыл-кеңес іздеп Қазақстанның әр облысынан және Қырғызстаннан, Қытайдан ізденушілер, аспиранттар, кандидаттар, докторанттар іздеп келіп, үміттерін жалғап, қанаттанып шығып жатушы еді, ағай негізгі тақырыпты түбірлей зерттеуге басшылық ететін. Өзінің «Жанр толғау в казахской устной поэзии» атты (1984) және «Телқоңыр» (1992) монографияларында көне жәдігерлерді ғылыми айналымға жаңғырта енгізіп, бәдік, арбау өлеңдер, байлау сөздердің алуан нұсқасымен жас ұрпақты таныстырса, «Көкбай ақын» (Алматы, 1998), «Қабанбай батыр» (2005) оқу құралдары арқылы әрбір сөздің шығу тарихы мен жырдың 13 нұсқасына мұқият назар аударған. Алғаш рет қазақ фольклортануында ғұрыптық фольклорды әлемдік деңгеймен жүйелеп, фольклордың типологиясы, генезисі, жанрлық ерекшеліктері жайлы кең көлемді ғылыми ізденістерін жүргізіп, қазақ әдебиетінің мәуелі бәйтерегіне айналған ақсақал ғалымдар: академик Зәки Ахметов, Рахманқұл Бердібай, Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Сейіт Қасқабасов, т.б. құрметіне бөленген алғыр ғалым

бола білді әрі ғылымнан өзіндік орнын алды. Ғалымның өмірі үнемі ізденісте, өсуде болды. Ғылыми ізденіске толы еңбектері әр жыл сайын баспадан жарық көріп, ғылыми ортаның ыстық ықыласына бөледі. Ағай ұжымдық еңбектерге де белсене араласты, мысалы: «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979), XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1988), «Қазақ фольклорының тарихилығы» (1993), «XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1994), «Әдебиет терминдерінің сөздігі» (1996), «Әдебиеттану» (1998), «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» (2000), «Қазақ ханымы» (2002), «12 жылдық мектептің негізгі орта буынының білім мазмұны» (2005), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (2006) атты ұжымдық еңбектерде ғалым Болатжан Абылқасымовтың да өзіндік қолтаңбасы сайрап жатыр. Сансыз ғылыми еңбектерге берілген пікір, оппоненттік пікірлерді қоспағанда, Б.Абылқасымовтың жетекшілігімен 1 докторлық, 5 кандидаттық диссертация қорғалды.

Тау тұлғалы ғалымның үйдегі бабын жасаған аяулы жары Үмітжан апай – қандай мақтауға да лайықты жан. Сегіз жыл пәтер жалдап тұрса да жоқты бардай, барды нардай ете білген ашық қолды, жомарт жүректі, қара шаңырақтың ұйытқысы бола білген аяулы жар. Алтын асықтай үш қыздың анасы 2005 жылы тұла бойы тұңғышы Айгүл кенет қайтыс болғанда, көңіл айтып барғанда, өзін қойып, ағайдың қас-қабағына көп қарайлай берді. Үлкендері қазақы дәстүр бойынша атасы мен апасына тән екен, «еркек егілсе, морт сынар» дегенге қарама-қарсы ағай қайғысын жұмыс барысында сездіртпеуге тырысты. Дегенмен, қайғы қалың тұман ғой, ағай оңашалана қалған кездерде ауыр ойға берілетін, кенет біреу келіп есік қағып, кіруге рұқсат сұрағанда «аһ» деп өзіне өзі тез келетін.

Қыздар институтында ағаймен жиі қалжындасатын құрдастарының бірі – сол кездегі декан Бақтияр Сманов еді. Ағайдың әкесі қайтыс болғанда ол кісі «Бөкеңе қиын болды,

ерте жетім қалды» деп көңіл айтудың аяғын қалжыңмен көмкеріп, ағайдың қабағын бір жадыратып кеткен болатын. Өмір болған соң қайғы мен қуаныш әр адамның басына түрлі мезгілде бір соғары хақ қой, ағай кішкентай кенжесі Асылбикені оқу тарқар кезде кафедраға кейде ертіп келетінде, тілін қызықтап отыратын. «Бала тілі – бал» ғой, үлкен қайғысына кішкентай бөбегінен ем қабылдап жүргендей сезілетін. Әкесінің өмірден өтуі, тұңғыш қызының қайғылы қазасы ағайдың жүрегіне оңай салмақ болған жоқ, жиі-жиі сырқаттана беретін, кафедрадағы кабинетінің терезелерін қайта-қайта аштырып, «Жүрекке тыныштық, таза ауа керек, Астанаға ауыссам ба деп жүрмін» деуші еді.

Көктемге салым барлық жоғары оқу орындарында жаңа қарбалас туындайды, студенттер мемлекеттік емтихан тапсырады, диплом қорғайды, сол 2004-2005 жылдары бізге мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болып белгілі ақын, профессор Асқар Егеубаев келді. Аз сөзді ақын ағамызбен ағай қалжыңдасатын, бірақ әзілдерінің өзі өте сыпайы, өзгеше бір тәрбие мектебі еді. Дегдар ақын хатшы қызымыз Гүлжайнаға «Ай, Гүлжайна, Гүлжайна, Гүлжайнадай қыз қайда?» деп ерекше ілтифат білдіруші еді, қанатын қомдаған қаршығадай ақын ағамыз да қазір ортамызда жоқ, ол кісі де жүректен кетті. Ажалға шара жоқ демеске не амал?

Үлкен білім ордасынан шыққан ғалымдарға тән қасиет бойынша ағай кафедраға дәріс оқуға сырттан белгілі ғалымдарды шақырып отыратын, профессор С.Негимов, Т.Қоңыратбаев, Б.Ыбырайымов, Г.Пірәлиевалармен оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер осылай жүздескен.

Профессор Б.Абылқасымов «Ұлық болсаң, кішік бол» деген ғибратты сөздің көрсеткішіндей өте қарапайым еді. Алдына көмек іздеп келген кез келген ғылым жолындағы

ізденушіге қолынан келгенінше сүйеу болып, көңілінен шықса, төрін ұсынатын ақкөңіл кісі еді. Руыңа да, жүзіңе де қарамайтын, кісілігің мен қабілетіңе қарай бағалайтын, жүзінен нұр төгілген қайран ұстаз бүгінде арамызда жоқ. Қаракерей Қабанбай батырдан тараған жаны ізгі, жүрегі жомарт жанның қазақ фольклористика ғылымында өшпес ізі қалды, ғалым ағалары мен замандастарының аузында «Біздің Бөкең» деген аты жаңғырып тұрғанда, болашағынан мол үміт күттіретін шәкірттері мен әке есімін ардақ тұтар аяулы қыздары мен немерелері және асыл жары Үмітжан апай барда ардақты ұстаздың кемел ойлары өзінің керегесін кеңге жая түсері анық. «Саңлақ ғалым, қадірлі тұлға» атымен 2010 жылы «Арда» баспасынан шыққан естеліктер жинағында ғалымның ғылыми еңбектері мен адами келбетіне жақсы талдау мен сипаттама беріліп, қимас естеліктер легі ғалымның парасатты бейнесін биіктете түскен. Осы кітапты ағайдың шәкірті, қазіргі ғылым кандидаты Көшекова Айнұрдан қолқалап сұрап алдым. Айнұр болса ағай туралы фильм түсірілгенін, арнайы хабар дайындалғанын, шәкірттері жиналып еске алу шарасын өткізгелі жатқандығын айтқанда, ұстазым деп жүгіріп тұрған мыңдаған шәкірттеріңіз тұрғанда еңбегіңіз бен өнегелі өсиетіңіз өшпейтініне тағы да бір куә болдым. Қазіргі кафедра меңгерушісі, ф.ғ.д, профессор С.Ержанова да Сіздің атыңыздағы кабинетті жабдықтау ойда екендігін айтып іздену үстінде.

Алпысқа дейін жиған-терген ой қазынаңызды халқыңызға тарту ете білдіңіз, береріңіз әлі көп еді, тойымсыз ажал Сізді де қол жетпес, көз көрмеске алып кетті, жатқан жеріңіз жұмақ, бейіш төрі болсын!

Даланың соңғы Қожанасыры сияқты аңғал мінезіңізді, баладай сенгіштігіңізді, ғалымға тән адалдығыңызды, ақ жүрек, кең пейіліңіздің белгісіндей күлкіңізді сағындық, ұстаз!

Бижамал АЙТБАЕВА,
Орынбек Жәутіков атындағы
№1 қазақ орта
мектебінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы қаласы.

XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

(II-сынып оқушыларының «Қазақ тілі» пәнінен білім, біліктіліктерін тексеруге арналған зияткерлік ойын)

Үш сыныптан төрт оқушыдан он екі оқушы іріктеліп алынады.

Оқушылар таныстырылады. Мұғалім сабақтың мақсатын, сайыс шартын айтып өтеді. Қазылар алқасы таныстырылады.

I кезең: «Бәйге»

Бұл кезеңде 24 сұрақ беріледі. Дұрыс жауапты бірінші айтқан оқушыға 10 ұпайдан беріледі. Ең төмен ұпай жинаған 4 оқушы ойыннан шығады.

Мұғалім сұрақты оқиды, білетін оқушылар қолдарын соғып белгі береді.

1. Қазіргі кезде дүние жүзінде шамамен неше тіл бар?
2. Әдеби тілдің неше формасы бар? 3. Деректі зат есім деп қандай зат есімді айтамыз? 4. Қатаңға аяқталған сөздердің соңғы дыбысын өзгертетін қосымша 5. Тілді әдеби етіп тұратын нормалар түрі. 6. Бір түбірден жасалған әр түрлі сөздер қалай аталады? 7. Құрамына енген түбірлердің тұлғалары сақталмай, дыбыстық өзгеріске ұшыраған сөздер қалай аталады? 8. *Көйлек-көншек* қосарлама қос сөзінің екінші сыңары (*көншек*) көне түркі тілінде қандай мағынада

қолданылған? 9. Заттардың ішіндегі бір түрінің өзіне ғана қойылған аты қалай аталады? 10. Қандай кілт аспанда болады? 11. Алғашқы дыбыстың соңғы дыбысқа әсер етуі ықпалдың қай түрі? 12. Кейбір етіс жұрнақтары салт етістіктерді сабақты етістіктерге немесе сабақты етістіктерді салт етістіктерге айналдыру қызметін атқарады. Олар қай етістер? 13. Болжалды келер шақ жасайтын есімше жұрнақтары. 14. «Жерден ауыр не, судан терең не, оттан ыстық не, көктен биік не?» деп сұраған кім? 15. Жаңа сөз тудырудың неше тәсілі бар? 16. Зат есім орнына қолданылатын болымсыздық есімдіктері жіктеледі ме? 17. Іс-әрекеттің, қимылдың болу мүмкіндігін айқын көрсетпейтін шақ түрі. 18. Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақ бір-бірінен қалай ажыратылады? 19. Жалғанған сөзін өзгертіп, лексикалық немесе грамматикалық мағына үстейтін қосымша. 20. Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер бір-бірімен неше тәсіл арқылы байланысады? 21. «Зорға бекітті» деген сөз тіркесінде синтаксистік қатынас түрі. 22.«Мұзға отырғызып кетті» тұрақты тіркесінің мағынасы. 23. *Тұла бойы дуылдап, екі шекеге қан шапшығандай болады.* Сабақтас құрмаластың қай түрі? 24. Сұраулы сөйлемдер негізгі сұрақты, жетек сұрақты, анықтауыш сұрақты білдіреді . - Үйде кімдер бар? - Үйде үлкендер бар. - Жастар ше? Сұрақ түрі.

II кезең: «Тіл – өнер».

Ұпай саны жоғары оқушы бастайды. 6 мақал-мәтел беріледі. Мақал-мәтелдер экраннан көрсетіледі. Мақал ішінен бір сөз жасырылады, сол сөзді тауып оқыған оқушы шет тіліне және орыс тіліне аударма жасап айтуы керек. Ұпайы төмен 4 оқушы ойыннан шығады.

1. Бірлікті бұзылмас.
2. Тағулық – табылмас
3. Жақсы адамда жоқ.
4. Тіл – буынсыз, ой –

5. Бірлік түбі –

--	--	--	--	--

Береке түбі –

--	--	--	--	--	--	--

6. Адалдық

--	--	--	--	--

 аздырмас,
Арамдық бойды жаздырмас.

III кезең: “Дода”. «Менің таңдауым»

Ұпай саны жоғары оқушы бастайды. 4 тақырып беріледі.

Әр тақырыпта тест үлгісімен 5 сұрақтан бар. Оқушы таңдаған тақырыбының 5 сұрағына жауап беруі керек. Аз ұпай жинаған 2 оқушы ойыннан шығады.

Лексика

1. «Ауру» сөзіне мағыналас сөз:

А) Кеуіл; Ә) Дөкір; Б) Кесел; В) Нән; Г) Дәу.

2. Ауыспалы мағыналы сөз:

А) Өз үйім – өлең төсегім.

Ә) Аққұба өңі тотыққан.

Б) Өзек жарды тілек

В) Өңімде ме еді, түсімде ме еді,

Көріп ем ғой бір армандай қызды.

Г) Жақсы раймен қарсы алды.

3. Күнілдек сөзінің мағынасы:

А) Құс аты;

Ә) Ыдыс түрі;

Б) Мақтаншақ, бос сөйлеуші;

В) Көнбіс, төзгіш;

Г) Қырсық, кесір.

4. Диалект сөзді тап:

А) Жегжат адам; Ә) Кілт тоқтау; Б) Иығын шоқыту;

В) Ұлыс, нөкер; Г) Сүгірет салу.

5. «Айтарыңды ірікпей айт» ұғымындағы тұрақты сөз тіркесі:

А) Ақ ауыз қылды; Ә) Айызы қану; Б) Азу тісін басты;

В) Айран сұрап келіп, шелегіңді жасырма;

Г) Аузын айға білеу.

Фонетика

1. Бірыңғай бітеу буынды сөздер:

- А) Саралау, санаткер; Ә) Шоқтық, ділгір;
Б) Қисапсыз, қақ-соқ; В) Құсбегі, инабат;
Г) Топшылау, торпақ.

2. Үнді мен қатаң дауыссыздар қатар тұрған сөз:

- А) Көкөніс; Ә) Сөйлем; Б) Жидек;
В) Аңшы; Г) Жеміс.

3. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөз:

- А) Байи; Ә) Байый; Б) Баый; В) Байий; Г) Баы.

4. Кейінді ықпалды тап:

- А) Төртінші; Ә) Ақтөс; Б) Маржангүл;
В) Қаратал; Г) Таңертең.

5. Қазақ тілінде тек жіңішке буынды сөзде ғана

қолданылатын дауыссыз дыбыс:

- А) м, н; Ә) ж, з; Б) д, ж; В) к, г; Г) в, д.

Морфология

1. Септеулі сын есімді көрсет:

- А) Екі-екіден отырыңдар;
Ә) Орындық ретімен қойылды;
Б) Мейірімсіздердің жолын кесу керек;
В) Апасы келді;
Г) Орталыққа барамын.

2. Етістіктің ауыспалы осы шақ түрінде тұрған сөзді

көрсет:

- А) Жазатын; Ә) Жазарсың; Б) Жазбассың;
В) Жазамын; Г) Жазасыз.

3. Демеулік шылаулы тіркесті көрсет:

- А) Ақ көбейді; Ә) Жүйрік-ақ екен;
Б) Ойылға таман жылжу; В) Сең үстінде кету;
Г) Жаңбыр жауды.

4. Етістіктен етістік тудыратын жұрнақты сөзді тап:

- А) Көгер; Ә) Суғар; Б) Отырғыз;
В) Білім; Г) Шылым.

5. Фразеологизмдердің ішіндегі еркін сөз тіркесін тап:

- А) Қоян жүрек; Ә) Жүрегі тас төбесіне шығу;
Б) Жүрегі соғу; В) Жүрек жұтқан; Г) Тас жүрек.

Синтаксис

1. Көмекші есім жеке тұрып мағыналы болған сөз тіркесін тап:

- А) Жанындағылар келді; Ә) Үйдің маңында жиналды;
Б) Ауылдың сырты; В) Сол жақ бетте;
Г) Менің қасыма келді.

2. Қиыса байланысқан тіркес қайсысы?

- А) Алма бағы; Ә) Алманың шырыны;
Б) Алманың тұқымы; В) Алма жеу;
Г) Алма – жеміс.

3. Сөйлем түрін анықта. *Көп тыңда, аз сөйле.*

- А) Құрмалас; Ә) Жақты; Б) Толымсыз;
В) Атаулы; Г) Жалпылама жақты.

**4. «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны,
Адамның баласы – бауырың» (Абай).**

Бұл сөйлемдегі сөздердің бәрі де жалғаулы сөздер екен.

Ал олар қай жалғаулар?

5. Септік жалғауларының бірінде келіп, онымен заттық ұғымда байланысатын сөйлем мүшесі.

IV кезең: «Жорға». «Жедел жауап».

Бұл кезеңде 5-11-сынып «Қазақ тілі» пәні бойынша 10 сұрақ. Жауап нақты, түсінікті әрі жылдам болуы керек. Әр дұрыс жауапқа – 10 ұпай.

1-нұсқа.

1. «Бұл» және «жыл» сөздерінен біріккен үстеу 2. *Жер тоймай, Ел тоймайды.* Сабақтас құрмаластың қай түрі? 3. Әрі есімдік, әрі сан есім болатын сөз. 4. Өнер адамдарының жиі баратын орны әрі болымсыз етістік. 5. *Матаның көзі бар екен, байқа.* Көп мағынаға ие болатын сөз. 6. *Сәбит – жазушы.* Байланысу тәсілін анықта. 7. *Ақылды адам.* Сын есім түрін анықта. 8. Екі буыны да омоним болатын, бітеу

буыннан құралған жай сөйлем түрі. 9. Төл сөздегі «айттым» етістігінің төлеу сөзде өзгеруі қалай болады? 10. «Емін-еркін сөйлесу» етістікті тіркесі қай байланысу түріне тән?

2-нұсқа.

1. Жетіге дейін ғана саналатын сан есімнің мағыналық түрін жасайтын жұрнақтар. 2. *Гүр-гүр. Діріл. Жарқ-жұрқ.* Заттық мағынаға ие болған еліктеу сөз. 3. Өз алдына толық мағынасы жоқ, сөйлемде дербес мүше бола алмайтын етістік. 4. *Шөре-шөре, лағым, Тентек болма, шырағым!* Одағай сөз бар ма? Болса қай түрі? 5. Бағыныңқы, басыңқы сыңары бар, лексикалық, тұлғалық негізі бар сөздер тобы қалай аталады? 6. Қай сан есім жұрнағының орнына дефис қоюға болатынын айт. 7. Жан мұрынының ұшына не себептен келеді? 8. Дауыссыз қ және т дыбыстарының жұп қатары. 9. *Ержан – оқушы.* Байланыс түрін анықта. 10. Тауық түс көре ме екен?



Анаргүл КӨКЕШЕВА,
№2 Бестөбе орта
мектебінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Степногорск қаласы.

«ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕ» — ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫ

Мақсаты: оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту арқылы таным, білім дағдыларын қалыптастыру.

Сабақ барысы:

- Бүгінгі біздің «Әдебиет әлемінде» атты зияткерлік ойын сабағымызға қош келіпсіздер! Сендердің қазақ әдебиетінен қаншалықты білімді екендеріңді осы сабақта көрсетесіңдер.

Сабак сайыс болғандықтан 2 топқа бөлінулерің керек. Сайысты бастамас бұрын қазылар алқасымен таныстырып өтейін...

Сайысымыз 8 кезеңнен тұрады. Әр кезең 1 – 5 ұпай аралығында бағаланады.

(Тапсырмалар слайд арқылы көрсетіледі).

I кезең: Таныстыру. Әр топ өздерін таныстырады.

II кезең: «Ойлан, тап». Әр топқа әдеби шығармадан үзінді беріледі.

Үзінді қай шығармадан, авторы кім екенін көрсету.

“Жасұлан” тобына. *Бір уәзірдің баласы ақымақ екен. «Тәрбиеленсін» деп бір ғалымға беріпті. Ғалым уәзірдің баласын ұзақ оқытыпты. Бір күні әкесіне хабар жіберіп: “Балаң ақылды болатын емес, оның есесіне өзім ақымақ болуға айналдым”, - депті.*

“Топжарған” тобына. *Нар аяғы жерге кіріп кеткендей ырғала ауыр қозғалып бұрылды да, теңселе аяңдап кетсе берді. Төбе құйқаңды шымырлатып боздап барады.*

- Ботасы өлген боз іңген , - деп күбірледі.

III кезең: “Теория әлемінде”. Бұл кезең 2 тапсырмадан тұрады. 1-тапсырма: әдеби терминдерге түсінік беру. 2-тапсырма: Абай өлеңдерін құрылысына қарай талдау.

IV кезең: «Кино әлемі». Бұл кезеңде қазақ киноларынан үзінді көрсетіледі, бұл қай шығармадан және авторы кім екенін көрсету («Менің атым – Қожа», «Көксерек» фильмдерінен үзінді).

V кезең: “Өнерпаз болсаң...”. Әр топтан бір оқушы өз өнерін көрсетеді.

6-кезең. “Сен білесің бе?”. Оқылған өлеңнің тақырыбын, авторын табу (Төлеген Айбергенов. «Ана», Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасынан үзінділер).

VII кезең: “Белгілі тұлғалар”. Белгілі ақын-жазушылардың портреті көрсетіліп, солардың өмірбаянына, шығармашылығына тоқталу.

VIII кезең: «Білімді мыңды жығады». Бұл кезеңде әр топқа 10 сұрақтан беріледі. Әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады.

«Жасұлан» тобына. 1. Әбу Насыр әл Фарабидің өмір сүрген жылдары (870-950ж.) 2. «Құтты білік» шығармасының авторы кім? (Жүсіп Баласағұни) 3. Махмуд Кашғари кім? (Ғұлама ғалым, әдебиет үлгілерін жинаушы). 4. «Жалғыздық», «Мұнар күн», «Қызғыш құс» өлеңдері кімнің шығармасы? (Махамбет) 5. Мына өлең жолдары қай шығармадан алынған:

Тұранның елі, шексіз шөлі қандай? Теңіздей кемері жоқ көлі қандай? (Мағжан Жұмабаев, «Түркістан»). 6. Кезінде шекара асып кетіп, 40 жылдан соң елге заңсыз оралған қарт жайлы шығарма қалай аталады және авторы кім? (Қабдеш Жұмаділов, «Қаздар қайтып барады»). 7. Әбіш Кекілбаев «Сыршыл ақын» деп баға берген ақынды ата. (Қадыр Мырза Әли), 8. «Қараш- қараш оқиғасындағы» басты кейіпкерлер кімдер? (Бақтығұл, Тектіғұл, Қатша, Сәлмен, Жарасбай болыс ...) 9. Қорқыт жайлы не білеміз? (Өміріне тоқталу) 10. «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандарын жазған ақынды ата (Жамбыл).

«Топжарған» тобына. 1. «Хикметтер» еңбегінің авторы кім? (Ахмет Иассауи) 2. Тұңғыш қазақ романын кім жазды, қалай аталады және қашан жазылды? (Міржақып Дулатұлы, «Бақытсыз Жамал», 1910 ж.). 3. Мына өлең жолдары қай шығармадан алынған және авторы кім?: *«Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шықты.»* (Шортанбай Қанайұлы. «Зар заман»). 4. Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты драмасында хат жазған бесеу кім? (Мүсірепов, Ғатауллин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетқалиев) 5. *«- Ей! -Кімсің? Тірісің бе? Аққуды неге атасың, арың бар ма?»*. Бұл қай шығармадан алынған және ол сөзді кім айтты? («Аққулар ұйықтағанда», жылқышы). 6. «XX ғасыр Гомері атанған» ақын кім? (Жамбыл). 7. Тахауи

Ахтановтың «Күй аңызы» шығармасында неше кейіпкер бар, олар кімдер? (Әкесі, қызы Жаңыл, күйші Естемес, Оразымбет). 8. «Қалқаман-Мамыр» поэмасының авторы кім? (Шәкәрім Құдайбердіұлы) 9. «Диуани лұғат ат-түрк» кітабының авторы кім? (Махмұд Қашғари. «Түркі сөздерінің жинағы») 10. «Қыш кітап», «Аз и Я» кітаптарының авторы кім? (Олжас Сүлейменов).



Шамшагүл ҚАЙЫҢБАЕВА,
Қызылорда облысының
Қармақшы ауданының
Әбзәли Егізбаев атындағы
№121 орта мектебінің
мұғалімі.

«ЖЫР – МЕНІҢ ЖАЛҒЫЗ ТАРЛАНЫМ...»

(Ақын Фариза Оңғарсыноваға арналған концерт-конференция, 9-сынып)

«Фариза, Фаризажан, Фариза қыз,
Өмірде ақындардың бәрі – жалғыз.
Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,
Бірімізден-біріміз арылармыз.
Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,
Шаң басқан архивтерден табылармыз».

Мұқағали Мақатаев.

Оқушылардың орындауында (Сөзі – Мұқағали Мақатаев, әні – Әбиірбек Тінәлі) «Фариза, Фаризажан» әні.

I. Кітапханашының кіріспе сөзі. Осы концерт-конференциямызды ақын Фариза Оңғарсынованың шығармашылығына арнап отырмыз.

Фариза Оңғарсынова – күллі қазақ халқының ұлттық

мақтаншы. Ақын 1939 жылы Атырау өңіріндегі Манап
ауылында дүниеге келген.

Ақынның 1967 жылы «Бұлбұл» деген атпен тұңғыш
жыр кітабы жарық көрді. Гурьев пединститутын бітіргесін
мұғалім, кейін журналист ретінде танылған. Алматыға
жетпісінші жылдардың басында келген Фаризаның негізгі
әдеби мектебі, ортасы өз бетімен оқу, іздену, талпыну болды.

1-оқушы: - Ақын Фариза Оңғарсынова шығармашы-
лығынан әр жылдары туған поэтикалық жырларды көреміз.

Бес қаруым бойдағы – батыл жырым,

Батылдықпен аралас жатыр мұңым,

Биліктіге жұғысар ебім де жоқ

Немесе алыс беріс жақындығым, - деген сөздері поэзия-
ның әлеуметтік сипатын аңғартады.

2-оқушы: - *Туған жер, туған ауыл қымбат маған,*

Ешкімге бұл сезімді былғатпағам.

Мен оның өзім ғана сезінетін

Қастерлі қасиетін жырлап бағам.

Ол жерге деген менде сезім бөлек,

(жатпасын келгенімде өзімді елеп!)

Ал оның қасиетін сезу үшін

Тек менің жүрегім мен төзім керек!

«Туған жер» әні (оқушы орындайды).

3-оқушы: - Ақын өлеңдеріндегі лирикалық әйел кейіп-
кер әлеуметтік іске көңілі толады, шаңырағынан опа табады,
сөйтіп бақыт, рахат барлығына иланады.

Туса да қилы-қилы басыма күн,

Осында сан қуанып тасығаным.

Әйтеуір бір рахат күтетіндей

Мен ылғи ошағыма асығамын.

4-оқушы: - Кемел шақта адамның басқан ізге қайта бір
көз тастауы, туған ошаққа оралуы заңдылық сияқты. Сондай
тұста ақын қаламынан «Киіз үй», «Оюлар», «Жаулықтар»,

«Жер ошақ» секілді жүрек тебіренерлік өлеңдер туған.

*Далам – менің қазынам, жыр сандығым,
Жыр нәрімен жер балқып, бусанды құм.
Сортаң жердің тұзы бар тамырында,
Аиқылтымдау сондықтан жусан жырым.*


Бұл жолдарда ағынан жарылып тұрған сезім байқалады.

(Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ ерке – Ақ Жайық» әнін айту).

5-оқушы: - Жеке бастың мұң-шері, оңаша сыры ғана емес, күрескер замандастың, әлеумет қайраткерінің, уақыт ауыртпалығын көтере алатын, өзі іс басында отырған азаматтың ойлары, сезімдері жыр арқауы болған.

II. «Жүрек күнделігі». Екі томдық шығармалар жинағындағы өлеңдерінен үзінді оқу.

III. Қорытынды: кроссворд шешу



1. Қазақтың ақын қызы.
2. Қазақтың бас ақыны.
3. ... қазақ көгіне...
4. Пән атауы.
5. Шығыстың ұлы ақыны.
6. «...Культурасы зор ақын».

(Мұхтар Әуезов).

IV. Кітапханашы кітап көрмесіне шолу жасайды.

V. Қорытынды сөз. Қазақ поэзиясы биік шыңдарға жалғасып келеді. Мұқағалидың, Жүмекеннің, Төлегеннің, Фаризаның, т.б. жүрек сазымен жазылған қазақтың жиырмамыншы ғасырдағы поэзиясы – өлмейтін поэзия.

Көрнекті жазушы Әкім Тарази сөзімен «Ұлы Адам, үлкен адам еш уақытта мен ұлылыққа қызмет етіп жүрмін деп ойламайды. Ол өзімен-өзі алысып әуре. Өзінен-өзі күнде жеңіліп қиналады. Өзінен-өзі күнде жеңіп қуанады. Фариза да сол адамдардың қатарында. Фариза әлі де алыс-алыс замандарда өлмейтін, биік тұғырлы шығармалар жазады» деп қорытындылаймын.

Алуа ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
Құлсары қаласындағы
«№19 жалпы орта білім беретін мектеп
мемлекеттік мекемесінің» мұғалімі.

Атырау облысы,
Жылыой ауданы.

«ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ»

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: ақын өмірі және заманы, ақын жырының көтеріліс шындығымен байланысты өзіндік ерекшеліктерін таныту.

Сабақтың міндеттері: білімділік – өлең тақырыбы мен идеясын, көркемдік ерекшелігін ашу; тәрбиелік – қиындыққа төзе білуге, қайсарлыққа тәрбиелеу, елжандылық сезімдерін қалыптастыру; дамытушылық – өлеңді мәнерлеп оқу, диалогиясын жетілдіру, сөздік қорын байыту, өзіндік таным деңгейін тереңдету, жүйелікке дағдыландыру.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіре баяндау, сатылай кешенді талдау, топтастыру. **Көрнекілігі:** ақын портреті, шығармалары, Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйі жазылған таспа. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, ән-саз.

Сабақтың жүрісі.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Сәйф Сараидың «Түрікше Гүлстан» аудармасындағы түйінді ойлар:

1. Таршылық көрмеген кеңшіліктің парқын білмейді. 2. Түріне қарап тон пішпе. 3. Ұлттық әдет-ғұрыпты қастерлеу.

4. Сәулесі жоқ адамның бәрі соқыр. 5. Қарапайымдылық – өмір мәні. 6. Саналыға бәрі – сабақ. 7. Байлыққа жомарттық жарасар.

III. Жаңа сабақ.

...Жасырмай ойымды айттым талай-талай

Қайтейін кетті бәрі қарайламай.

...Айтарын ашып айтқан абайламай,

Дариға-ай,

Махамбеттер, Абайлар-ай! (*Мұқағали Мақатаев*).

Сабақ жоспары:

1. «Туады ерлер ел үшін». Махамбет өмірі мен шығармашылығы;

2. Асқақ рухты ақын жыры – көтеріліс айнасы;

3. Сатылай кешенді талдау;

4. Топтастыру;

5. Қорытынды.

«Ел қамын жеген ерлердің Сөз білген жанда хақы бар» еркін сөйлеу әдістемесі бойынша оқушылардың ақынға өз шығармашылығын арнауы (шығарма, өлең).

1.

Махамбет

«Өтемістен туған он едік».

Ақын өмірі.

1803 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Нарын құмы, Жасқұс деген жерде өмірге келген. Шыққан тегі Байұлы ішіндегі Беріш руынан. Әкесі Өтеміс Құлманиязұлы ауқатты, беделді би болған. Махамбет Қосуан есімді екінші әйелінен туған. Ол мұсылманша, орысша хат таныған. XIX ғасырдың жартысында отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманұлы бастаған халық көтерілісін ұйымдастырушы.

«Дауылды жылдар жыршысы».

Шығармашылығы.

1. «Домбыра тартсам келер күй».
Арқалы күйші.

2. «Атадан туған аруақты ер».
Өр рухты, жалынды жыршы.

2. Өлеңді мәнерлеп оқу.

3. Сатылай кешенді талдау.

1) Авторы: Махамбет Өтемісұлы, ХІХ ғасыр, көрнекті ақын, әділетсіздік, теңсіздікке қарсы шыққан шаруалар көтерілісінің ұйымдастырушысы.

2) Өлең тақырыбы: Ел қамын жеген ер бейнесі.

3) Жанр түрі: Поэзия (өлең)

4) Идеясы: Көпшілікті күреске шақыру, сарбаздар рухын көтеру.

5) Шумақ саны 1

6) Тармақ саны 19

7) Бунақ саны 2

8) Буын саны 7-9

9) Ұйқас түрі шұбыртпалы ұйқас (а, а, а, а, а)

10) Әдеби теориялық ұғымдар:

Троп.

Теңеу – *терлігі майдай ерімей.*

Эпитет – *қу толағай, ереуіл ат, егеулі найза.*

Фигура.

Аллитерация – *тебінгі терге шірімей,
терлігі майдай ерімей...*

...тебінгі теріс тағынбай,

темір қазық жастанбай

Ассонанс – *ереуіл атқа ер салмай,*

егеулі найза қолға алмай,

еңку-еңку жер шалмай,

Эпифора – *ат үстінде күн көрмей,*

ашаршылық шөл көрмей.

11) Түсіндірмелі сөздік: *ереуіл ат* – ұзақ жортуылға шыдамды, берік, мықты ат; *тебінгі* – ат пен үзеңгі аралығына байланатын киізден, былғарыдан жасалған жабынды; *терлік* – қозы, лақ терісінен иленіп аттың арқасына жабылатын, ат тері сіңетін жабдық; *малта* – құрттың езіліп кішірейген түрі; *найза* – қару түрі.

12) Тәрбиелік мәні: қиындыққа төзе білуге, елін, жерін

қорғауға, Отанын сүйе білуге тәрбиелейді.

4. Топтастыру.

5. Қорытындылау.

Ақынға арналған оқушы шығармашылығы.

IV. Үйге тапсырма. «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін жаттау. «Туады ерлер ел үшін» (эссе). «Шығармашылық ізденіс» (ақын туралы ақпарат құралдарынан тың деректер жинау).

V. Бағалау.



Рауан ӘСЕМОВА,

Астана қаласындағы

№15 мектеп-лицейдің мұғалімі.

САРАПТАМАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫ

(Қазақ әдебиеті, 10-сынып)

(Бастапқы бөлігі өткен санда)

Әдеби маңызы

Махамбет есімі – өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің рәмізі. Махамбет өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті: әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ, оның өзге тілге оңай аударылмайтыны да сондықтан. *(Зейнолла Қабдолов. Қазақ әдебиеті*

(XIX ғасыр). Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныпқа арналған оқулық, 9-бет).

Махамбет – азаттықты көксеген күрескер, қол бастаған батыр, құдіретті ақын, дәулескер күйші. Мұның бәрі рас. Алайда дәл осылай жіліктеп, біртұтас құбылысты бөлшектеп танимыз десек, онда Махамбет бойындағы қасиеттері осынау қасиеттердің сыр-себебі, мән-мағынасы толық ашылмас еді. Махамбет әлемін оның жеке басына таңырқау арқылы тану, жеке басын марапаттау арқылы түсіну мүмкін емес. Керек десеңіз, Махамбет болмысын танып түсіну үшін тек қана өзі өмір сүрген заман мен қоғамды саралаумен шектелуге де болмайды. Өйткені ол – **тұтас бір дәуір толғағы дүниеге әкелген ұлы тұлға** («Дәуір толғағының тұлғасы», *Ақселеу Сейдімбек, филология ғылымдарының докторы*).

Махамбет халық көңілінің тұнығындағы ең асылын – еркіндікті, теңдікті, жақсы тұрмысты аңсаған арманын, ата жауына деген қаны қатқан өші мен кегін, азаматтың антқа берік адалдығы мен арыстандай ерлігін көкке көтере мадақтады. Ақынның қызыл оттай қызулы, қылыштай өткір, селдей серпінді сөздері қараңғыда алдан жарық күнді қармаған қалың қазақтың ақ жүрегіне толқу салды, ер көңіліне жел берді. **Махамбет жырларын оқыған адам тез тұтанып, терең тебіреніп, Исатай сарбаздарының сапында айқасқа кіргендей, жеңіс қуанышын, жеңіліс күйігін бірге кешкендей сезінеді.** Ақынның құдіретті сөзінің күні бүгінге дейін сыры кеткен жоқ, сыны түскен жоқ... («Дауылпаз ақын», *Берқайыр Аманшин, жазушы*).

Махамбет жырларының құдіреттілігі – арман-аңсарының заманалық кесектігінде. Махамбет халық басындағы бақ пен сордың жалқылық мысалына жұбанбайды, заман дүмпүі тудырған ірі ағымдардың ақ-

қарасын саралап толғанады. Бұл ретте оның санасы сергек, танымы терең, мақсаты айқын. **Ұлттың азаттығы мен халықтың әлеуметтік теңдігін Махамбеттен терең жырлаған**, Махамбеттей жеткізе жырлаған ақын қазақ топырағында некен-саяқ. Дәстүрлі талғамымызда хас өнердің бойына сұлулық пен шындық тең бітіп, қоржынын аудармауы керек. Махамбетте мұның екеуі де кәміл. Ол сонысымен көшпелілер мәдениетінің аса тегеурінді соңғы тұяғы ретінде мойын бұрғызады. Махамбет өзінің рухы асқақ жырларын жыршылығы тасып шығармаған. Оның бойындағы буырқанған аста-төк өнер күрес жолындағы ең оңтайлы қаруы болған. («Дәуір толғағының тұлғасы», *Ақселеу Сейдімбек, филология ғылымдарының докторы*).

Сараптамалық жұмыстардың III бөлімі – **Түйіндеу**.

Түйіндеу

Қорытындылау
Тұжырымдау
Үндестік

Ұжымдық жұмыс.

Тапсырма. Оқушылар Махамбет Өтемісұлы өмір сүрген кезең, Исатай бастаған шаруалар көтерілісі мен оған ақынның қатысы, шығармаларындағы тәуелсіздік пен еркіндік тақырыбы туралы айтылған пікірлер, деректер мен дәйектерді топтастырып саралаудың нәтижесінде ой қорытындылайды, тұжырым жасайды, солар арқылы әдебиет пен тарихтың өзара үндестігі жайлы түйін түйеді.

«Исатай», «Махамбет» топтары бірлесе жүргізген сараптама жұмысының нәтижесінде төмендегідей қорытынды кесте жасалды.

Түйіндеу

Қорытындылау.

Ақын болу бар, ал оның үстіне батыр болу ше? Және де ақын – ақын, батыр – батыр қалпында бөлек-бөлек тұрып қалмай, ақындық пен батырлық бір тұлғаның табиғатында ару әйелдің қос бұрымындай өріліп, баяғы бабалар дәуірінен бермен қарай тек қана азаттық аңсаған асыл ерлердің азап пен қорлыққа қарсы ашулы дойырына айналса ... - о, бұл – енді әр ғасырда бір кездесетін аса сирек құбылыс. Осыдан келіп өмірдің өнерге яки өнердің өмірге айналуы секілді ғажайып «жұмбақ» үдеріс туады да, оны туғызған уақыт пен кеңістікке амалсыз жүгінеміз. Махамбет өмір сүрген уақыт пен өнерін өрбіткен кеңістік туралы ойласақ, біздің жадымызда патшалы Ресейдің тепкісінде дөңбекшіген басыбайлы отары – ұлан-ғайыр Ұлы даламыз, сол даланың бір шалғайындағы Бөкей ордасы, Орданы билеген қазақтың соңғы ханы – Жәңгір оралады.

Бұл – Махамбеттің тағдырын тануға керек тарихи дерек. («Ерлік пен елдіктің өшпес рухы», *Зейнолла Қабдолов, академик*).

Тұжырымдау

Махамбет көтерілісші елдің ақыны болды. Ол ақсүйек феодалдарға қарсы күрескен қазақ еңбекшілерінің арманын, ойын, мұңын жырлады. Оның үгіттік лирикасына тақырып болған да – осы халықтық мәселелер. Оның үгіттік күшінің де қандай дәрежеде екенін айқындайтын ерекшелік те ақынның өлеңдеріндегі жұртшылық тілегімен қабысып жатқан идеясымен қабысуында. Жауынгер батыр тек қана қылыш, найзамен ғана жауға шапқан жоқ, ол өзінің жалынды өлеңдерімен де дұшпанын найзалай түйреп, езілуші халықтың ой-сезімін оятты. Бұл жолда оның өлеңдері таптырмас күшті құралдың бірі болды. Өзі, үгітшілік өлеңдері үгіт рөлін атқарды. Бірақ Махамбет

өлеңдері жай ғана үгіт емес, ойға, сана-сезімге эстетикалық азық боларлық дәрежеге көтерілді.

Махамбет халық көңілінің тұнығындағы ең асылын — еркіндікті, теңдікті, жақсы тұрмысты аңсаған арманын, ата жауына деген қаны қатқан өші мен кегін, азаматтың антқа берік адалдығы мен арыстандай ерлігін көкке көтере мадақтады. Ақынның қызыл оттай қызулы, қылыштай өткір, селдей серпінді сөздері қараңғыда алдан жарық күнді қармаған қалың қазақтың ақ жүрегіне толқу салды, ер көңіліне жел берді. («Махамбеттің жыр-жебесі», *Иманғали Тасмағамбетов, қозғам қайраткері*).

Үндестік

...мазмұны мен пішіні бір ғана уақытта – Жәңгір хан тұсында, бір ғана кеңістікте – Бөкей ордасында, бір ғана тақырыпта – Исатай бастаған қан майданда, бір ғана идеяда – Қазақ халықының азаттығы мен бостандығы жолында туған, қалыптасқан, дамыған Махамбет шығармашылығы тұтастай алғанда автордың «сегіз қырлы, бір сырлы» автопортретін жасап, мұның өзі тек біздің ғана ұлттық менталитетімізге тән ерлік пен елдіктің өшпес рухына айналып отыр. («Ерлік пен елдіктің өшпес рухы», *Зейнолла Қабдолов, академик*).

Жауынгер жырау Махамбет сахара бардтарының ең соңғы тұяғы еді. Ол қанды шайқас, тынымсыз күрес үстінде өткен өмірімен көне жыраулар жүрген жолды қайталады, ал оның өр рухты асау жырлары әлденеше ғасырлық тарихы бар жауынгерлік поэзиясының ең соңғы аккорды болды. (*Мұхтар Мағауин, «Ғасырлар пернесі»*).
Әдеби зерттеулер. А., «Жазушы», 1991, 245-бет).

АБАЙ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(II-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы алған білімдерін тексере отырып, оқушылардың танымын кеңейту, сөздік қорын молайту; **дамытушылығы** – Абайды жан-жақты тереңірек оқып, білімін толықтыруға, ізденушілікке, зерттеушілікке ықпал бағыт беру; **тәрбиелігі** – Абай шығармашылығын оқи отырып халықтық педагогика үлгісінде тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Абай портреті, электрондық оқулық, өлеңдер жинағы, «Аңыз адам» журналы, баспасөз материалдары, «Абай жолы» романы, слайдтар, фотосуреттер, «Абай елі» энциклопедиясы, интерактивтік тақта. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, ән-күй, тарих.

Түрі: қайталау сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойды топтастыру, іздендіру, зерттеу. **Типі:** алған білімдерін қайталау, толықтыру, жинақтау.

Сабақ барысы.

- Біз өткен сабақтарымызда қазақтың ұлы ақыны Абай өмірі мен шығармашылық жолын оқуды бастағанбыз. Үйге осы тақырыпқа байланысты қосымша әдебиеттерден өз бетінше ізденіп, дайындалып келу тапсырылған болатын.

Ал бүгінгі қайталау сабағымызда ақынның өсіп өнген ортасы, бай мұрасы, дүниеге көзқарасы, ой-пікірлері, тағылымын жан-жақты талдаймыз. Алған білімдерің мен берілген тапсырма бойынша дайындықтарыңды, ойларыңды, пікірлеріңді жинақтап бағалаймын.

Абай Құнанбайұлының өмір тарихының тізбесін
тақтада көрсетілген хронологиялық тәртіп бойынша
ауызша толтырамыз.

/Хронологиялық кестенің жауабын интерактивті тақтада
ашып кетемін, оқушылар әзірлеп келген жауаптарын ауызша
айтады, қажет болса толықтырамын/.

1845 ж. 10 тамызда Семей облысындағы Шыңғыс
тауының баурайында дүниеге келген. Анасы Ұлжан мен кіші
шешесі Айғыздың арасында «Телғара» атанып өсті.

1855-1857 ж. ауыл молдасынан сауат ашты. 9 жасында
«Кім екен деп келіп ем түйе қуған» деген ең алғашқы мысқыл
өлеңін шығарды.

1857-1859 ж. Семей қаласында Ахмет Риза медресесінде
білім алды. Үш ай «Приходская школа» атты орыс мектебінде
қосымша оқиды. Араб, парсы, түркі тілдеріндегі шығыс
ақындарының кітаптарын оқыды.

1870 ж. Семей кітапханасында Лев Толстойдың кіта-бын
сұрап тұрғанда Е.П.Михаэлиспен танысты.

1876-1878 ж. Абай Қоңыр-Көкше еліне үш жыл болыс
болды. Абай үш сайлауда інісі Ысқақты, екі сайлау
Оспанды, бір сайлау Шәкәрімді болыстыққа сайлады. 28
жастағы Абайдың үстінен күндес топтар жоғарыға өтірік
арыз-шағымдар жазды.

1876 ж. Үзікбай Бөрібаевтың жалған арызымен Абайдың
үстінен Семейдің ұлықтары тергеу ісін қозғайды.

1877-1878 ж. Абай 12 іспен тергеліп, Семейде 3-4
ай жатады. 1884ж. Абайды ақтап 700 кісі куәлік беріп,
«қылмыстық ісі» жабылды.

1880 ж. Михаэлис арқылы Н.И.Долгополов,
С.С.Гросс, П.Д.Лобанский, Н.Коншин секілді орыстың
демократтарымен танысты.

1889 ж. 25-ке жуық өлең шығарды. Осы жылы Абайдың
«Күлембайға», «Жаз» деген өлеңдері Омбыдағы «Дала

у алаяты» газетінде Көкбайдың атымен жарияланды.

1890-1898 ж. қара сөздерін жазды.

1891 ж. інісі Оспан қайтыс болған соң мұнды өлеңдер жаза бастады.

1895 ж. баласы Әбдірахман 27 жасында қайтыс болады.

1898 ж. өзінің бала кезгі досының ұйымдастыруымен түрлі ру басылары Абайды сабайды. 241 сомның дүниесін тонайды. Кейін осындай озбыр әділетсіз жасалған әрекеттері үшін ояздың өзі Абайдан кешірім сұрауға көшеді.

1899 ж. Абайдың өлеңдері көбейеді.

1903 ж. кейін мүлдем жазылмай қалады.

1904 ж. 14 мамырда Мағауия қайтыс болады. Осы жылы 23 маусымда Мағауия өлімінің қайғысын көтере алмай 40-күні өзі де 59 жасында қайтыс болды. Абайдың сүйегі Жидебайға жерленді. 40 күннен соң 3 тамызда ұлы – Ақылбай да дүние салды.

Слайдтар /Абайдың ататегіне талдау/.

Слайд: Топтастыру. Абайды кім деп танымыз? /Ақын, сазгер, аудармашы, ғалым, дана, философ/.

Слайд: Абай өлеңдеріндегі тәрбиелік арналар.

Абайдың қандай лирикалары бар?

/Саяси-элеуметтік, табиғат, философиялық, көңіл-күй/.

Сазгерлігін дәлелдеу үшін әндерін кімдер орындап бере алады?

(«Желсіз түнде жарық ай» әнін екі оқушы орындады).

Абайдың неше қара сөзі бар?

1, 15, 22, 25 қара сөздерінде не жөнінде айтылады?

Нешінші қара сөздерінде тәрбие туралы жазылған?

Абайдың қандай еңбектері аталмай қалды?

/Дастандары: «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі»/

Слайд. Абай туралы ой-пікірлер.

Абай туралы / ұнтаспа тыңдау/.

Абайдың бүгінгі ұрпақтары /суреттер/.

«АТА ҮМІТІ» ШЫҒАРМАСЫ: «АТА МЕН НЕМЕРЕ»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) Дулат Исабековтың өміріне қысқаша шолу, «Ата үміті» шығармасын талдау, кейіпкерлеріне мінездеме беру; 2) адамгершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке, үлкенді сыйлай білуге, құрмет көрсете білуге тәрбиелеу; 3) сауаттылығын, ой-өрісін дамыту.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау, топтастыру. **Көрнекілігі:** жазушы портреті, кеспе қағаз, слайд.

Сабақтың барысы.

Сыныпты үш топқа бөлу: «Дарындылар», «Алғырлар», «Тапқырлар».

Топтардың ұпайлары жетондармен бағаланады. Сабағымыз бірнеше бөлімдерден тұрады.

I бөлім «Зерделі сұрақ, дәлелді жауап» деп аталады.

Үй тапсырмасы бойынша сұрақтарға жауап беріп өз білімдерімізді дәлелдейміз. Ол үшін әр топтың топ басшылары екі кеспе қағаздан келіп алып, белгіленген нөмір бойынша сұрақтарға жауап береді.

№1. Жазушы Дулат Исабеков қай жылы қай жерде дүниеге келді? №2. Үзінді кімдер туралы, оқиға неден басталады? №3. Бейтаныс адамды Тоқсанбай қарттың неліктен суқаны сүймеді? №4. Омаш қандай оғаш өктемдік мінез көрсетті?

№5. Омаш өз дегеніне Тоқсанбай қартты қалай көндіріп, кіріптар етті? №6. Қауқарсыз шалдың алпамсадай Омаштан артықшылығы неде?

Оқушылардың жауабын бағалау.

Сабағымыздың екінші бөлімі «**Мағынаны таны**» деп аталады. Мына сөздердің мағынасын ашып, түсіндіріп бер.

I. Дермене. II. Шайла. III. Қада.

Оқушылардың жауабын бағалау.


Сабағымыздың келесі бөлімі «**Ой жинақта**» деп аталады.

I топ: бейтаныс адамның алғаш жүздесу сәтіндегі портретін табу.

II топ: Ассоциация құру.



III топ: Ассоциация құру.



Оқушылардың жауабын бағалау.

Енді келесі бөлім «**Ойтолғаныс**» деп аталады. Үйге берілген «Менің атам» тақырыбындағы ойтолғауды оқу.

Оқушылардың жауабын бағалау.

- Оқушылар, аталардың, әжелердің бәрі де немерелерін өте жақсы көреді. Олар сіздерге әрқашан дұрыс жол таңдауға үйретіп отырады. «Қарты бар үй – қазынасы бар үй», біз ата-

әжелерімізден көп нәрсені үйренеміз.

Келесі бөлім: «Мәтінмен жұмыс». Шығармадан шылауларды табу, қандай шылау екенін ажырату.

Біздің бүгінгі сабақта жұмыстанған шығармамыз «Ата үміті» деп аталады. Тоқсанбай ата немересі Ергешбайдың болашағы үшін еңбек етіп, немересін ел қатарлы азамат етіп өсіруді ойлады. Біз де немересі атасының үмітін ақтайды деген үлкен сенімдеміз.

Бәріміздің де аталарымыз бар. Біз де сол аталарымыздың үмітін қалай ақтаймыз? «Атаға хат» жазып өз ойымызды жеткізіп берсек деймін.

Келесі бөлім «**Атаға хат**» деп аталады.

Ұнайларын есептеп оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: «Адамгершілік – асыл қасиет» тақырыбында шығарма.



Әсем ҚҰЛЫБЕКОВА,
Қожаберген жырау атындағы
№6 орта мектептің
мұғалімі.
Петропавл қаласы.

ТІЛ ҰСТARTУ (ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ. «БАБА ТІЛІ»)

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: «Баба тілі» дастанынан алған білімдерін жинақтайды, бекітеді, баба тілі және қазақ тілінің байланысы жайлы оқушы толғанып өз сезімімен ұштастырады.

Міндеттері: оқушыларға қазақ тілінің өз алдына жеке тіл ретінде қалыптасу тарихының даму кезеңдері жайлы шағын деректерді негізге ала отырып, жырау дастанындағы ана тілінің ел тарихы мен адам өміріндегі мәні, маңызы туралы ой, түйінді пікірлермен жұмыс істеуіне жағдай жасау, дастанның мазмұнын, жыраудың айтпақ ойын ашу; өзіндік пікірін еркін жеткізуге ықпал ету, ұжымдық шығармашылыққа, іздемпаздыққа баулу, сөйлеу мәдениеттерін арттыру; тапсырма, мысалдарға арқау болып отырған қазақ тілінің қадірі мен қасиетін танып, құрмет сезімін ояту, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Түрі: білімдерін жинақтау. **Әдіс-тәсілі:** сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, кубизм, проблемалық сұрақ қою.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, кубик, тапсырмалар, Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жырлар жинағы, «Ақсақ құлан» аңызы, Қазақстанның картасы, ватман, маркерлер.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.

Сабақтың барысы.

Қызығушылықты ояту.

1-слайд. «Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді әрі ата-баба алдындағы ұлы парызымыз». *Нұрсұлтан Назарбаев.*

2-слайд. Дүниенің есігін ашып жарық дүниеге енген соң аялы алақан, ананың сүтімен бойға даритын ана тілі жайлы тебіренбеген адам кемде-кем болар. Әр ұлттың тілі — оның елдік тарихының айнасы. Қазақ халқының тілі де сан ғасырлар тарихын бастан кешірді. XVII ғасырда өмір сүрген жерлесіміз, жырау-ақын Қожаберген Толыбайұлы қазақ тілінің басынан кешкен соқпақтарын толғамды ойымен «Баба тілі» дастанында айтқан екен.

Қалай ойлайсындар, баба тілі қазір көкейкесті ме?

(Оқушылар өз ойларын айтады).

- Үйге сендерге дастан оқуға берілді.

Ендеше, бүгінгі сабағымыздың мақсаты «Баба тілі» дастанынан алған білімдерінді жинақтап, кубик арқылы әр қырынан талдап көрейік.

Мағынаны ажырату кезеңі. Сыныптағы оқушылар: 6 топ. Кубиктің де 6 жағы бар. Оның қай жағы түссе, сол жағының сұрағына жауап береді. Тапсырмаларын сол жерде алады.

(7-10 минут уақыт беріледі).

Суреттеңіз. Дастанда ежелгі Тұранның сол кездегі жағдайы туралы айтылған. Картадан Тұран ойпатын көрсетіңіз. Онда Қазақ, Ұзақ, Созақ үшеуі бабамыздан бата алғаны туралы сөз етіледі. Осы жолдарды тауып, тарихи жағдайды суреттеңіз. (Топқа Қазақстанның картасы беріледі)

Салыстырыңыз. Қожаберген өзінің туындысында Шыңғыс хан туралы сөз етеді.

Алашаның даңқына

Шыңғыс та тең келмеген.

Алаша ханның қорымына

Жошыны Шыңғыс жерлеген.

«Ақсақ құлан, Жошы хан» аңыз әңгімесінде басты кейіпкерлер – Кет-Бұға мен Шыңғыс хан. Екі туындыны Венн диаграммасы арқылы салыстырыңыз. Дастан мен аңыздың қандай айырмашылықтары бар? (Топқа маркерлер мен ватман беріледі).

Зерттеңіз. Өлеңді құрылысына қарай талда. Қандай ұйқас түріне жатады? Қандай көркемдегіш тәсілдері бар? Өлеңнің дастан екенін дәлелдендер.

Байланыстырыңыз. Дастанда көтерілген мәселелерді Қожаберген жырау осыдан үш ғасыр бұрын айтса да әлі де шешуін таппай келеді.

Айналайын боздақтар,

Аралас тілге үңілме!

Баба тілін қадірле,

Болашақтан түңілме.

Өлең жолдарын бүгінгі күнмен байланыстырыңыз.

Саралаңыз. Дастаннан ұнаған жерін оқып бер. Иллюстрация жаса. Несімен ұнады, өз ойыңды дәлелде. (Топқа маркерлер мен ватман беріледі).

Келісіңіз немесе қарсы шығыңыз. Жыраудың ойымен келісе аласыз ба, қарсы шығасыз ба? Әрбіреуіне нақты өлең жолдарымен дәлел айтыңыз.

(7-10 минуттан кейін әр топ жұмыстарын қорғайды).

3-слайд. Ойтолғаныс. Әр топ мына сөз тіркестерімен өлең шығарады: *бабам мұра еткен, ана тілім, Қожаберген жырлаған, жүрегім соғады, арым, қасіретім, мақтан етемін.*

Топ іс-әрекетін бағалау парағы

Оқушы аты	Үнемі белсенді	Жұмысқа құнды үлес қосты	Қосымша ақпарат қосты	Қателіктерді түзеді

4-слайд. Үйге тапсырма: «Менің қазақ тілім» (ойтолғау жазып келу).

Қорытынды. Қожаберген Толыбайұлы сол кездің өзінде тіл мәселесіне көп көңіл бөлген. Ұлы бабамыздың көтерген тіл мәселесін түсініп, көкірегімізге мықтап түйіп жүрсек, біздің рухани өсуімізде ықпалы таптырмас байлық болады.

«БАҚЫТТЫ СӘТ» ОЙЫНЫ

(5-сынып)

Мақсаты: білімділік – оқушылардың фонетика саласы бойынша алған теориялық білімдерін практика жүзінде қолдана білуге үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларды өзара сыйластыққа, саналылыққа, жауапкершілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** – өз білімін жинақтай білуі, жауапкершілікті сезінуін, оқушылардың ойын, тілін дамыту.

Түрі: дәстүрлі емес (ойын сабағы). **Типі:** білімді, іскерлік дағдыны қалыптастыру. **Әдіс-тәсіл:** кешенді талдау, сұрақ-жауап. **Пайдаланылатын педагогикалық технология:** компьютерлік оқыту технологиясы, топтық жұмыс, тест әдісі, жеке оқушымен жұмыс. **Құрал-жабдық, көрнекілік:** компьютер, интерактивті тақта, сызба-қағаздар. **Пәнаралық байланыс:** математика. **Пайдаланылған әдебиет:** 1) оқулық; 2) М.Маденова. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»; 3) «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдары.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру. Сынып оқушылары 2 топқа бөлініп отырады.

- Балалар, біз бүгінгі сабағымызда әр баланың білім, білік дағдыларын тануға тырысамыз. Сендердің әрқайсың өмірге келгендерің үшін бақыттысыңдар! Ал сол өмірде әр баланың жұлдызы жарқырап, бақытты сәттерінің көп болуына ұстаздарың тілектес екенін естен шығармаңдар.

Сабақ әрі қарай «Бақытты сәт» ойынының ережесі бойынша жүреді.

I гейм

«Бой сергіту». Топтарға 10 сұрақтан беріледі. Топтың бір өкілі жауап береді, ал бәсекелес топ жауаптың дұрыстығын қадағалап отырады. Сұрақтарға ең көп жауап берген топ ұтады.

«А» тобына сұрақтар:

1. Фонетика дегеніміз не? 2. Дауысты дыбыстар туралы не білесің? 3. Тіл дыбыстарын жасайтын сөйлеу мүшелерін ата. 4. Орфография дегеніміз не? 5. Үндестік заңы нешеге бөлінеді? 6. Сөз құрамында дыбыс көп бола ма, буын көп бола ма? 7. Қазақ тілінде буынның неше түрі бар? 8. Әріп деген не? 9. Екпін дегеніміз не? Оның түрлерін ата. 10. Үш әріппен жазылып, төрт дыбыспен айтылатын «мүсіркеу» сөзінің синонимі.

«Ә» тобына сұрақтар:

1. Дауыссыз дыбыстар туралы не білесің? 2. Тіл дыбыстары не үшін керек? 3. Үндестік заңы дегеніміз не? 4. Әліпби сөзі қай тілден алынған? 5. Орфоэпия дегеніміз не? 6. Буын жасайтын қандай дыбыс? 7. Қазақ халқы қай жылы орыс әліпбиіне көшті? 8. Тасымал дегеніміз не? 9. Екі әріппен жазылып, үш дыбыспен айтылатын аңның аты. 10. Дыбыс үндестігі дегеніміз не?

II гейм

1. «Қапшықтан шыққан басқатырғылар». Топ мүшелері қапшықтан шыққан сұрақтарға жауап береді.

«Мен қандай буынмын?»

Бірінші сөзге соңы, екінші сөзге бастапқы буынды тауып жаз.

м	а				ж	ы	ң
---	---	--	--	--	---	---	---

қ	а	л
---	---	---

Ж	Ы	Л			Л	Ы	Ш
---	---	---	--	--	---	---	---

Қ	Ы
---	---

Х	а	Н			Н	а
---	---	---	--	--	---	---

Ш	а
---	---

қ	а	с				м	а	н
---	---	---	--	--	--	---	---	---

қ	ы	р
---	---	---

к	ө			л	і	м
---	---	--	--	---	---	---

ж	е
---	---

м	а				з	а
---	---	--	--	--	---	---

м	ы	р
---	---	---

2. Ребус шешу.

Суреттер интерактивті тақтадан көрінеді. «Фонетика».

«Бақытты сәт» шарын алған оқушыға сыйлық беріледі.

III гейм

«**Жұмбақтас**». Тақтамен және дәптермен жұмыс.

«Алғырлар» тобына тапсырма:

1) «Жеңісті» сөзіне фонетикалық сатылай кешенді талдау.

2) «Күндер» сөзіне математикалық тәсілмен сипаттама

беру.


«Зеректер» тобына тапсырма:

1) «Бақытты» сөзіне фонетикалық сатылай кешенді талдау.

2) «Сәттер» сөзіне математикалық тәсілмен сипаттама

беру.

«**Сандар сыры**». Оқушылар берілген сандардың сырын фонетикаға қатысты етіп шешеді.



IV гейм. «Сен – маған, мен – саған». Топтар бір-біріне екі-екі сұрақтан қояды (Үй тапсырмасы).

V гейм. «Көсемдікке ұмтылу». Оқушыларға тақырып таңдау ұсынылады. Олар таңдаған тақырыптары бойынша топ мүшелерімен кеңесе отырып, шешендікпен жауап береді.

1-тақырып: «Бақытты балалық шақ».

2-тақырып: «Біз – бейбіт елдің ұланымыз».

Қорытынды. Топ басшылары бағалау парағы бойынша өз тобындағы оқушыларды бағалайды. Жеңімпаз топ анықталады. Ең көп ұпай жинаған топ жеңімпаз атанады.



Райхан ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ,
Өскемен қаласындағы
«Дарынды балаларға арналған
облыстық мамандандырылған
мектеп-лицей-интернатының»
мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы.

ЕСІМДІКТЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** - оқушылардың есімдік бойынша алған білім дағдыларын деңгейлік тапсырмалар арқылы тексеру; **дамытушылық** - ауызша, жазбаша сөйлеу

дағдыларын, ойлау, өздігінен жұмыс әрекеттерін, шығармашылық белсенділіктерін дамыту арқылы жан-жақты тұлға қалыптастыру; **тәрбиелік** - басқаның жауабын тыңдай білуге, бірін-бірі бағалауға, өз ойын еркін жеткізе білуге ықпал жасай отырып, талдауға арналған мысалдар арқылы тіл мен әдебиетке деген қызығушылығын тудыру, адамгершілік, елжандылық, ойлылық қасиеттерін үлгі ету.

Өту түрі: «Брейн-ринг» топтық ойыны /1 нұсқа/. **Өту әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, модульдік оқыту, шығармашылық іздену, топтастыру, талдау, ойтолғау. **Сабақтың жабдығы:** интерактивті тақта, жаймалар, жетондар, фишкалар, түрлі түсті кәртішкелер, нөмірлер, бағалау парақтары. **Пәнаралық байланыс:** Әдебиет, тарих, ағылшын және орыс тілдері.

Сабақтың кезеңдері	Сабақтың өту барысы	Әдіс-тәсілдер
Ұйымдас-тыру кезеңі.	Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа дайындықтарын тексеріп, сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру (1-слайд). Сынып оқушыларын 3 топқа бөлу, топ жүргізушісін тағайындау.	
Үй тапсыр-масын тексеру.	<p>А) Ой қозғау. /2-слайд/ <u>Мен</u> – қазақ, қазақпын деп мақтанамын, Ұранға «Алаш» деген атты аламын. Сүйгенім – қазақ өмірі, <u>өзім</u> – қазақ, <u>Мен неге</u> қазақтықтан сақтанамын?</p> <p>Сұрақтар: 1. Бұл кімнің өлеңі? 2. Осы өлең жолдарында есімдік бар ма? 3. Есімдік дегеніміз не? 4. Не себепті есімдікті орынбасар сөз табы деп атауға болады? 5. Есімдіктің қандай мағыналық түрлері бар? 6. Жіктеу есімдігі дегеніміз не? 7. Сілтеу есімдіктеріне қандай сөздер жатады? 8. Өздік есімдігі қалай тәуелденеді? 9. Жалпылау есімдігі қандай мағынаны білдіреді? 10. Болымсыздық есімдіктерін атаңыз. 11. Белгісіздік есімдігі дегеніміз не?</p> <p>Ә) «Есімдік және әдебиет» тақырыбы бойынша ақын-жазушылар шығармаларынан үзінділер келтіріп кітапша жасау, есімдіктерді белгілеу. /М/ы: «Есімдік және Мағжан», «Есімдік Мұқағали өлеңдерінде, т.б.»/</p>	<p>Сұрақ-жауап.</p> <p>Іздену жұмысы.</p>

Ә/ Мен Отанымды қастерлеймін.

Б/ Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны.

№3. Дұрыс септелген есімдікті табыңыз.

А/ менге; Ә/ сеннің; Б/ маған.

№4. Қай сөйлемде жіктеу есімдігі бар?

А/ Біз, жастар, тағдырымыздың сенімен байланысты екенін білеміз, туған жер!

Ә/ Отан үшін отқа түс, күймейсің.

Б/ Ынтымақты ел – сарқылмас көл.

№1. Есімдіктерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз:

Ештеңе сұрау

Мен болымсыздық

Анау жіктеу

Қашан? Сілтеу

№2. Өлең жолдарындағы есімдіктерді табыңыз.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес, Ойында оты барлар асылық демес. Тебем деп тірі болсам надандықты Серт етіп өз-өзіме еткем егес.

№3. а/ Есімдік зат есім, сан есім, сын есімнің орнына жұмсала ма? /жоқ немесе иә деп жауап береді/. **б/** Есімдіктер мағынасына қарай 5-ке бөліне ме?

№4. Есімдіктерге сөйлемдегі мағынасына қарай жалғау жалғаңыз. Біз... лицейдің балалары шетінен өнерлі. Олар... барлығы беске оқуға тырысады.

Көк кәртішке сұрақтары /3-5 минут уақыт беріледі/

«МЫҚТЫ БОЛСАҢ, ТАУЫП КӨР»

№1. Жұмбақты шеш, есімдікті табыңыз:

Ана ауылдың бурасы, Мына ауылдың бурасы, Желкілдейді шудасы. /Түтін, сілтеу есімдігі/

№2. Берілген есімдіктерді қатыстырып сөйлем құраңыз. Мен, менің, маған, мені.

№3. Мендегі және сендегі н-ды ң-ға, олдағы д-ды н-ға ауыстырса, мен қалай боламын, сен қалай боласың, ол қалай болады? Олар қай сөз табына ауысады? /Мендегі, сендегі, ондағы/

№4. Еш, әр, кей сөздері қай кезде бірге, ал қай кезде бөлек жазылатынын мысал келтіре отырып дәлелденіз.

Іздену

№1. Үзінді кімнің шығармасынан? Есімдікті мағынасына, құрамына қарай талдаңыз.

Тауды көрсең күн көзімен таласқан,
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан,
Менің байтақ Республика таулары,
Менің көгім – мөлдіреген сол аспан.
/Сырбай Мәуленов, «Менің Республикам»/

№2. Берілген жаңылтпаштағы есімдіктерді тауып, қай сөз табының орнына жұмсалып

Талдау

	<p>тұрғанын анықтаңыз. Жаңылмай жылдам айтып көріңіз. <u>Ол</u> алқапты <u>олар</u> орар, <u>Бұл</u> алқапты <u>бұлар</u> орар. Олар ормаса, Омар орар.</p> <p>№3. Есімдіктерді мағыналарына қарай топ-топқа ажыратып бөліп жазыңыз. Ешкім, бәрі, қайда, барша, қашан, біздер, ешбір, неше, ештеңе, бүкіл, өздері, сол, олар.</p> <p>№4. Есімдік сөзден басталатын қандай өлеңдерді білесіз? Олар есімдіктің қай түрі?</p>	
	<p>№1. Өздік және белгісіздік есімдігін пайдалана отырып, екі сөйлем құрап жазыңыз.</p> <p>№2. Тұлғалық жағынан біріккен сөздер болып келетін есімдіктер қайсы?</p> <p>№3. Көп нүктенің орнына қай есімдік лайықты? 1) ... елің – алтын бесік. 2) ... өлсең де, жолдастарыңды жауға берме. 3) ... айлакер, ... ку, Жүрген жері айқай да шу.</p> <p>№4. Мен, менің, маған, мені деген сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыз.</p>	Тіл дамыту.
	<p>Қызыл кәртішке сұрақтары /7-10 минут уақыт беріледі/ «ОЙЛЫ БОЛСАҢ, ОЗЫП КӨР»</p> <p>№1. Есімдіктерді қатыстырып «Білім» немесе «Лицей» туралы мәтін құраңыз. №2. Есімдіктерді қатыстыра отырып «Ана тілі» туралы ой толғаңыз. №3. Есімдікке модель-сызба құрастырыңыз. №4. Есімдіктерді қатыстырып «Менің анам» тақырыбына мәтін құраңыз.</p>	Шығармашылық.
	<p>№1. Есімдіктерді қатыстырып «Тәуелсіздікке - 20 жыл» тақырыбына шағын ойтолғау жазыңыз. №2. Есімдіктер орыс, ағылшын тілдерінде. №3. «Менің сүйікті ұстазым» тақырыбында ойтолғау. №4. «Менің сүйікті ақыным» деген тақырыпта ой толғаңыз.</p>	Ойтолғау.
	<p>№1. «Менің Қазақстаным» деген тақырыпта ой толғаңыз. №2. «Мен достықты қалай түсінемін?» деген тақырыпта ой толғаңыз. №3. «Туған жер» тақырыбына ойтолғау. №4. «Менің отбасым» тақырыбында шағын мәтін құраңыз.</p>	Модель-сызба, іздену.
Қорытындылау.	<p>«Мен қазақпын» дейтін патриот оқушы қандай болуы керек? /Есімдіктерді пайдалана отырып, жауап беріп көрелік.../</p> <p>Мысалы: <u>Өз</u> ұлтын сүйетін азамат болу керек. Егеменді елдің ертеңі – <u>біздер</u>. <u>Қайда</u> жүрсек те туған тілді ұмытпау. <u>Осы</u> сабақта белсенділік көрсету.</p>	
Үйге тапсырма.	«Есімдіктер патшалығы» тақырыбына ертегі құрастыру.	Шығармашылық деңгей.
Бағалау.	<p>1. Жүргізушілер бағалайды.</p> <p>2. Мұғалім бағалайды.</p>	

Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 16.10.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4150.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №10, 2012 ж., 144 бет, Алматы.